Выходы карбонизатов и удельные поверхности РШ- $\text{FeCl}_3\text{-ZnCl}_2$ при различных температурах карбонизации до и после обработки воды показали, что выход по массе неактивированного образца РШ- $\text{FeCl}_3\text{-ZnCl}_2$ с ростом температуры постепенно уменьшается до 28 масс % ($T=800^\circ \text{C}$), что непосредственно объясняется потерями воды и некоторой органической части РШ, выход нерастворимой в воде его части изменяется незначительно – в диапазоне 22-35 масс %, и при температуре карбонизации 800°C образец становится практически нерастворимым в воде. Удельная поверхность карбонизованного продукта начинает расти при температурах нагрева выше 500°C и достигает величины $900 \text{ м}^2/\text{г}$ при 800°C . Максимальная величина удельной поверхности обработанного водой и активированного газообразным азотом наблюдается уже при нагревании образца до 400°C и составляет $850 \text{ м}^2/\text{г}$.

Полученные данные показывают, что при карбонизации 400°C , в присутствии импрегнантов катализаторов в водной среде происходит химическая адсорбция молекул водорода и хлора, выделяющегося по следующей реакции:

заданными свойствами – повышенной гидрофобностью, олеофильностью, магнитными свойствами сорбентов, что имеет немаловажный фактор при сборе нефтей.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кулиев Т.Ф. Способы очистки грунта от нефтепродуктов на объектах железнодорожного транспорта. Иркутск: Изд-во ИрГУПС, 2003. 195 с.
2. Ануфриева Н.М., Нестерова М.П. Исследование пенополиуретана как средства удаления нефти с поверхности водоемов. Водные ресурсы. 1976. № 4. С. 149-154.

ОЦЕНКА УСТОЙЧИВОСТИ КОМПЛЕКСНЫХ СОЕДИНЕНИЙ СОЛЕЙ МЕТАЛЛОВ Cd (II), Hg (II), In (III), Tl (III), Sn (II) И Pb (II) С УНИТИОЛОМ

Иващенко Е.Н.¹, Омарова Р.А.², Оспанов Х.К.³.

¹ Восточно-Казахстанский государственный технический университет им. Д.

Серикбаева, Усть-Каменогорск, Казахстан

² Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан

³ Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

В химии координационных соединений в качестве лигандов используются тиолы (меркаптаны). 2,3 – димеркаптопропансульфокислота (2,3 - ДМПК), натриевая соль, которая известна под названием унитиол (Un), представляет собой трёхосновную кислоту, способную к образованию различных координационных соединений со многими металлами (1, с. 17). Актуальность исследований взаимодействия унитиола (Un) с солями металлов обусловлена, в первую очередь, уникальностью органического лиганда. Известно, что унитиол ($\text{CH}_2\text{S} - \text{CHS} - \text{CH}_2\text{SO}_3\text{Na}$) является бидентатным лигандом и образует прочные комплексные соединения со многими металлами, благодаря комплексообразующей способности двух его сульфгидрильных групп и атомов кислорода сульфогруппы.

В настоящее время накоплен значительный экспериментальный материал, посвященный исследованию комплексов серосодержащих лигандов с переходными и непереходными металлами. Различными физико-химическими методами получены достаточно корректные сведения об их составе, устойчивости, термодинамических и ряде физических свойств таких комплексов. Однако для многих из этих соединений до сих пор отсутствуют надежные сведения об их строении и структуре, что связано с тем, что они представляют собой аморфные вещества и тем самым не могут быть повергнуты рентгеноструктурным исследованиям.

В связи с этим актуальным является

проведение квантово – химических расчетов комплексных соединений переходных металлов с серосодержащим лигандом, которые позволили бы прояснить уникальные физико-химические и биологически активные свойства таких соединений.

Значительный интерес представляет установление стабильности донорно-акцепторной связи в комплексах, поэтому на основании результатов квантово-химических исследований в настоящей работе были рассчитаны энергии стабилизации модельных комплексных частиц, образованных солями металлов Cd (II), Hg (II), Sn (II), Pb(II), In (III), Tl (III) с унитиолом.

Исходя из этого, нами, по аналогии с авторами (2, с.114), были рассчитаны на основании результатов квантово химических исследований энергии стабилизации модельных комплексных частиц, образованных солями металлов Cd (II), Hg (II), Sn (II), Pb (II), In (III), Tl (III) с Un, который является наиболее предпочтительным лигандом для практического использования.

Энергия стабилизации E_{stab} вычислялась как разность рассчитанных полных энергий комплексных частиц и всех лигандов, входящих в его состав в стехиометрическом соотношении, с учетом зарядов комплексных частиц. По физическому смыслу энергия стабилизации является энергетической характеристикой донорно-акцепторной связи, образующейся в процессе комплексообразования.

Значения энергии стабилизации для комплексов Un приведены в таблице 1.

Таблица 1 – Энергии стабилизации комплексных соединений металлов Cd (II), Hg (II), Sn (II), Pb (II), In (III), Tl (III) с одним лигандом Un

M	Cd	Hg	Sn	Pb	In	Tl
E_{stab} , кДж/моль	4189	5936	3288	3782	11946	12313

Из таблицы видно, что все унитиолатные комплексы эквимолекулярного состава характеризуются достаточно высокой стабильностью. Сравнение значений энергии стабилизации унитиолатных комплексов металлов свидетельствуют о том, что их устойчивость изменяется в ряду $\text{Sn} < \text{Pb} < \text{Cd} < \text{Hg} < \text{In} < \text{Tl}$, который полностью согласуется с рядами, составленными на основании имеющихся экспериментальных данных (3, с. 114).

Как известно, устойчивость комплексных соединений в значительной степени зависит от свойств иона – комплексообразователя (заряд, ионный радиус, элек-

троотрицательность) (4, с. 230)

В настоящей работе были исследованы зависимости теоретически рассчитанной энергии стабилизации от логарифма β , а также потенциала ионизации металла-комплексообразователя.

На рисунке 1 представлена зависимость энергии стабилизации комплексных соединений металлов Cd (II), Hg (II), Sn (II), Pb (II), In (III), Tl (III) с одним лигандом Un от экспериментально определённых логарифмов констант устойчивости (5, с. 1301; 6, с. 1294).




Рисунок 1 - Зависимость энергии стабилизации унитиолатных комплексов М (II), (III) от экспериментально определённых логарифмов констант устойчивости.

Полученная зависимость имеет прямолинейный характер, коэффициент аппроксимации которой $R_2 = 0,99$. Это свиде-

тельствует о функциональной взаимосвязи между рассматриваемыми параметрами (7, с. 115).




Рисунок 2 - Зависимость энергии стабилизации унитиолатных комплексных соединений металлов М (II), (III) от потенциалов ионизации металлов.

Зависимость между рассчитанной энергией стабилизации и потенциалом ионизации металла носит также прямолинейный характер (рисунок 2). Об этом свидетельствует высокое значение коэффициента аппроксимации полученной зависимости ($R_2 = 0,99$).

Уравнения, описывающие представленные на рисунках 1 и 2 прямолинейные зависимости, могут быть использованы для прогноза аналогичных характеристик для серий еще неизученных комплексных соединений.

Таким образом, сопоставительный анализ рассчитанных на основании результатов квантовохимического исследования значений энергий стабилизации позволяет получить следующий ряд изменения устойчивости унитиолатных комплексов металлов $\text{Sn} < \text{Pb} < \text{Cd} < \text{Hg} < \text{In} < \text{Tl}$, который полностью согласуется с имеющимися экспериментальными данными.

ЛИТЕРАТУРА

1. Оспанов Х.К., Тогандыков Т.Ж., Абланова Е.Х., Полатбекова Г.П., Бакенов Ж.Б. Биологическая активность комплексных соединений унитиола и перспектива создания на их основе лекарственных средств. – Алматы, 1998.
2. Копбаева М.П. Особенности строения некоторых дитиолов и закономерности процессов их комплексообразования с ионами металлов Zn (II), Cd (II), Mn (II), Fe(II), Co (II), Ni(II): Дис. ...канд. хим. наук. – Алматы, 2002.
3. Бакенов Ж.Б. Термодинамические характеристики унитиолатных комплексов ртути (II), таллия (III) и свинца (II): Дис. ...канд. хим. наук. – Алматы, 1994.
4. Кумок В.Н. Закономерности в устойчивости координационных соединений в растворах. – Томск, 1977.
5. Рябушко О.П. Константы нестойкости комплексов кадмия с некоторыми димеркаптоалкансульфо-кислотами // Укр. хим. ж. – Т.34, №12, 1968.
6. Рябушко О.П., Пилипенко А.Т., Кривожикина Л.А. Константы нестойкости комплексов ртути (II) с унитиолом и его аналогами // Укр. хим. ж. – Т.39, №12, 1973.
7. Иващенко Е.Н. Квантовохимические и термодинамические закономерности процессов комплексообразования элементов в рядах $\text{Cd} - \text{In} - \text{Sn}$ и $\text{Hg} - \text{Tl} - \text{Pb}$ с серосодержащими соединениями: Дис. ...канд. хим. наук. – Алматы, 2006.

ВОЗМОЖНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НЕФТЯНОГО ШЛАМА ПРИ ПРОИЗВОДСТВЕ КЕРАМЗИТА

Якупова Д.Б., Мендалиева Д.К., Кунашева З.Х.

Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова, Уральск, Казахстан

Добыча и переработка нефти по современным технологиям сопровождается образованием отходов – шламов, представляющих собой достаточно стабильную суспензию высокодисперсных минеральных частиц, органических соединений и воды.

Высокая кинетическая устойчивость, а также непостоянство состава шламов не позволяет перерабатывать их традиционными способами. Вследствие этого в местах добычи и переработки нефти возникают шламонакопители, которые являются источником повышенной экологической

опасности.

Одной из приоритетных задач современного строительного производства является преимущественное развитие производства материалов, обеспечивающих снижение металло- и энергоёмкости, стоимости и трудоёмкости строительства, повышение их теплозащиты и других показателей качества, используя при этом различные отходы промышленных производств и улучшая общую экологическую обстановку. Перспективным направлением при производстве керамзитобетонных изделий представляется разработка технологии ке-

рамзита из глинистого сырья с добавлением переработанных нефтешламовых отходов. Предварительно обезвреженный буровой шлам может использоваться в производстве строительных материалов - кирпича, керамзита, мелкогабаритных строительных изделий и т.п.

Внедрение мероприятий по переработке отходов нефтедобычи, несомненно, в первую очередь направлено на снижение негативного воздействия на окружающую среду. Однако, немаловажен и социально-экономический эффект для предприятия: уменьшение платы за размещение отходов; получение прибыли от реализации продуктов утилизации; расширение инфраструктуры рабочих профессий предприятия; создание дополнительных рабочих мест [1].

Крупнотоннажный характер производства керамзита позволяет утилизировать весьма значительные объемы гальвано- и нефтешламов;

- производство керамзита, в отличие от производства стекол, пигментов, глазурей и т.п., не требовательно к катионовому составу гальваношламов, что позволяет утилизировать шламы разнообразных составов от различных производств;

- большой объем производства керамзита позволяет добавлять в шихту малые дозы шламов, что приводит к незначительному увеличению содержания тяжелых металлов в шихте (и в конечном продукте) по сравнению с фоновым содержанием тяжелых металлов в глине;

- продукт утилизации - керамзитовые гранулы - используется в строительстве таким образом, что изолируется от окружающей среды одним или несколькими слоями бетона, битума, кирпича, материалами стеновых покрытий и т.д., поэтому непосредственный контакт керамзита с окружающей средой исключен, и выделение соединений тяжелых металлов в виде пыли или паров было бы невозможно даже в случае миграции тяжелых металлов вследствие недостаточной фиксации [2].

Создание пористой структуры керамзита достигается вспучиванием размягченного при термической обработке глинистого сырья газами (CO , CO_2 , H_2O , SO_2 , H_2O_2 , N_2), выделяющимися в процессе нагревания.

Вспучивание глин при быстром обжиге в определенных условиях является их важнейшим физико-химическим свойством. В результате вспучивания получается легкий материал с ячеистой структурой, обладающей малой плотностью при значительной прочности и высокими теплозащитными свойствами.

Вспучивание при обжиге глинистых пород масса ячеистого строения называют керамзитом [3].

Достаточно большая органическая часть свидетельствует о том, что этот шлам можно использовать взамен дизельного топлива. Что касается неорганической части, то она не ухудшает качества шлама как добавки в производстве керамзита.

В данной работе представлены результаты по использованию нефтяных и буровых шламов для получения керамзита. В технологии по пластичному способу, которая предусматривает введение в глинистое сырье добавок, содержащих органические компоненты.

В лабораторных условиях были созданы композиционные составы, содержащие в своем составе парафины, нафтенy, асфальтены, смолы, ароматические углеводороды. В целях определения возможности использования нефте- и бурошлама в качестве керамзита были определены их физико-химические показатели, содержание радионуклидов. Установлено, что они не представляют экологической опасности на окружающую среду.

Были использованы смеси, состоящие из следующих материалов: вода, глинистый материал, нефтешлам и бурошлам Западно-Казахстанской области.

Очень большое значение при получении керамзита имеет оптимальное количество воды в глинистом замесе. Избыток влаги в сырьевых гранулах снижает эффект поризации, приводит к появлению трещин на поверхности, ухудшает структуру керамзита, повышает насыпную плотность.

Недостаток влаги в сырце приводит к растрескиванию гранул в процессе обжига, преждевременному выгоранию органических веществ, в результате чего имеет место высокий выход мелких, плохо вспученных фракций керамзита. Наиболее опти-

мальной влажностью является содержание воды в глинистом замесе 16-20 мас. %.

Нефтешлам использовался в качестве вспучивающего агента. При нагревании нефтешлам сильно пенится, что увеличивает его поверхность и позволяет тонкой пленкой распределяться по поверхности глина и проникать в ее поры.

При обжиге гранул вспучивание глины происходит как за счет выгорания органической части нефтешлама, так и за счет паров воды, которые являются как порообразователем, так и катализатором происходящих при вспучивании сырьевых гранул процессов.

При быстром обжиге полное выгорание углерода с выделением газообразных продуктов окисления в виде оксида или диоксида углерода (порообразователи) может наступить лишь после завершения процесса обезвоживания и возможности свободного доступа кислорода к частицам материала.

Для обеспечения благоприятной восстановительной атмосферы внутри зерен материала кривая обжига должна устанавливаться таким образом, чтобы окончательное окисление (выгорание) коксового остатка органических веществ передвигалось в область температуры начала вспучивания, что удастся достичь за счет поступления сырьевых гранул в печь обжига с вполне определенной влажностью [4].

Величина компонентов, вводимого в

сырьевые шихты составила: нефтешлама - 20%, бурового шлама 50-70%, глинистого материала - 16-25%, воды - 10-25%. Обжиг гранул производился в муфельной печи при температуре 500⁰ С. Остывшие гранулы были помещены в эксикатор. Определен оптимальный состав композиционного материала для получения керамзита.

Показано, что физико-механические характеристики полученного материала отвечают требованиям, предъявляемые к керамзиту.

Полученный материал может применяться в качестве заполнителя или утеплителя для конструкций на основе бетона различных марок или в качестве теплоизоляционного материала с широким спектром использования.

ЛИТЕРАТУРА

1. Танатаров М.А. и др. Опыт утилизации нефтешламов ЛПДС "Черкаск" // Промышленные и бытовые отходы. Проблемы и решения: Мат. конф. Ч. 1. Уфа, 1996.
2. <http://www.nefteshlamy.ru/stat.php?id=50>
3. Промышленность строительных материалов: Серия 4: Корректирующие добавки в технологии производства керамзитового гравия/ВНИИЭСМ.
4. Филиппова О.П., Макаров А.С. Сырьевая смесь для производства легкого заполнителя. - Ярославль: ЯГТУ, 2005.

ӨНДІРІСТІК АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ БС-ПАҚ НЕГІЗІНДЕГІ КОМПОЗИЦИЯМЕН СОРБЦИЯЛАУ

Алтынова Н.Т., Қайралапова Г.Ж., Бейсебеков М.Қ., Жұмағалиева Ш.Н.,
Әбілов Ж.Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Бүгінгі күнде сулардың әртүрлі ауыр металдардың әсерінен ластануы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Көп жағдайда, өндірістік орындардағы ағынды сулар ластанған судың қайнар көзі болып табылады.

Өнеркәсіптің ағынды суларының құрамындағы ауыр металдар көбіне улы ион түрінде кездеседі. Үлкен экологиялық қау-

іптілікті көп мөлшердегі қалдық тудырады, себебі оларда қысқа мерзімде ауыр металдар концентрациясы 10-нан 100 есеге дейін көтеріледі [1]. Өкінішке орай, еліміздегі қазіргі заманғы сапа бақылау жүйесі ағынды сулардағы ауыр металдар мөлшерін анықтаудың тиімді әдістері болса да, осындай қалдықтарды бақылай алмайды [2].

Міне, осы себептерге байланысты бентонит сазы мен полиакрил қышқылы негізінде жасалған композициялық материалдардың өндірістік орындардан алынған ағынды судың құрамындағы ауыр металл иондарын сорбциялау қабілеттілігін зерттеп отырмыз. Синтетикалық және табиғи полимерлердің әрқайсысын жеке қарастырғанда өздеріне тән артықшылықтары мен кемшіліктерін байқадық [3]. Осыған орай, жеке компоненттердің оң қасиеттерін бойына жинайтын жаңа композициялық сорбент алуды мақсатқа қойдық.

Жұмыста Шығыс Қазақстан облысындағы Маңырақ кен орынынан алынған бентонит сазы (БС) полиакрил қышқылы (ПАК) негізінде тігілген композициялық сорбентті алу және композициялық гелдердің металл иондарын сорбция – десорбциялану қабілеттілігі зерттеледі. Зерттеуге Жезқазған «Мыс зауыты» (ЖМЗ), Ақтау «Химия-гидрометаллургиялық» (АХМЗ), Павлодар «Металлургиялық зауыты» (ПМЗ) ағынды сулары алынды.

Маңырақ жерінен алынған қызғылт түсті бентонит сазы Д.П. Сало әдісімен дистилденген суда көп қайтара шаймалау арқылы тазаланды. Бентонит сазының суспензиясына акрил қышқылын (10%), инициатор азо-бис-изомай қышқылының динитрилі (ДАҚ, 0,5%) және тігуші агент метилен-бис-акриламид (МБАА 0,5%) қосып, әртүрлі қатынастағы композициялық гелдер алынды. Алынған гелдердің құрамы атомдық-күштік микроскопия, оптикалық микроскопия (DM 6000M), сканерлеуші электрондық микроскопия (JEOL JSM-6380A EDS – детекторімен) әдістерімен зерттелді. Композициялық материалдарға металл иондарының сорбциялану мөлшері AAS Shimadzu 6200 атомдық-абсорбциялық спектрометрі көмегімен анықталды.

1, 2 - кестелерде өнеркәсіптегі ағынды судың құрамындағы металл иондарының ШРК мен осы зауыттардағы иондардың концентрациясы салыстырмалы түрде берілді.

1-кесте. Өнеркәсіптегі ағынды су құрамындағы ауыр металл иондарының шекті рұқсат етілген концентрациялары.

Ауыр металл иондары	Pb ²⁺	Ni ²⁺	Mn ²⁺	Fe ²⁺	Cd ²⁺	Zn ²⁺	Cu ²⁺
Шекті рұқсат етілген конц. (ШРК), мг/л	0,03	0,01	0,1	0,1	0,005	0,01	0,001

2-кесте. Өндірістік ағынды су құрамындағы ауыр металл иондарының концентрациялары, мг/л;

Өндіріс орны	Pb ²⁺	Cu ²⁺	Ni ²⁺	Fe ²⁺	Zn ²⁺	Mn ²⁺	Cd ²⁺
«ЖМЗ»	1,89	1,69	1,12	2,12	2,47	3,15	1,02
«АХГЗ»	1,35	0,98	1,26	1,05	1,13	7,08	1,38
«ПМЗ»	0,86	1,22	0,5	0,68	2,21	1,41	2,36

1, 2 - кестеглерге қарап, біздің зерттеуге алған ағынды сулардың құрамындағы ауыр металдардың концентрациясы асып кеткенін көре аламыз.

Полимер-сазды композициялық материалдардың ауыр металл иондарын сорб-

циялау қабілетін бағалау үшін жоғарыда аталған зауыттардың ағынды сулары алынып, зерттеулер жүргізілді. Композициялық материалдарға металл иондарының сорбциялану мәндері 3 - кестеде көрсетілген.

3-кесте. БС-ПАК (5:10) композициялық гелінің ауыр металл иондарын сорбциялану мәндері, %


Өндіріс орны	Pb ²⁺	Cu ²⁺	Ni ²⁺	Fe ²⁺	Zn ²⁺	Mn ²⁺	Cd ²⁺
«ЖМЗ»	65	54	46	44	38	37	35
«АХГЗ»	53	47	43	38	36	25	20
«ПМЗ»	53	48	43	40	38	28	20

[МБАА]=0,5%, [ДАҚ]=0,5%, t=25°C, τ= 24 сағ

БС-ПАҚ (5:10) композициялық гелінің өндірістегі ағынды су құрамындағы ауыр металл иондарын сорбциялау тепе-теңдігі шамамен 1 тәулікте орнайды. 3-кестеде келтірілген зерттеу нәтижелері бойынша БС-ПАҚ (5:10) негізіндегі композициялық гелдердің сорбциялау қабілетінің жоғары екенін көруге болады. Гельдің әр өндірістің ағынды суындағы ауыр металдарды әртүрлі пайыздық мөлшер аралығында сорбциялау себебі: ағынды су құрамындағы металл иондарының концентрацияларына, координациялық сандарына және атом радиустарына байланысты [4]. Металлдардың координациялық сандарымына қатарда орналасады: $Pb^{2+} > Zn^{2+} > Ni^{2+} > Cu^{2+} > Fe^{2+} > Mn^{2+} > Cd^{2+}$, яғни координациялық сан артқан сайын сорбциялық қабілет нашарлайды. Сорбциялық зерттеулер бойынша 3 өндіріс орнының ағынды суларының орташа сорбциялану мөлшері 60% болды.


Композициялық гелдердің сорбент ретінде пайдаланылуының экономикалық тиімділігін қарастыру барысында олардың металл иондарын десорбциялану қабілеті жоғары екендігі анықталды. Осыған дейін зерттелген жұмыстарда композициялық гелдерден металл иондарының десорбциялану қабілеттілігі 4-12% құраған

[5]. Демек, шығу кинетикасы төмен пайыздық мөлшер көрсетті. Соған байланысты, композициялық гелдерден металл иондарының десорбциялануына әртүрлі сыртқы факторлардың әсерін өзгерте отырып қарастырдық. Алынған композициялық сорбенттер үшін $pH=8$ және $60^{\circ}C$ жағдайы десорбциялану қабілетіне оңтайлы екендігі анықталды. 1,2 – суреттерден көріп отырғанымыздай десорбциялану қабілеттілігі pH немесе температура артқан сайын өседі. Бұл жерде ЖМЗ ағынды суынан Mn^{2+} ионының десорбциялану тәуелділіктері көрсетілген. Яғни, ортаның қышқылдығы гелдің сыйымдылығын арттырады және металл иондарын байланыстыратын активті орталықтардың артуына алып келеді, осының нәтижесінде металл иондарының десорбциялану мәні артады [6]. Ал, температураның артуына байланысты композициялық гелде қарсы иондардың диффузиялық қозғалысының жылдамдауы есебінен металл иондарының композит қабаттарының араларына енуі жақсарады. Нәтижесінде металл иондары мен гел араларындағы электростатикалық және координациялық күштер күшейіп, композиция – металл комплексінің десорбциялық дәрежесінің артуы жүреді.




$[МБАА]=0,5\%$, $[ДАҚ]=0,5\%$, $t=25^{\circ}C$, $\tau=6$ сағ

1-сурет. БС-ПАҚ (5:10) композицияларынан Mn^{2+} ионының десорбциялануының pH -тан тәуелділігі



[МБАА]=0,5%, [ДАК]=0,5%, t=60°C, τ=6 сағ

2-сурет. БС-ПАК (5:10) композицияларынан Mn^{2+} ионының десорбциялануының температурадан тәуелділігі



[МБАА]=0,5%, [ДАК]=0,5%, t=60°C, τ= 6 сағ

3-сурет. БС-ПАК (5:10) композициялық гелінен өндірістегі ағынды су құрамындағы ауыр металл иондарының десорбциялану диаграммасы

3-суретте БС-ПАК (5:10) композициялық гелінен Жезқазған, Ақтау, Павлодар қаласының зауыттарының ағынды су құрамындағы ауыр металл иондарының десорбциялануы t=6 сағат, T=60 °C, pH=8 жағдайында жақсы көрсеткіштерге ие болғанын көре аламыз.

Сонымен, өндірістік ағынды суларды ауыр металл иондарынан тазалауда БС-ПАК (5: 10) негізіндегі композициялық сорбентімен сорбциялау жақсы нәтижелер көрсетіп, сорбциялық қабілетінің жоғары екендігі анықталды. Сорбциялау нәтижелері бойынша «ЖМЗ» ағынды суының 1 тәуліктегі орташа сорбциялану дәрежесі 49%, ПМЗ 55%, ал АХГЗ 62% көрсетті.

Сыртқы орта әсерінен композициялық гелдердің десорбциялану қабілетін реттеу және оларды сорбент ретінде бірнеше қайтара қолданысқа енгізу мүмкіндігі бар екені анықталды. Сонымен, жүргізілген зерттеулер алынған композициялық гелдердің өндірістік кәсіпорындардың ағынды суларын ауыр металл иондарынан тазартуда сорбент ретінде қолдануға болатынын көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гусейнова Г.Д. Использование природных сорбентов для очистки сточных вод металлургического производства. Экологическое образование в Казах-

- стане. - М., 2010.
2. Климов Е.С., Бузаева М.В. Природные сорбенты и комплексоны в очистке сточных вод. - Ульяновск: УлГТУ, 2011. – 201 с.
 3. Қайралапова Г.Ж., Жұмағалиева Ш.Н., Бейсебеков М.Қ., Әбілов Ж.Ә., Сарпешева А.М. Поликарбон қышқылдары мен бентонит сазы негізіндегі композицияларының металл тұздары ерітіндісіндегі ісінгіштігі. - Алматы, 2012. №1 (65) – 375 с.
 4. Дербишер Е.В. Технология очистки ливневых сточных вод с урбанизированных территорий с применением модифицированных полимерных сорбентов / Е.В. Дербишер, Е.В. Овдиенко, В. Е. Дербишер // Вода: химия и экология. - 2011. - № 2.- С. 48-53.
 5. Бейсебеков М.Қ. Дәрілік және биологиялық заттардың полимерлік туындылары. док. дис. хим. наук. - Алматы, 2004. – 224 с.
 6. Алексеев Л.С. Контроль качества воды. - М., 2008. – 54 с.

ЭТИЛАКРИЛАТ НЕГІЗІНДЕГІ ПОЛИМЕРЛІ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Рахметуллаева Р.К.¹, Үркімбаева П.И.¹, Елигбаева Г.Ж.², Зиямет Э.Е.¹,
Әбугәліп М.¹, Ажкеева А.Н.², Едгеева А.¹

¹ *Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан*

² *Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті, Алматы, Қазақстан*

Адам терісі күрделі құрылысты болып келеді. Ол 3 негізі қабаттардан тұрады. Сыртқы қабат (эпидермис), терінің өзі (дерма) және теріасты май ұлпаларының қабаттарынан тұрады. Теріде қан мен лимфа тамырлары өтеді. Олар арқылы нәрлендіру мен басқа да метаболизм процестері жүзеге асады.

Тері жабынының бұзылуы (жарақаттану, күйе, язваға ұшырауы және т.б.) тамыр мембраналарының өткізгіштігіне және зақымданған ұлпаның ісінуіне әкеліп соқтырады және де ол зат алмасу процесіне кері әсер туғызып, эскудатта улы өнімдер жиналуына да септігін тигізеді. Эскудат дегеніміз ол – тамырлардың бұзылуынан биологиялық сұйықтық, ақуыз, ыдырайтын өнімдер, әртүрлі микроорганизмдер, бактериялы эндоксиндер және т.б. заттардың жараны толтырып тұратын сұйық орта.

Тері жамылғысының бұзылуы – аса ауыртатын әсермен қоса адамды инфекцияға қарсы дәрменсіз болуына әкеледі және ылғалдың шектен булануына негіз болады. Ал егер де тері жабынының үлкен ауданы зақымданатын болса, адам өміріне сөзсіз қауіп төнеді. Қазіргі кезде тері жабынының бұзылуын емдеудің тиімді

жолы – зақымданған аумақты қорғайтын және емдеуді жеңілдететін объекттер мен материалдарды қолдану.

Қазіргі таңдағы таңғыш құралдардың ішінде негізгі тобын емдік таңғыштар құрайды, әдетте оларды жараның үстіне жазылуын тездету үшін жабады. Бұл үшін қазіргі таңда үлдірлер (соның ішінде үлдір түзгіш композициялар да бар), губкалар, гидрогельдер, гидроколлоидтар, мата мен мата емес текстильді жапқыштар, ұнтақтар, жақпа майлар, пасталар, эмульсиялар және де әртүрлі материалдардың комбинациялары қолданылады [1, с. 5-28; 2, с. 1].

Медицинаның ең өзекті мәселелерінің бірі жаралар мен күйіктерді емдеуге арналған жаңа дәрілік заттарды түзу болып келе жатыр. Жара мен күйіктерді жоғары эффективтілікпен емдеу күйікке қарсы комбинирленген шараларды қолдану, олар микробтық, ауруға қарсы әсері бар, жараның экссудатын сіңіретін жағдайларында жоғары нәтижелілікпен жүзеге асады. Осылай, авторлармен [3, с. 102-105], өзінде бір уақытта экссудатты эффекті сорбциялайтын және хлоргексидин бактерицидінің және жергілікті ауыртпайтын лидокаиннің пролонгирленген шығуын жи-

нақтайтын, акрил қышқылының со-полимерлері негізіндегі көп функционалды күйікке қарсы беттік жапқышты түзу шарттары қарастырылған. Сополимерде акрил қышқылының үлесінің 30 мас.% дейін жоғарылату, дәрілік препараттың сорбциясының шамасы көбейетіні және ДЗ біртіндеп шығуына жетеді.

Осы мақсатта жұмыста алғаш рет сополимер – поливинил спирті (ПВС) негізіндегі полимерлі үлдірлер алынды және ол ПВС-тың сулы ерітіндісіне 2-гидроксизтилакрилат (ГЭА) мен этилакрилат (ЭА) мономерлерін қосып, радикалды полимерлеу арқылы түзілді. Полимерленуді 60 °С-де, 3 сағат шамасында жүргізіп,

дайын болған композитті полимерлі бетке құю арқылы алынды. Үлдірлер ауада және вакуумды шкафта бірнеше тәулік бойында кептірілді. Үлдірлердің термоөңделуі «ШС 80-01 СПУ» термостатында жүргізілді.

Бастапқыда термоөңдеусіз алынған үлдірлердің әр түрлі еріткіштердегі ерігіштігі зерттеліп (1-кесте). зерттеу барысында орта сулы болған жағдайда алынған үлдірлердің толық еріп кететіні, ал диметилформамидте ісінетіні, қалған еріткіштерде ерімейтіні анықталды. Бұл алынған үлдірлерді таңғыш материал ретінде медицинада қолдануда оңтайлы екендігін көрсетеді.

1-кесте. Полимер үлдірлерінің еріткіштердегі ерігіштігі

Еріткіштер	Бастапқы мономерлік қоспа құрамы, ГЭА-ЭА моль. %		
	80-20	50-50	20-80
Су	+	+	+
ацетон	-	-	-
бутанол	-	-	-
этилацетат	-	-	-
диметилформамид	Ісінді	ісінді	ісінді
этанол	-	-	-
п-гексан	-	-	-


(-) – ерімейді; (+) – ериді.

Алынған үлдірлердің механикалық қасиеттерін жақсарту мақсатында термоөңделулер жүргізілді және ол уақыты мен температурасы кең аймақта ауыстырылып отырылды. Жұмыс барысында температурасы 90-150 °С, ал термоөңделу сағаты 1-15 аралығында үлдірлер алынып, олардың әр түрлі еріткіштердегі ісіну дәрежесі гравиметриялық әдіспен зерттелді.


Жұмыста бастапқы мономерлік қоспада ГЭА буыны 20% болған жағдайда алынған үлдірлердің суда және спиртте тепе-теңдік ісіну кинетикасы термоігілудің температурасы 1, 5, 10 және 15 сағаттарда 90°C (1-сурет) зерттелді. Зерттеулер нәтижесінде көрсетілгендей 1 сағаттық термоөңдеуден өткен үлдір бас-

тапқы 15 минут аралығында ісініп, сосын кейінгі 10 минут ішінде кішкене салмағын жоғалтқаны анықталды. Бұл алынған үлдіріміздің аз шамада тігілгенін, яғни тігілу дәрежесінің аздығын түсіндіреді. Үлдірлердің термоөңдеу уақытын жоғарлатқан сайын, олардың судағы ісіну дәрежесінің азаятыны анықталды және ол алынған үлгінің уақыт өткен сайын қосымша тігілуімен түсіндіріледі. Сонымен қатар үлдірлердің спиртте ісіну кинетикасы біршама өзгеше екені анықталды, яғни 1 сағаттық термоөңдеуден өткен үлдірдің ісіну дәрежесі 0,04 болса, қалған термоөңдеу уақыты жоғары үлдірлердің уақытқа тәуелсіз ісіну дәрежесі 0,02 тең екені дәлелденді.

а



ә




Бастапқы мономерлік құрам [ГЭА-ЭА] = 20-80 мол. %

$T_{\text{өнд.}} = 90^{\circ}\text{C}$; $t_{\text{өнд.}} = 1$ (а); 15 (ә) сағ.; суда (1); спирте (2)

Сурет 1. Сополимер (ГЭА-ЭА)/ПВС композитінің негізіндегі термиялық тігілген үлдірлердің ісіну кинетикасы

Жұмыста термиялық өңдеу температурасы әр түрлі болған жағдайдағы үлдірлердің ісіну кинетикасы зерттелді. 2 суретте әр түрлі температурада өңделген үлдірлердің ісіну кинетикасы анықталған. 140

$^{\circ}\text{C}$ температурада өңделген үлгінің ісіну дәрежесінің біршама төмен екені анықталды және ол жоғары температуралық аймақта термоөңдеудің салдарынан қосымша тігілудің жүруімен түсіндіріледі.



Бастапқы мономерлік құрам [ГЭА-ЭА] = 20-80 мол. %


$t_{\text{өнд.}} = 15$ сағ.; $T_{\text{өнд.}} = 90$ (1) 140 (2); $^{\circ}\text{C}$.

2 - сурет. Сополимер (ГЭА-ЭА)/ПВС композитінің негізіндегі термиялық тігілген үлдірлердің ісіну кинетикасы

Жұмыста алынған үлдірлердің термоөңдеуге дейінгі үйлесімділігі сканерлеуші микроскопия әдісімен анықталды. Үлдірлердің морфологиясы тегіс еместігі анықталды және ол термоөңдеуге дейінгі үлдірлердің еріп кететіндігіне жауап береді.

Жаңа сополимер (ГЭА-ЭА)/ПВС композитінің негізіндегі үлдірлер суда жуылып, кептірілді. Олар үшін ИҚ-спект-

рлері түсірілді (3 - сурет). Алынған мәндерден көрініп тұрғандай, жаңа үлдірлердің спектрлерінде, алкил, диалкил топтарына жауап беретін жолақтардың пайда болғанымен және сополимер құрамында ГЭА буындық мөлшері артқан сайын жолақтардың интенсивтілігінің өзгеретіні анықталды.



Бастапқы мономерлік құрам [ГЭА-ЭА] = 20-80 (а); 80-20 (ә) мол.%.
3-сурет. Сополимер (ГЭА-ЭА)/ПВС композитінің негізіндегі үлдірлер үшін ИҚ спектрлері

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Глянцев С.П. Требования к современным лечебным повязкам и их практическое значение // «Современные подходы к разработке эффективных перевязочных средств, шовных материалов и полимерных имплантатов». Материалы II Международной конференции. - М., 1995. - С. 28.
2. Пленка - покрытия для ран и ожогов Карбоксил-П однократного применения патент РФ № 2164101, 2001.
3. Самченко Ю.М., Ульберг З.Р., Комарский С.А. Влияние состава сополимерных гидрогелей на их физико-химические параметры // Колл. журн.- 2001. - Т.63, №1. - С. 102-105.

ПОЛИАКРИЛ ҚЫШҚЫЛЫ НЕГІЗІНДЕГІ КРИОСОРБЕНТТІҢ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Иманбаева А.С., Себепқалиева Н.Н., Қайралапова Г.Ж., Бейсебеков М.Қ.,
Жумағалиева Ш.Н., Әбілов Ж.Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан


Қазіргі уақытта өңделуі мен синтездік алу әдісі жеңіл полимерлік криосорбенттерді қолданысқа енгізу зерттеушілердің қызығушылығын тудырып отыр. Полимерлік материалдарды алудың негізгі мақсаты - қоршаған ортаға зиянсыздығы, алу әдісінің тиімділігі және алынған криосорбенттің қол жетімділігі [1].

Полимерлі жүйелердің криотропты гель түзілуіне әкелетін процестер: терең емес мұздату, мұздатылған күйде ұстау және құрамында потенциалды гель бере алатын мономерлі немесе полимерлі өкілдері бар ерітінділердің немесе коллоидты дисперстердің кейінгі еруі. Осындай жағдайда түзілетін полимерлік материалдар криосорбенттер (грек тілінен криос- аяз, мұз) деген атқа ие болды. Процестің міндетті шарты – криосорбенттің түзілуіне алып келетін бастапқы жүйеде болатын төмен молекулалы сұйықтықтың негізгі көлемінің кристалдануы [2].

Бұл жұмыс поликарбон қышқылы негізінде ең оңтайлы жағдайда ең жақсы көрсеткішті криогель алуға бағытталған. Полимерлеу реакциясымен 10%-дық полиакрил қышқылы (ПАК) негізіндегі криогель синтезделді. Тігуші агент ретінде N,N'-метилден-бис-акриламид (МБАА),

инициатор ретінде аммоний персульфаты (АПС) мен натрий метабисульфиті (НМБС), натрий гидроксиді және су қолданылды. Криогельді алу кезінде жалпы массаның 25% ПАК, 75% натрий гидроксиді, мономер бойынша есептегенде N,N'-метилден-бис-акриламид, аммоний персульфаты және натрий метабисульфит әрқайсысы 2% мөлшерде алынды. - 30 °C температурада 24 сағат бойы радикалды полимерлеу арқылы ПАК криогелі алынды [3].

Криогельдердің морфологиясын және құрылымын анықтау үшін олар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың инженерлік бағыттағы зертханасында атомдық-күштік микроскоп (АКМ) және оптикалық микроскоп құрылғысымен зерттелді (1-сурет). Алынған суреттерден криогель беттік қабаты кедір-бұдыр, үшкір шыңдарға бай екендігі көрініп тұр. Ал, оптикалық микроскоп суреттерінен криогельдің беттік қабаты криотропты гель түзілу жағдайындағы беттік морфологиясын сақтап қалғанын көреміз [4]. Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерден криогельдің өлшемі шамамен 0,1-0,5 мкм болатын кеуекті микроқұрылымдық бірліктерден тұратынын байқадық.




1-сурет. а – оптикалық микроскопта, ә – атомдық-күштік микроскопта, б – сканерлеуші электрондық микроскопта түсірілген криогельдің суреттері

Гельдердің ісіну қабілеті, біріншіден, гельдердің сорбциялық қасиетін іске асырудың басты шарты болса, екіншіден, олар-

дың ісіну қабілетінің әр түрлі факторларға сезімталдығына байланысты қасиеттерін басқарудың негізгі тетігі. Осыған бай-

ланысты, криогельдердің суда және металл ерітіндісіндегі ісінгіштігі тепе-теңдік ісіну әдісі арқылы зерттелді. 2-суретте көрсетілгендей криогель кеуекті болғандықтан, ПАҚ гелімен салыстырғанда тепе-теңдік тез орнайды. Яғни кеуектердің ішіне

су молекулалары еркін енеді. Алайда, криогельдің ісіну дәрежесі төмен екенін ескерсек, оның тығыздығына және беріктігіне қол жеткізуге болатынын аңғарамыз.




1 – ПАҚ криогель, $\tau = 24$ сағ., $t = -30$ °C, [МБАА] = 2 %, [АПС] = 2 %, [НМБС] = 2 %; 2 – ПАҚ гель, $t = 23$ °C, [МБАА] = 0,5 %, [ДАҚ] = 0,5 %

2-сурет. ПАҚ негізіндегі криогель (1) мен гелдің (2) тепе-теңдік ісіну кинетикасы

Криогельге Pb^{2+} ионының сорбциялану және десорбциялану заңдылықтарын ААС Shimadzu 6200 атомдық-абсорбциялық спектрометрі көмегімен зерттелді. ПАҚ негізіндегі гель мен криогельдің

Pb^{2+} иондарын сорбциялау мөлшері 3-суретте келтірілген. Зерттеу нәтижелері бойынша бөлме температурасында сорбция мөлшері 3 сағатта 90 %-ға дейін жетеді [5].



1 – ПАҚ криогель, 2 – ПАҚ гель, $\tau = 24$ сағ., $t = -30$ °C, [МБАА] = 2 %, [АПС] = 2 %, [НМБС] = 2 %; $t = 23$ °C, [МБАА] = 0,5 %, [ДАҚ] = 0,5 %

3-сурет. ПАҚ негізіндегі криогель мен гелдің Pb^{2+} ионын сорбциялау қабілеті

Сонымен, поликарбон қышқылы негізінде криогель алынып, физика-химиялық қасиеттері: атомдық – күштік микроскоп, сканерлеуші электронды микроскоп және оптикалық микроскоп көмегімен және тепе-теңдік ісіну әдісімен зерттелді. Жүргізілген зерттеулер поликарбон қышқылы негізіндегі криогель ағынды суларды ауыр металл иондарынан тазалауда сорбент ретінде қолдануға болатынын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ерғожин Е.Е. Полимерлердің физикасы мен химиясы: оқулық / Е. Е. Ерғожин, М. Қ. Құрманәлиев. - Алматы : Дәуір, 2012. – 10-12 б.: Библиогр.: 386-387 б.
2. Лозинский В.И. Криогели на основе природных и синтетических полимеров, получение свойства и применения: дис. ... док. хим. наук: ИНЭОС РАН. – М., 1994. – С. 123-127.
3. Абилов Ж., Кайралапова Г.Ж., Бейсебеков М.К. Поликарбон қышқылдар мен бентонит сазы негізіндегі композицияларының металл тұздары ертіндісіндегі ісінгіштігі // Вестник КазНУ. Серия Химическая 2012 65- Том, №1, 374 - 380 - С. 7.
4. Заборина О.Е. Синтез сополимерных криогелей на основе N,N-диметил-акриламида. Специализированный Учебно-Научный Центр Московского Государственного Университета им. М.В. Ломоносова. - М., 2013.
5. Galiulin R.V., Bashkin V.N., Galiulina R.R., Birch P. A critical review: protection from pollution by heavy metals – phytoremediation of industrial wastewater // Land Contamination and Reclamation.- 2001.–P. 349-357.

ЦЕМЕНТ КЛИНКЕРІНІҢ БЕРІКТІГІН АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА КӨМІР – МИНЕРАЛДЫ ИНГИБИТОРЛАР

Толбаев Т.Т., Ашкеева Р.К., Ауезова Ы.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

Қазіргі таңда күннен күнге адамзаттың дамуына байланысты жаңа ғылыми жаңалықтар күнделікті өмірге енгізіліп, жаңашаланған орын алып отыр. Осыған байланысты құрылыс материалдары, оның ішінде портландцемент те біздің өмірде үлкен және маңызды орын алады.

Портландцементтен жасалған материалдар өте берік, ұзаққа шыдайтын және құрылысқа өте қажет материал болып табылады.

Портландцемент материалдары құбырлардың, тұрғын үйлердің қоғамдық және өндірістік ғимараттарының, өндірістік құралдарды қорғайтын элементтердің бөлінбейтін бөлігі болып табылады [1].

Портландцемент үлкен қажеттілікке ие, оның көптеген артықшылықтары бар болғанымен, экономикалық тұрғыдан ол өте қымбат екені анықталған. Сондықтан қазіргі таңда үлкен мәселелердің бірі - Қазақстанның пайдалы және жеткілікті шикізат қорынан осындай цемент клинкерін ойлап табу ғалымдардың алдына қойып


отырған ең басты міндет болып отыр [2]. Осыған байланысты зерттеу жұмыстары өз елімізде бар шикізатты қолдана отырып, жаңа цементті клинкерге шунгит қосу арқылы жаңа өнім алу болып табылды. Алынған өнімнің экономикалық тұрғыдан қымбат болып келетін портландцементтің басқа түрлерімен салыстырғанда беріктігі жоғары екені дәлелденді.

Берілген жұмыста алынған өнімнің, яғни Қазақстанның шикізатынан істелген жаңа портландцементтің ұсталу уақыты, қалыпты қоюлығы және беріктігі анықталды. Алынған өнім салыстырмалы түрде қолданыста жүрген Өскемендік портландцемент М400-ден беріктілігі жоғары екені және экономикалық тұрғыдан едәуір арзан екені дәлелденді.


Сериясы рНЗ6 №10800 ПСУ ПП-424 кернеу реттегіш пешінде жаңа құрамды цемент клинкері алынды. Оған платинародий – платина термодарасы қолданылды [3]. Зерттеу нәтижесі бойынша 5% Бақыршық кен орнының шунгиті бар портлан-

дцементтің ұсталу уақыты 430 мин құраса, 10% Бақыршық шунгиті бар портландцементтің ұстау уақыты – 400 мин, ал 15% Бақыршық кен орнының шунгиті бар портландцементтің ұсталу уақыты – 350 мин құрайтыны анықталды. Ал 5% Карелия кен орнының шунгиті бар портландцементтің ұсталу уақыты 420 мин құраса, 10% Карелия кен орнының шунгиті бар портландцементтің ұсталу уақыты – 410

мин, ал 15% Бақыршық кен орнының шунгиті бар портландцементтің ұсталу уақыты – 375 мин құрайтыны зерттелді [4]. Осыған орай, шунгиттің %-дық мөлшері көбейген сайын ұсталу уақыты да азаятыны белгілі болды. Ұсталу уақытының азаюы өндіріске жағымды әсер етеді деп тұжырымдалды. Төмендегі гистограммаларда зерттеу нәтижелері берілген.



1-сурет. Құрамында Бақыршық пен Карелия кен орындарының шунгиті қосылған портландцементтің ұсталу уақыттарына арналған салыстырмалы гистограмма



1-кескін. Портландцемент пен шунгит (Бақыршық) қоспасының бөлме температурасында кепкендегі қаттылығының графигі.

Портландцемент құрамындағы шунгит мөлшері көбейген сайын сәйкесінше қаттылығы артатыны көрініп тұр.

1-кесте. Портландцемент пен шунгит (Бақыршық) қоспасының бөлме температурасында кепкендегі қаттылығы

Құрамы, %	Беріктігі		
	7 күн	14 күн	28 күн
100%ПЦ	20	30	40
95%ПЦ+5%Ш(Б)	10,5	24,6	39,5
90%ПЦ+10%Ш(Б)	14	28,4	41,4
85%ПЦ+15%Ш(Б)	14	31,9	43,6

Портландцементтің өзіне тән ерекшелігі – 1 ай ішінде беріктілігінің максимум мәніне жетеді. Зерттеу нәтижелері бойынша да ең жоғарғы беріктілік мәндері


28 күн болғанда айқындалып тұр. Соның ішінде 15%-ды шунгиті бар портландцемент 43,6МПа мәнін көрсетіп тұр.

2-кесте. Портландцемент пен шунгит (Корелли) қоспасының бөлме температурасында кепкендегі қаттылығы

Құрамы, %	Беріктігі		
	7 күн	14 күн	28 күн
100%ПЦ	20	30	40
95%ПЦ+5%Ш(Б)	9,7	27,2	28,2
90%ПЦ+10%Ш(Б)	10,2	29,4	39,4
85%ПЦ+15%Ш(Б)	11,3	30,8	42,3

Бұл кестеде де Корелли шунгиті қосылған портландцементтің уақыт өзгерісі бойынша қаттылығы берілген. Кестеде көрініп тұрғандай 15%-ды Корелли шунгиті қосылған портландцементтің қаттылығы 28 күні 42,3МПа көрсетті.

Құрамында 15%Ш(Б) бар портландцементтің кепкендегі қаттылығы, яғни беріктігі жоғарылайтыны анықталды. Бұл қасиетін жоғары сапалы құрылыс материалы ретінде қолдану барысында пайдалануға болады.




2-кескін. Портландцементпен шунгит (Бақыршық) қоспасының бөлме температурасында кепкендегі қаттылығының графигі

2 – кескінде 15% шунгиті бар портландцементтің қатуы басқа құрамды порт-

ландцементке қарағанда беріктілігі жоғары болып тұр, яғни ең беріктілігі жоғары 15%

шунгиті бар портландцемент болса, одан кейін 100% таза портландцемент берік болып келеді. Олардың артынан беріктілігі жоғары 10% шунгиті бар портландцемент

екені анықталды. Ал құрамында 5% шунгиті бар портландцемент көрсетілген үлгілердің арасынан беріктігі ең төмен екені көрініп тұр.



2-сурет. Құрамында Бақыршық пен Карелия кен орындарының шунгиті қосылған портландцементтердің 28 күн бөлме температурасында сақталып беріктілігіне арналған салыстырмалы гистограмма

Қорытындылай келе, байланыстырғыш заттардың физика-механикалық қасиеттері зерттеліп, оларға 2 әр текті шунгит әсері зерттелді. Таза портланд-цементпен салыстырғанда Бақыршық шунгиті қосылған портландцемент қату уақыты 10 мин - қа, ал Корелли шунгиті қосылған портландцементтің қату уақыты 1 сағ 10 мин – қа ерте жүрді. Шунгит пен портландцемент негізіндегі үлгілер бөлме температурасында беріктілігі 43,6 МПа-ға дейін, ал сулы ортада 49,5МПа-ға беріктілігі артаыны дәлелденді.

Үлгілерге физика-химиялық зерттеулер жүргізіліп, жақсы нәтижелер алынды:

- Рентгенфазалық зерттеу қорытындысы бойынша: берілген компоненттердің негізі – CaSiO_3 екені анықталды;

- ДТЗ бойынша алынған қорытындылар:

- Берілген 3 үлгіде температура көтерілген сайын масса мөлшері мен энергия

азаяды;

- Суреттерде штрихталған аудандарда экзотермиялық эффект байқалады, яғни 120°C - 180°C - ларда фазалық өзгеріс немесе реакция жүретіні анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Батраков В.Г. Модифицированные бетоны. Теория и практика /В.Г. Батраков. - 2-е изд., перераб.и.доп. - М., 1998 – 768 с.
2. Нехорошев А.В. Развитие физико-химических представлений о твердении минеральных вяжущих веществ // Применение эффективных материалов и конструкций в сельском строительстве. - М., 1984. - С. 70-75.
3. Тэйлор Хэл. Химия цемента. - М.: Мир, 1996. – 560 с.
4. ГОСТ 310,3-76 «Цементы. Методы определения нормальной густоты, сроков схватывания и равномерности изменения объема».

МАКРОКЕУЕКТІ ПОЛИАМФОЛИТТІ ЖАҢА КРИОГЕЛЬДІ ҚҰРУ

Болат А., Абдыкалыкова Р.А., Құдайбергенов С.Е., Кливенко А.Н.


Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

Соңғы жылдары полимерлі криогельдерге қызығушылықтың артуы олардың тек ғылыми зерттеу объектісі болуымен ғана емес, сонымен қоса қолданбалы тапсырмаларды шешуге арналған перспективті материалдар болуымен байланысты. Криотропты гелітүзілу әдістерінің және осы әдістер арқылы алынған гелдік материалдардың қолданылу аймағы өте кең диапазонды қамтиды. Криогельдердің бірегей кеуекті құрылымдары көптеген жағдайларда пайдалы болып табылады. Тағамдық формадағы жаңа криогенді технологиялардың алыну жолдары жасалып, сондай-ақ сорбенттер, механохимиялық актюкаторлар (манипуляторлар), былғары тәріздес материалдар, каталитикалық жүйелер және тағы басқалары дамытылып жатыр. Макрокеуекті полимерлі материалдар биотехнология мен биомедицинада кең қолданылады [5]. Макрокеуекті материалдарды алудың әр түрлі әдістері бар: лиофилизация, кеуектендіру, микроэмульсиялық полимерлеу, газүрлеу әдісі және фазалық бөлу әдісі. Полимерлі криогельдер – макрокеуекті гетерофазалы жүйелер болып саналады. Олардың түзілу процесіндегі кеуектүзгіш агент рөлін қатырылған еріткіштің поликристалдары атқарады. Криогельдердің морфологиялық ерекшелігіне олардың макрокеуектілігін келтірсе болады. Әр қатып бара жатқан еріткіш

кристалдарының өсуі екінші бір кристалл қырымен тығыз жанасқанға дейін жүреді. Жүйенің балқытыла еруінен кейін түзілген гелдік материалдың макрокеуектері өзара біріккен күйде түзіліп шығады [3, 2 б.].

Сұйық қатпаған микрофаза көлемі көптеген факторларға тәуелді болады. Көбінесе еріткіш табиғатына, бастапқы концентрацияға және ерітілген заттардың молекулалық массасына, жүйе температурасына, үлгіні мұздату режиміне, еріген және ерімеген қосылыстардың болуына, және тағы басқа факторларға тәуелді. Мұздатылған препаратты еріткен соң кеуектер өлшемі әр түрлі болатын макрокеуекті криогель алынады. Бұл жағдайда кеуек түзгіштер ретінде мұздатылған еріткіштің поликристалдары болады. Кеуек түзгіштердің балқуы немесе еруі криогель массасында қуыстар қалдырады, бұл қуыстар еріген еріткіштермен толады, гел фазасының беттік керілу күштері макрокеуектердің қабырғаларын (қаңқасын) майыстырады. Сонымен қатар қабырға материалдарының өзіндік қуыстылығы болады [1, 7 б.].

Егер бастапқы препарат құрамында гел түзгіштер болса, сәйкес криогельдің полимерлі қаңқасы үлгінің қатпаған микроаймақтарында түзіледі (сурет 1). Бұл процестің сызба нұсқасын төмендегідей түрде көрсетуге болады:



1-сурет. Криотропты гелітүзілудің принципіалды схемасы


1 – полимер түзуші; 2 – төмен молекулалы заттар немесе молекулалы бастамашы алғы зат; 3 – еріткіш; 4 – инициатор; 5 – қатырылған еріткіш поликристалдары; 6 – қатпаған сұйық микрофаза (ҚСМФ); 7 – гетерофазалы криогельдің полимерлі-торлы гелдік фазасы; 8 – макрокеуектер

Әр түрлі полимерлі криогельдердің ерекшелігі оның гетерофазалы және Гетерокеуекті қасиеті болып табылады. Одан бөлек, алынған криогельде макрокеуектер бір-бірімен жанасқан болып келеді, оның себебі тоназу процесі кезінде еріткіштің әр кристалы ыдыс шетінен центріне қарай басқа кристалл шекарасымен жанасқанша өседі[1, 7 б.].

Ұсынып отырған жұмыста диметил-аминоэтилметакрилат (ДМАЭМ) пен метакрил қышқылын(МАҚ) криогенді өңдеу арқылы поламфолитті криогельдер синтезделініп алынып, алынған материалдардың

физика-химиялық қасиеттер зерттелінді.

Амфотерлі криогельдердің ісіну дәрежесі мен динамикасы. 3 суреттен көріп отырғанымыздай тігуші агент мөлшері кеміген сайын судың криогель кеуектерінен ағып өту жылдамдығы сәйкесінше кемиді. Криогель үлгілері ісінген сайын су баған қабырғаларына тіреліп, кеуектері қысылады. Соның нәтижесінде судың ағу жылдамдығы төмендейді. Сол себептен тігуші агент мөлшері көп болған сайын торлы байланыстар көп болып, криогельдердің ісінуіне кедергі жасайды.



3-сурет. Судың криогель үлгілерінен ағып өту жылдамдығының тігуші агент мөлшеріне тәуелділігі

Криогельдер ісінген кезде өз салмағынан 20 еседей артық су сіңіре алады. Ол


мұздату кезінде мұз кристалдары арқылы түзілген кеуектер арқылы жүзеге асады.



4-сурет. Ісінген және құрғақ криогель

5 суреттен көріп отырғанымыздай криогельдердің ісіну небәрі 20-30 сек аралығында болды. Ол криогельдердің кеуекті құрылымды екендігін дәлелдейді. Сонымен


қатар тігуші агент мөлшері артқан сайын криогельдің ісіну дәрежесі кемитіні байқалды.




5-сурет. Криогельдің ісіну кинетикасы, 1 – АКГ 2,5%, 2 – АКГ 5%, 3 – АКГ 10%

Синтезделінген 1:1 қатынастағы МАК/ ДМАЭМ криогель үлгілері сканерлеуші электронды микроскоп арқылы зерттелінді (6 сурет). Барлық қатынастағы


криогель үлгілерінің кеуектерінің мөлшері шамамен 20-200мк аралығында болды, ол синтезделініп алынған криогельдердің макрокеукті екенін көрсетеді.



а



б




в

6-сурет. Тігуші агент мөлшері әртүрлі (а – 2,5%, б – 5%, в – 10%) 1:1 қатынастағы МАК/ДМАЭМА криогельінің микрофотолары


Сканерлеуші электронды микроскоп арқылы алынған нәтижелер бойынша крио-

гель үлгі кеуектерінің орташа диаметрі анықталды (1 схема).




1-кесте. Тігуші агент мөлшерінің криогель кеуктерінің орташа мәніне әсері

Схемадан көріп отырғанымыздай кеуктердің орташа диаметрі тігуші агент мөлшеріне байланысты болады, тігуші агент мөлшері артқан сайын кеук диаметрі азаяды (7 сурет).



7-сурет. Криогельдің кеук диаметр өлшемдерінің тігуші агент мөлшеріне тәуелділігі

МАК/ДМАЭМА криогель үлгілеріне ИҚ-спектрометрі арқылы талдау жүргізілді.




8-сурет. ИК – спектроскопия

Анықталған функционалды топтар ($-\text{CH}_3$, $-\text{CH}$, $-\text{OSOH}$, $=\text{C}-\text{O}$, $-\text{C}=\text{O}$, $-\text{C}=\text{C}$) 3400 cm^{-1} аралығында шығу керек, бірақ аминді топтар жоғары молекулалы қосылыстарда жақсы байқалмайды.

2-кесте. ИҚ-спектроскопия арқылы анықталған МАК/ДМАЭМ криогельдерінің функционалды топтар

Валенттік тербелісте		Деформациялық тербелісте	
Функционалды топтар	Толқын ұзындығы, cm^{-1}	Функционалды топтар	Толқын ұзындығы, cm^{-1}
$-\text{CH}_3$	2961	$-\text{OSOH}$	1399
$-\text{CH}_2$	-	$-\text{C}=\text{C}$	1662
$-\text{CH}$	2851	$-\text{C}=\text{O}$	1728

Полиамфолиттерге тән ерекше қасиеттердің бірі изоэлектрлік нүктесі. рН мәндері әртүрлі ерітінділерді криогель үлгісінен ағып өту жылдамдықтарын есептеу арқылы амфолитті криогелдің ИЭН-ін анықталды (10 сурет).




9-сурет. Ерітінділердің криогель көлемінен ағып өту жылдамдығының рН-қа тәуелділігі.

рН-тың басқа мәндерінде криогель макромолекуласының конформациясы тығыз шумақтан жазылған шумаққа айналып, криогель ісінеді. Су бағанының ішінде криогель үлгілері ісінгенде кеуектері қысылып, ерітіндінің ағып өту жылдамдығы төмендейді. Амфолитті криогельдің ИЭН-і ерітіндінің ағып өту жылдамдығының максимум мәніне сәйкес келеді. Амфолитті криогельдің изоэлектрлік нүктесі рН мәні

4,4±0,1 болғанда байқалды.

Кондуктометрлік титрлеу әдісі арқылы криогельдердің полиэлектролит – поливинилпирролидон мен полиакрил қышқылымен комплекс түзуі зерттелінді. Ол үшін су бағанындағы криогель арқылы 5 мл 0,05 М ПАК(ПВП) ерітіндісін өткіздік, кейін криогель көлемінен өткен ерітіндіні қарсы зарядталған полиэлектролитпен титрледік.



11-сурет. Бастапқы (1) және криогель үлгісінен өткен ерітіндіні (2) полиэлектролиттермен кондуктометрлік титрлеу графигі,
а – 0,005 М ПВП ерітіндісі; б – 0,005 М ПАҚ ерітіндісі

Бастапқы және криогель үлгісінен өткен ерітінділердің эквиваленттік нүктелерін анықтау арқылы криогельдің комплекс түзген мөлшерін анықтадық. Синтезделіп алынғын криогельдердің поли-

электролиттермен жақсы комплекс түзетіні анықталынды. Әсіресе поливинилпирролидонмен әсерлесуі жақсы жүретіні анықталды.

Тігуші агент мөлшері, %	Меншікті адсорбция $\Gamma \cdot 10^{-6}$, мол/г	
	ПВП	ПАҚ
АКГ 2,5%	3,14	0,99
АКГ 5%	2,86	0,885
АКГ 10%	3,59	0,85

3-кесте. Криогельдердің полиэлектролиттермен комплекс түзуінің кондуктометрлік нәтижелері

Қорыта келгенде зерттеу нәтижесінде алғаш рет диметиламиноэтилметакрилат пен метакрил қышқылын криогенді өңдеу арқылы полиамфолитті криогель алынып, олардың құрамы ИҚ-спектроскопиялық әдістермен анықталды. Сонымен қатар тігуші агент мөлшерінің артуына байланысты криогельдің ісіну коэффициентінің төмендеп, оның беріктілігі, деструкциялану температурасының артатыны анықталып сканерлеуші электронды микроскоп МАК/ДМАЭМА негізіндегі криогельдің морфологиясы зерттелініп, полиамфолитті криогельдің изоэлектрлік нүктесі анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лозинский В.И. Криогели на основе природных и синтетических полимеров: получение, свойства и области применения // Успехи химии. -2002. -№ 71. – С. 559.
2. Kudaibergenov S.E. Polyampholytes. Synthesis, Characterization and Application. - Kluwer Academic/ Plenum Publishers, New York, 2002. 220 p.
3. Gun'ko V.M., Savina I. N., Mikhailovsky S. V. Cryogels: Morphological, structural and adsorption characterization // Advances in Colloid and Interface Science -2013.- V. 187–188. - P. 1–46.
4. Рогожин С.В., Лозинский В.И., Вайнерман Е.С., Коршак В.В. Влияние замораживания растворов полимеризующихся мономеров на молекулярную массу образуемых полимеров. // Докл. АН СССР. -1983. -Т. 273. -№ 5. -С. 1140-1143.
5. Лозинский В.И. Новое семейство макро-

пористых и сверхмакропористых материалов биотехнологического назна-

чения – полимерные криогели. // Изв. РАН. Сер. хим. -2008.- № 5. -С. 996-1013.

АЛХИДИННІҢ КРИОГЕЛЬДІ ТАСЫМАЛДАҒЫШТАРЫН АЛУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

Базарова А.Ж., Құдайбергенова Б.М., Кайралапова Г.Ж., Жумағалиева Ш.Н.,
Бейсебеков М.К., Әбилов Ж.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Соңғы жылдары пролонгациялық әсері бар эффективті дәрілік формаларды алу үшін дәрілік заттардың полимерлі тасымалдағыштарын іздеу үлкен қызығушылық тудыруда және оңтайлы және қарапайым алу әдістерін қолдану есебінен ерекше қасиеттері бар материалдарды құруға бағытталған. Бұл ретте полимерлер мен өнімдерді криогенді әдіспен өңдеуді айта кетуге болады. Бұл өңдеу көмегімен алынған жүйелер екі фазалық жүйені құрайды, бұндағы қатты фазаның поликристалдары порогенді рөлін атқарады, қалған сұйық ерітіндінің көлемі микрофазаны қалыптастырады, яғни еріген заттың концентрленуі үшін криогельді матрицаны құрайды (1, 2). Дәрілік заттардың лиофильді криотасымалдағыштарын алу үшін перспективті полимер ретінде поливинил спирті алынады. ПВС криогельдері макрокеуекті құрылымымен сипатталады, жоғары қаттылыққа ие, жақсы термо-, биоййлесімді материалдары ретінде көрінеді. Ол өз кезегінде практикада оларды био-медициналық және биотехнологиялық мақсаттағы материалдар ретінде қолдануға мүмкіндік береді (3).


Белгілі бір талаптарға сәйкес дәрілік зат тасымалдағыштарын дайындау үшін гельді матрица алудың оңтайлы шарттарын орнату маңызды. Осыған орай, бұл жұмыста биологиялық активті кешен алхидиннің концентрациясы 0,1; 0,5 және 1% болатын 10, 13 және 15% ПВС және ПВС-

NaKMЦ криогельдері алынды. ПВС және оның композициялары негізіндегі криогельдерді алудың тиімді жағдайлары қалыптастырылды: -20°C температурада 24 сағатта қатырып, кейін бөлме температурасында ерітілді. Алхидин дәрілік кешені бар криогельдерді тиімді жағдайда алу үшін RADWAG 26-600 Радом, Польша қондырғысы арқылы балку температурасы мен тығыздық мәні анықталды.


Композициялық криогельдердің балку температурасы таза ПВС криогелінің балку температурасынан төмен екендігін айта кету керек. ПВС криогелімен салыстырғанда композициялық гелдердің тығыздық көрсеткішінің төмендігі енген полисахаридті компонент жүйені қопсыту себебінен болуы мүмкін. ПВС-NaKMЦ криогелінің термиялық тұрақтылығы композициялық гелдің құрамына тәуелді екені анықталды.

Атомдық-күштік микроскопия (АСМ) әдісі арқылы алынған композициялық криогельдердің морфологиясы қаралды. Нәтижесінде криогельдегі полимердің концентрациясы артқан сайын полимер бетінің кедір бұдырлығы артатынын байқауға болады.

Гельдің ең негізгі қасиеттерінің бірі ісіну болып табылады. Осыған сәйкес, құрамындағы алхидин мөлшері әр түрлі ПВС және ПВС-NaKMЦ криогельдерінің ісінгіштік қабілеттері де зерттелді.



1-сурет: алхидинді 15% ПВС- NaКМЦ (1:1) гельдерінің суда ісіну кинетикасы: 1 - 0,1% алхидин, 2 - 0,5% алхидин, 3 - 1% алхидин





2-сурет: 0,5% алхидині бар 15% ПВС- NaКМЦ гельдерінің суда ісіну кинетикасы 1- (1:1), 2 - (1:2), 3 -(2:1)

Таза полимерлі криогельдердің ісінгіштігімен салыстырғанда алхидинді криогельдер төмен ісінгіштік қасиет көрсететіні анықталды. Сандық нәтижелер бойынша 5 есе төмендейді. Бұл құбылыс дәрілік зат компоненттерінің әсерінен криокұрылымның қатаюымен және тығыздалуымен түсіндіріледі. Ісіну кинетикасының зерттеу нәтижелері 1-суретте келтірілген. Бұл ісіну кинетикасынан криогельдердің құрамында дәрілік заттың мөлшері артқан сайын ісінуі азаятынын көруге болады. Бұл құбылыс алхидин мен полимерлік негіз арасындағы байланыс күшеюімен түсіндіріледі, керісінше, гидрофильді компонент мөлшерінің

артуы (2-сурет) ісінгіштік қабілеттің артуына әкеледі (4).

Дәрілік заттардың полимерлі гелді тасымалдағыштарын қолдану кезінде температура мен орта рН-ы сияқты жүйе параметрлері маңызды роль атқарады. Екінші жағынан бұл факторлар дәрілік жүйелер компоненттерінің өзара әсерлесу сипатты мен механизмі, десорбцияны реттеу, яғни пролонгациялық эффектін бағалау мүмкіндігі туралы ақпарат береді. Адам ағзасы температурасы (физиологиялық орта, 36,6° С) мен рН әр түрлі мәндерінде дәрілік жүйенің ісінгіштік қасиеті зерттелді (3-сурет).





3-сурет - 1% алхидині бар 10% ПВС- NaКМЦ (а) және 15 % ПВС- NaКМЦ (а) гельдердің суда ісіну кинетикасы. 1-бөлме температурасы; 2-36,6°С температурада

Полимерлі гелдің концентрациясы жоғары болған сайын жүйеге температура-ның әсері төмендейтіндігі анықталды. Алайда, жалпы түрде, температура әсе-рінен жүйенің өзгеру сипаты сутектік бай-ланыс доменанттылығын және термо-сезімталдығын дәлелдеп отыр. Пролон-гациялық әсері бар полимерлі дәрілік жүйе-лер үшін матрицаның десорбциялық қа-сиеті негізгі фактор болып табылады. Алхидин құрамдастарының криоматри-цадан босап шығу сандық сипаттамалары

УФ-спектроскопия көмегімен анықталды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей (4-сурет) алхидиннің активті бастамасы боса-тылуының сандық мәні 35-55% құрайды және десорбцияға криогель құрамы тәуелді екені көрсетілді. Алхидин компонент-терінің тепе-теңдік десорбция мәні 2-3 сағат аралығында қалыптасады және амин-қышқылдары үшін – 38-58%, про-антоцианидиндер үшін 32-52% құрайды. Сонымен қатар, десорбцияға орта рН әсер етпейтіні анықталды.



[PVC]=10%


[PVC] = 15 %

[Алх]=0,1 % (1, 2); [Алх]=0,5 % (3, 4); [Алх]=1 % (5, 6); [ПА]= (1, 3, 5); [АК]= (2, 4, 6)

4-сурет – Сулы ерітінділерде алхидиннің босап шығу кинетикасы

Проантоцианидиндермен салыстыр-ғанда аминқышқылдарының десорбция-лану қабілеті молекула өлшемімен бай-ланысты, яғни өлшемі бойынша кіші мо-лекулалар терең еніп, композицияның ішкі қабаттармен күшті байланысады. Осы-лайша алхидин компоненттері криогель-

дермен орта рН-на тәуелсіз сутектік бай-ланыс арқылы комплекс түзеді деген қоры-тындыға келуге болады. Алхидин кон-центрациясы артқан сайын десорбция мәні артатынын, ал концентрациясы жоға-рылаған сайын десорбция мәні кемитін-дігін байқауға болады (5).



6-сурет – Суда құрамды 1% алхидин бар 13% ПВС-NaКМЦ (1:2) криогельден ПА босатылуы. 1 – бөлме температурасында; 2 – 36,6°С температурада

Сонымен, бұл жұмыста құрамында алхидин бар ПВС және NaКМЦ негізінде криогельдер алынып, олардың физико-химиялық қасиеттері зерттелді. Криогенді өңдеудің оңтайлы жағдайлары анықталып, алынған криогельдің термиялық тұрақтылығы, тығыздығы, ісіну және өткізгіштік қабілеттері мен морфологиялық сипаттамалары зерттелді. Сонымен қатар алхидиннің ПВС және ПВС-NaКМЦ криогельдерінен десорбциялану қасиеттері көрсетілді, алхидин десорбциясының сандық мәні бағаланды. Алхидин тасымалдағышы ретінде және пролонгациялық әсері бар дәрілік жүйелер негізінде ПВС және ПВС-NaКМЦ криогельдерінің қолдану мүмкіндігі алғаш рет көрсетілді. Температура мен рН сияқты криогельді дәрілік жүйеге тәуелді факторлардың әсері зерттеліп, пролонгациялық эффектті реттеу мүмкіндігі көрсетілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шаскольский Б.Л. Композитные иммобилизованные катализаторы с частицами ферментов препаратов, включенных в матрицу криогеля поливинилового спирта // Автореферат дисс...

- канд.хим.наук, 03.00.23 – биотехнология, М.: им. А.Н.Несмеянова РАН, 2009, 22 с.
2. Савина И.Н., Лозинский В.И. Изучение криоструктурирования полимерных систем. Композитные криогели поливинилового спирта, наполненные дисперсными частицами, содержащими ионгенные группировки // Коллоид. журнал, 2004, Т. 66, № 3, с. 388-395
3. Лозинский В.И. Криотропные гелеобразование растворов поливинилового спирта // Успехи химии, 1998, 67 (7), 641-655
4. Мусаева Э.Е., Құдайбергенова Б.М., Жұмағалиева Ш.Н., Бейсебеков М.Қ., Әбілов Ж.Ә. Поливинил спирті және оның композициялық криогельдерінің қасиеттерін зерттеу // Известия НАН РК, сер. хим., 2013, № 4 (400), с. 49-53
5. Kudaibergenova B.M., Musaeva E.E., Zhumagalyeva Sh.N., Kairalapova G.Zh., Beisebekov M.M., Beisebekov M.K. and Abilov Zh.A. Receiving and Reserch of Cryogels for Carriers of Medical Substances // Abs. of 14-th Asian Symposium on Medicinal plants, spices and other natural products. karachi, Pakistan, december 9-12, 2013, p. 186

ӨСІМДІК СУБСТАНЦИЯСЫНЫҢ БЕНТОНИТ ТАСЫМАЛДАҒЫШТАРЫН АЛУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

Ғылымхан Н.Т., Жумағалиева Ш.Н.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Дәрілік формаларды алу технологиясында қосалқы заттар ретінде, биологиялық активті заттарды тасымалдауда медициналық полимерлермен қатар, табиғи бейорганикалық полимерлер – бентонит саздарының маңызы зор. Бентонит саздарының пайдалы физика-химиялық, механикалық, басқа заттарға инерттілігі, сорбциялық, ісінгіштік, комплекс түзу, биологиялық қасиеттерінің болуы және осы қасиеттерінің арқасында тұрақты, біртекті дисперсті жүйе түзуі, экономикалық жағынан тиімділігі, кен орындарының көптігі, тазалау және дайындау процестерінің оңайлылығы, оларды мінсіз тасымалдағышқа ұқсас етеді [1, с. 78].

Жоғарыда айтылған мәліметтерге байланысты, Шығыс Қазақстанның Маңрақ жерінен алынған бентонит сазын табиғи биологиялық активті комплекстің тасымалдағышы ретінде қолдану мүмкіндіктері зерттелген. «Тамариксидин» кешені тамарикс өсімдігінен алынған – фланоидтар, тері илегіш заттар, көмірсулардан тұратын антимикробтық, ісікке қарсы, қан тоқтатушы қасиеттерге ие активті биологиялық кешен. Талап етілген сапада дәрілік формаларды алу үшін, біріншіден, дәрілік форма компоненттерінің өзара байланысу заңдылықтарын анықтау, екіншіден, дәрілік заттың ағза ортасында босап шығуын анықтау қажет. Осындай фактор-


ларды қанағаттандыра отыра дәрілік форма алудың оңтайлы шарттарын жасауға болады. Осы мақсатқа жету үшін саз-тамариксидин комплексінің ісіну дәрежесі, седиментациялық, сорбциялық-десорбциялық қасиеттері анықталды.

Бентонит саздарын сипаттайтын, маңызды практикалық қасиеттерінің бірі – оның ісіну қабілеті. Көбінесе монтмориллонит минералынан тұратын бентонит саздарында алюмосиликатты жалпақ қабаттар тәрізді және қабаттар арасындағы қашықтық ~ 1 нм-ді құрайды және ісіну кезінде бұл арақашықтық бірнеше есе өседі. Рентгено-дифрактометриялық анализ нәтижелері бұл мәліметтерді дәлелдейді (1-кесте).

Бентонит сазының сулы ерітінділерде ісіну дәрежесінің өзгеру кинетикаларын 1-суреттен көруге болады. Бентонит сазының сулы ерітіндіде ісіну дәрежесі тамариксидинді енгізу кезінде төмендейтіні анықталды. Тамариксидиннің сулы ерітіндіде концентрациясы артқан сайын бентонит сазының ісіну дәрежесі төмендейді. Ол саз-тамариксидин комплексінің түзілгендігін көрсетеді. Ол саз бен тамариксидин молекулаларының гидроксилді топтар арасында сутектік байланыстардың түзілуінен деген болжам жасалды және осы байланыс арқасында бентонит саз бөлшектері тамариксидиннің молекуларымен гидрофобизацияланып, саз бөлшектерінің ісіну қабілетінің төмендеуі мүмкін.

1-кесте. Бентонит сазының дифрактограммасы

Қабаттар арасындағы арақашықтық, (d) Å	I %	Фазалық құрамы, минерал
13.349	94	Смектит
4.476	69	Смектит
3.346	37	Кварц
3.119	31	Смектит
2.535	33	Смектит
1.682	16	Смектит
1.494	24	Смектит



1-сурет. Су (1), [ТН-10]=0,1 % (2), [ТН-10]=0,3 % (3), [ТН-10]=0,5 % (4), [ТН-10]=0,7 % (5), [ТН-10]=1 % (6), [NaCl]=0,86 % (7)

Дәрілік заттардың организмге түсетін ортасы – физиологиялық сұйықтықтар. Фи-

зиологиялық сұйықтықтар кіші молекулалы күшті электролиттерге бай ерітінді


болғандықтан ерітіндідегі дәрілік формалардың күйіне әсері оның қасиеттерін анықтаушы негізгі факторлардың бірі. Физиологиялық ерітіндіде бентонит сазының ісіну дәрежесінің төмен болуы иондық күш әсерінен саз бетіндегі қос электрлік қабаттың сығылуы жүріп, монтмориллониттегі қабаттар арасынан су ығыстырылады [2, с. 7].

Температура жоғарылаған сайын саздың ісіну дәрежесі де артатындығы анықталды. Ол болжанып отырған саз-тамариксидин арасындағы сутектік байланыстардың және монтмориллонит қабаттар арасындағы сутектік байланыстардың температура жоғарылауымен әлсіреп, бентонит сазының ісінуіне алып келуімен түсіндіріледі.

Сұйық және жұмсақ дәрілік препараттарға қойылатын басты талаптардың бірі – ұзақ сақтау уақыты бойында өзгермейтін, дисперсті фазаның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін жоғарғы тұрақтылық [2, с. 7]. Тұрақты системаларды мөлшерлеу кезінде қиындықтар тумайды және дәрілік заттардың системада біркелкі таралуы жүреді, яғни, дәрілік препаратты ішкі және сыртқы қолдану мүмкіндіктерін туғызады. Осыған байланысты, бентонит саздарының суда және тамариксидиннің сулы ерітіндісінде Н.А. Фигуровский әдісі

бойынша седиментациялық анализ жүргізілді. Алынған мәліметтер бойынша, бентонит саз бөлшектерінің суда және тамариксидиннің сулы ерітіндісінде монодисперсті болып келеді және мөлшерлері 10^{-6} - 10^{-5} м аймағында жататындығы, яғни, ірі дисперсті коллоидтық жүйені құрайтындығы анықталды. Тамариксидиннің сулы ерітіндісінде бентонит саздарының ісіну көрсеткіштерін келтіре отыра, саздың агрегаттық тұрақтылығының төмендеуін былай түсіндіруге болады: саз бөлшектерінің, жоғарыда айтылған, гидрофобтануы әсерінен осы бөлшектерде лиофобты аймақтар түзіліп, аталған аймақтардың бірігуі жүреді [3, с. 9].

Дәрілік препараттарды бейорганикалық тасымалдаушыларға иммобилизациялауда, тасымалдағыш және активті заттың байланысуы, яғни, саз-дәрілік зат композициясының түзілуі және осындай композиция түзілуінің сандық көрсеткіштерін білудің маңызы үлкен. Осыған байланысты, бұл жұмыста УК-спектроскопия әдісімен тамариксидиннің бентонит саздарында сорбциялану мөлшері және кинетикасы анықталды (2-сурет). Бентонит саздарының, бастапқы 6 сағатта тамариксидин молекулаларын сорбциялауы қарқынды жүріп, 44%-ға жететіндігі анықталды.




[ТН-10]=0.1% (1,4), [ТН-10]=0.5% (2,5), [ТН-10]=1% (3,6)
2-сурет. Бентонит сазының тамариксидинді сорбциялау кинетикасы

Бентонит саздары негізіндегі дәрілік формалардың белсенді бастаманың әсерін пролонгациялау қабілетін бағалау мақсатында тамариксидиннің тасымалдаушыдан десорбциялану кинетикасы спектрофотометриялық әдіспен зерттелді. 3-суретте көрсетілгендей, бентонит сазының концентрациясы дәрілік заттың бөлініп шығуына әсер етеді: бентонит сазының мөлшері өскен сайын босап шығу дәрежесі төмендейді. Ол алынған дәрілік форманың тігілу дәрежесінің жоғары болуымен, яғни, дәрілік заттың диффузиясына кедергі жасалатындығымен түсіндіріледі.

Дәрілік заттың босап шығу көр-

сеткіштеріне температура және рН сияқты факторлардың әсері анықталды. Дәрілік заттың босап шығуына рН 5,4 және 6,76 мәндерінде және 36,6°C, 38°C температурасында зерттелінді, себебі, дәрілік форма ашық қабынған тері жараларында қолданылатын болғандықтан, сәйкесінше сау терінің және қабынған тері жарасы кезіндегі рН, температура мәндері қарастырылды. рН, температура мәнінің төмендеуімен босап шығу дәрежесінің төмендеуі, яғни жараның жазылу барысында рН мәнінің, температураның өзгеруі дәрілік зат босап шығуына әсер етіп, пролонгациялық эффектке қол жеткізеді.



[ТН-10]=1 %, [БС]=20 % (1), 25 % (2), 30 % (3)

3-сурет. Тамариксидиннің бентонит сазынан суға босап шығу кинетикасы

Жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша бентонит сазының биологиялық активті кешен тамариксидинді тасымалдау мүмкіндігі зерттелініп, саз-тамариксидин комплексі сутектік байланыс арқылы түзілетіндігі анықталды. Бентонит саздарына седиментациялық анализ жүргізіліп, саз бөлшектерінің мөлшерлері 10^{-6} - 10^{-5} м аймағында жататындығы көрсетілді. Алынған дәрілік жүйенің пролонгациялық қабілеті бағаланды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жумагалиева Ш.Н. Иммобилизация некоторых биологически активных и ле-

карственных веществ на синтетических полиэлектролитах и бентонитовой глине: Автореферат дис. кан. хим. наук, -2004.

2. Серикпаева С.Б., Ешатова А.С., Бейсебеков М.М., Иминова Р.С., Жумагалиева Ш.Н., Бейсебеков М.К., Абилов Ж.А. Изучение сорбционных свойств композиционного носителя рихлокаина на основе поливинилпирролидона и бентонитовой глины // Наука Казахстана. — 2014. -№2.
3. Бейсебеков М.К. Дәрілік заттарды полимерде иммобилизациялау // Вестник КазНУ, сер. хим. - 2002. - №4(28).

КҮКІРТ НЕГІЗІНДЕГІ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ АЛУ

Бақытжанұлы Б., Есіркепова А.Н., Рахметуллаева Р.К., Мамутова А.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Қазіргі кезде Қазақстан көмірсутек шикізаттарын өндеуде ірі мемлекеттердің бірі болып табылады. Мұнай газ облыстарының жалпы ауданы 1,5 млн. км², яғни ол жалпы аймақтың 62%-ын құрайды. Әлемдік нарықта күкірт мөлшері 2017 жылға дейін жыл сайын 3,4% өсіп отырады деп болжам жасалуда [1, с. 24]. Күкірт құрамды қосылыстар - мұнайдың жағымсыз компоненті. Күкіртті бояғыштар – ең арзан синтетикалық органикалық бояғыштар. Күкіртті бояғышпен боялған материалдың ұстамдылық қасиеті және сақтау төзімділігі жақсы. Сондықтан оларды мата, қағаз бояуда және суда ерімейтін болғандықтан жасанды (стоунды) тастарды да бояуға болады [2, с. 93].

Сонымен қатар жасанды тас жасау өндірісі белсенді даму үстінде. Бұл өндірістің қарқынды дамуы декоративті тастар материалының әртүрлі фактурасы мен ауқымды түстерінің палитрасының болуынан. Сондықтан тапсырыс беруші өз қалаған ең жақсы дизайнерлік шешім бере алады. Ең маңыздысы жасанды тастардың табиғи тастарға қарағанда арзан [3, с. 1].

Біздің күнделікті өмірімізде пластмассамен бәсекелестікке түсетін материалдарды табу өте қиын. Полимердің өндіріс пен құрылыс үшін рөлінен гөрі тұрмыстық, сауда саттық және басқада салаларда көптеп қолданылуда. Сонымен қатар материалдың тек физико-механикалық қасиетінен басқа, материал үшін жаңа, заманға сай дизайн және тартымды түсі арқылы ерекшеленетін болды [4, с. 30].

Жасанды тас жасаудың дәстүрлі технологиясында мрамор мен гранит үгінділерін толтырғыш ретінде әртүрлі мөлшерлерінің фракциясы мен байланыстырғыштан (матрикс) тұрады. Байланыстырғыш ретінде көбіне акрилды шайыр немесе полиэфирлі шайыр қолданады. Аталған заттарды араластыра отырып, формаға келтіреді. Қатайған күйге өткеннен кейін беттік қабатын шлифтейді немесе жылтыратады [5, с. 144-146].

Зерттеу нысаны ретінде күкіртті бояғыштар синтезінде қолданылған ароматты қосылыстар алынды. Күкіртті бояғыштарды алу аралық және бірге болатын өнімдерінің түзілуінсіз жүретін күкірттеу (қайнату) және қыздыру (пісіру) әдістерімен жүргізіледі. Осы секілді жеңіл үрдіспен жүргізілетін күкіртті бояғыштар арзан және қол жетімді бояғыш болып табылады. Біз күкірт пен ароматты қосылыстардың әрекеттесу нәтижесіндегі аралық өнімдердің түзілу мүмкіндігін экологиялық талаптар және кең тұрғыдан қолдануларын зерттедік.

Жұмыстың зерттеу нәтижесінде келесі қорытындылар тұжырымдалды:

1) Күкіртті бояғыштарды алу мақсатында күкірттің Пиколин, нафтиламин, *m*-, *n*-фенилендиамин негізіндегі ароматты аминдермен әрекеттесуінен бояғыштар алынып, зерттелді.

2) Алынған бояғыштарды қолдану аясын кеңейту мақсатында стоунды тастарды да бояуға болатынын дәлелденді. Стоунды тас құрамы кальций карбонаты (75%), эпоксид шайыры (25%), қатайтқыш (массадан 0,25%), және өзіміз синтезде алған бояғыш заттар (массадан 0,25-0,75%) әр түрлі қатынаста алынды. Негізі стандарт бойынша бояғыш заттарды 0,142-2,48% аралығында қосады. Ал жұмыста бояғыш заттарды ең аз концентрацияда да түс бере алатынын көруге болады.

3) Құрылымы өзгерген сайын түстерінің өзгергендерін байқауға болады. Пиколиннің *m*-фенилендиамин және күкіртпен әрекеттесуі (ПФДАК) бояғышымен боялған жасанды тастардың түсі ашық қоңыр түс беретінін (1-сурет, №5), ал *n*-ФДАК (стирол) бояғышымен боялған жасанды тас қоңыр түс беретінін көруге болады (1-сурет, №6). Басқалармен салыстырғанда Пиколиннің нафтиламин және күкіртпен әрекеттесуі (ПНАК) бояғышымен боялған жасанды тастар қанық қара түске ие (1-сурет, №3), ал түстің төзімділігі де күшті болады.



Массада 1% ПФДАК негізінде алынған күкіртті бояғышты кальций карбонаты (75%), эпоксид шайыры (25%) негізінде алынған жасанды тасымыздың түсі ашық қара түс беретінін көруге болады.

n-ФДАК негізіндегі бояғышқа ПНАК бояғышын 1:1 қатынаста араластырып стоунды тастарды боялуын көрдік. Нәтижесінде әртүрлі фактуралы стоунды тастың палитрасын жасадық.



2-сурет. Бастапқы және модифицирленген күкіртті бояғыштармен боялған жасанды тас

4. Алынған эпоксидті шайырының массасының 25%-ы ең тиімді көрсеткіш деуге толық негіз бар. Өйткені егер эпоксид мөлшері көп болған жағдайда тастың қатуын боялатып, қасиетін өзгертеді. Ал бояғыш заттардың массасының ең төмен 0,75% алынуынан жақсы қанық түс бере алады. Ал жұмыста бояғыш заттарды ең аз

концентрацияда да түс бере алатынын көруге болады.

5. Төзімділігін зерттеу мақсатында үлгі ретінде бөлініп алынған стоунды тастарды бірнеше күнге 0,1н NaOH, HCl, таза суға салып және 50⁰С температураға қойдық. Қасиетінің өзгеруін жалпы массасының өзгеруі бойынша жүргізіп отырдық.

1-кесте. Боялған тастың № 10 үлгі үшін әртүрлі ортаға төзімділігі

Уақыт, сағ	NaOH (0,1 н) масса (г)	HCl (0,1 н) масса (г)	Судағы масса (г)	T, °C (50 °C) масса (г)
0	0,37	0,29	0,31	0,37
0,25	0,37	0,29	0,31	0,37
0,75	0,37	0,29	0,31	0,37
1,17	0,37	0,29	0,31	0,37
96	0,33	0,28	0,31	0,37

Кестеден көріп тұрғандай стоунды тастың суда және температурада тұрақты екенін көруге болады. Ал сілтілі ортада 4 күннен кейін өз салмағының 10,81% кемігенін көруге болады. Сонымен қатар қышқыл ортада 4 күннің ішінде еш массасын жоғалтпайды да, кейін 3,45 % кемігенін көруге болады.

Қорыта келе алынған бояғыштарды қолдану аясын кеңейту мақсатында жаңа құрылымды жасанды тастар алудың тәсілдері жасалынып, жасанды тастарды да бояуға болатынын дәлелденді.

Алынған бояғыштар алғаш рет жасанды тастармен, басқада композитті материалдарды бояуға болатын мүмкіндіктері көрсетілген. Алынған тастардың құрамында микропордың болмауына және суға өте тұрақты болуы, әрқашан сумен байланысы бар – ванналық бөлмедегі жиһаздар үшін қолдануға да болады. Бұл Стоунды

тастардың қасиетін арттырып, медициналық және қоғамдық орындарда қолдануға таптырмас материал деуге де болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Златоусов А.В. Развитие нефтяной промышленности Казахстана // Oil and Gas of Kazakhstan. 2006. №3. С.23-25.
2. Новейшая история утилизации серы в ТОО «ТенгизШевройл» в письмах и в документах. // Нефть и газ- 2007. - №5, С. 93.
3. Лещинская Л.В., Храмцов Ф.Ф. плиточные работы: внутренняя и наружная облицовка; мощение тротуарных дорожек. // О: Литературный бульвар. Практическое пособие.-2010. С. 24-32.
4. Патент: Способ изготовления искусственного камня (RU 2460702): Ба-балян В.В. (RU) Биндасов Г.В.(RU), М.: Химия, 2008. С. 144-169

МЕХАНОХИМИЯЛЫҚ АКТИВТЕУ ӘДІСІМЕН МОДИФИКАЦИЯЛАНҒАН ГЛАУКОНИТ ҚҰМЫНЫҢ ӨЗГЕРІСІ

Балгышева Б.Д., Қуанышева Г.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Қазіргі күні қоршаған ортаның шаурашылық кәсіпорындарының қалдықтарымен ластануы салдарынан туындайтын экологиялық мәселелерді жиі кездестіреміз. Осы мәселенің ең эффективті және қолжетімді шешімі ретінде табиғи бейорганикалық материалдар негізінде жаңа модификацияланған сорбенттер жасау болып табылады. Табиғи сорбенттер, солардың қатарында глаукониттер, өндірістік сорбенттермен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар. Олардың құндылықтарының ішінде арзандығын, радиациялық тұрақтылығын және экологиялық қауіпсіздігін атап өтуге болады. Осындай артықшылықтары бар табиғи сорбциялық шикізаттың сыйымдылығын жоғарылату үшін модификациялаудың әр түрлі әдістері қолданылады [1; 2].

Бүгінгі күні табиғи глауконит қорының көлемі оның өндірістік өнеркәсібі үшін жеткілікті. Литосферадағы барлық зерттелген глаукониттердің қасиеттерін

жалпылайтын белгілі мәліметтер Соколов – Сарыбай кені глауконитінің реалды маңызын бағалауға және оның рационалды қолдану аймағын анықтауға мүмкіндік бермейді. Соколов-Сарыбай кені глаукониті үшін химиялық, морфологиялық, құрылымдық ерекшеліктері секілді минералдың сорбциялық қасиеттерін анықтайтын факторлары арасындағы байланыс анықталмаған.


Сондықтан глауконитті қышқыл тұздар қатысында механохимиялық активтеу әдістерімен модификацияланғанда болатын өзгерістері зерттелді.

Қышқыл тұз қатысында механохимиялық өңделген глауконит үлгілерінің құрамындағы адсорбциялық және химиялық байланысқан су мөлшерін және механохимиялық активтеу барысында пайда болған жаңатүзілімдердің табиғатын және фазалық құрамын анықтау үшін аталған үлгілердің дифференциалды-термиялық және термогравиметриялық талдаулары жасалды

(сурет 1).

Қышқыл тұз қатысындағы механо-химиялық өңделген үлгінің (глауконит: $\text{NaH}_2\text{PO}_4=4:1$) термиялық талдауы нәтижесінде салмақ жоғалумен қатар оның өсімі тіркелді. Адсорбциялық және қабатаралық судың жоғалуымен байланысты болатын салмақ жоғалу жалпы 3,07% құрады.

ТГ қисығының сипатына қарай масса жоғалу бірсатылы жүретінін көруге болады. Яғни, диірменде орындалған механикалық әсерлердің нәтижесінде үлгі кристалдық торының бұзылуы арқасында, бос ылғал мен қабатаралық судың біруақытта жоғалуы сипатталады.



1 – Г (глауконит) : $\text{NaH}_2\text{PO}_4 = 4:1$; 2 – Г: $\text{NaH}_2\text{PO}_4 = 3:1$;
3 – Г: $\text{NaH}_2\text{PO}_4 = 2:1$; 4 – Г: $\text{NaH}_2\text{PO}_4 = 1:1$.

Сурет 1 – Модификацияланған глауконит үлгілерінің дериватограммалары

Берілген үлгінің дифференциалды-термиялық талдауында да біршама өзгерістер байқалады. 54-200°C температура аймағында жататын ДСК қисығының алғашқы экзотермиялық эффектісінің шыңы 121,1°C температурасында тіркелді және бұл эффект энтальпиясының максимумы шамамен 0,3 мкВ/мг құрайды. Бұл шама шикі глауконит құрамындағы бос ылғалдың жоғалу энтальпиясының өзгерісінен шамамен 6 есе жоғары. Демек, алғашқы экзо-эффект үлгі құрамындағы әрі ылғалдың әрі қабатаралық судың ұшуын сипаттайды. 431,8-534,0°C температура аймағында екінші шағын экзотермиялық эффектісін көруге болады. Шикі глауконит үлгісінің

екінші экзо-эффектісі 550-600°C температура аймағында тіркелген болатын. Аталған экзо-эффект аймағының шыңындағы энтальпия мәні шикі глауконит үшін шамамен -0,025 мкВ/мг құраса, механохимиялық активтелген глауконит: $\text{NaH}_2\text{PO}_4=4:1$ үлгісі үшін ол шама 0,09 мкВ/мг құрайды. Сонымен қатар шамамен 750-790°C температура аймағында өте әлсіз эндо-эффектке ұқсас шұңқыршаны көруге болады.

Глауконит пен қышқыл тұз қатынасы сәйкесінше 3:1 болып келетін сорбциялық материал үлгісінің термиялық талдауы нәтижесінде ТГ қисығында 2,81% масса жоғалу мен 0,25% масса өсімі тіркелді. ТГ қисығының сипаты алдыңғы глауконит:

$\text{NaH}_2\text{PO}_4=4:1$ үлгі секілді бірсатылы масса жоғалтуды көрсетеді. Демек, осы жағдайда да үлгі құрамындағы бос ылғал мен кристалдық су бірауқытта бөліне бастайтыны анық. Үлгі құрамдарының өзгешелігіне қарамастан, екі жағдайда да үлгі массаларының өсімі шамалас болып келеді (глауконит: $\text{NaH}_2\text{PO}_4=4:1$ үлгісі үшін 0,27%, ал глауконит: $\text{NaH}_2\text{PO}_4=3:1$ үлгісі үшін 0,25% құрайды).

Жоғалған салмақтың шамасы бойынша салыстыратын болсақ, глауконит: $\text{NaH}_2\text{PO}_4=4:1$ үлгісі талдау уақыты барысында 3,07% салмақ жоғалтса, глауконит: $\text{NaH}_2\text{PO}_4=3:1$ үлгісі үшін бұл көрсеткіш 4,06% құрайды. Яғни, байқағанымыздай үлгіде қышқыл тұз үлесінің артуымен бірге үлгінің салмақ жоғалтуы да жоғарылайды.

Үлгі массасының өсімі шамамен 422°C температурадан кейін басталады. Дәл осы температурадан үлгінің екінші экзотермиялық эффектісі басталады (шыңы шамамен 460°C температураға сәйкес келеді). Бұл эффект энтальпиясының максимум мәні шамамен 0,125 мкВ/мг құрайды. Алғашқы экзо-эффект энтальпия-сының максимум мәні 0,407 мкВ/мг көрсетеді. Берілген үлгіде байқалатын екі экзотермиялық эффектісінің жылу эффектілерінің шамасы алдыңғы үлгілермен салыстырғанда жоғары.

ДСК қисығында байқалатын эндотермиялық эффектілерінде де айырмашылық бар. Глауконит: $\text{NaH}_2\text{PO}_4=3:1$ үлгісінде адсорбцияланған судың ұшуын сипаттайтын алғашқы шың 115°C температурада байқалса, глауконит: $\text{NaH}_2\text{PO}_4=4:1$ үлгісінде бұл экзо-эффект максимумы шыңы 121°C температурада көрінген болатын. Келесі экзо-эффект максимумы глауконит: $\text{NaH}_2\text{PO}_4=4:1$ үлгісінде шамамен 520°C температурада байқалса, глауконит: $\text{NaH}_2\text{PO}_4=3:1$ үлгісінде ол 460°C температурасында көрінеді. Яғни, үлгідегі қышқыл тұз үлесінің жоғарылауы экзо-және эндо-эффект максимумдары мен минимум нүктелерін төмен температуралар аймағы жағына жылжытады.

Глауконит пен қышқыл тұз қатынасы сәйкесінше 2:1 болып келетін сорбциялық материал үлгісінің термиялық талдауы нәтижесінде 3,64% салмақ жоғалу мен 1,58% салмақ өсімі тіркелді. ТГ қисығының

сипаты алдыңғы үлгілер секілді бірсатылы салмақ жоғалтуды көрсетеді. Үлгі массасының өсімі 400°C температурадан кейін басталады. Берілген үлгі масса жоғалтудың мәні алдыңғы үлгілермен салыстырғанда әлде қайда жоғары. Бұл үлгінің жақсы дамыған меншікті бетінің бар болуын және азоттың сорбент бетіндегі жоғары адсорбциясын көрсетеді, яғни берілген үлгінің сорбциялық қабілеттілігі жоғары болуы қажет.

Бос ылғал мен қабатаралық судың ұшуын сипаттайтын алғашқы экзотермиялық эффектісін 107,5°C температурада көруге болады. Ондағы максимумның жылу эффектісі 0,346 мкВ/мг құрайды. Келесі экзо-эффект шамамен 470-480°C температурада байқалады. Ол шыңға сәкес келетін энтальпия мәні шамамен 0,058 мкВ/мг құрайды.

Механохимиялық активтендіруден өткен соңғы үлгі – глауконит пен қышқыл тұз қатынасы сәйкесінше 1:1 болып келетін сорбциялық материалдың термиялық талдауы нәтижесінде 3,59% салмақ жоғалу мен 3,36% салмақ өсімі тіркелді. Бұл барлық үлгілердің ішіндегі салмақ өсімі бойынша ең жоғары көрсеткіш. Салмақ жоғалту сипаты бірсатылы болып келеді.


ДСК қисығында алғашқы экзотермиялық эффект шыңы 107,5°C температурасында көрінеді. Осы нүктедегі байқалатын жылу эффектісінің мәні 0,33 мкВ/мг құрайды. Келесі эндотермиялық эффект 481°C температурасында тіркелді. Минимум нүктесіне сәйкес келетін энтальпия мәні -0,097 мкВ/мг құрайды.

Шамамен 380°C температурадан кейінгі үлгі салмағы өсімінің қарқынына назар аударатын болсақ, талдаудың аяғында үлгінің салмағы тіпті бастапқы қалпына қайта келеді. Демек, термиялық талдау барысында жоғалған әр су молекуласының орнына сорбент бетінде бір молекула азот сорбцияланған.

Термиялық талдау барысында алынған мәліметтерді салыстыру және жалпылау қорытындысы бойынша, әр түрлі қатынаста қосылған натрий дигидрофосфаты қатысында механохимиялық активтелген глауконит үлгілерінде бастапқы шикі глауконит үлгісімен салыстырғанда механохимиялық активтеу барысында түзілген, әр

түрлі үлесте өзара ортақ фазалық құрамдары бар екендігі анықталды. Үлгілердің ТГ қисығы өзгерісінің сипатына қарай механохимиялық активтелген глауконит үлгілері азотқа қатысты жоғары сорбциялық қабілеттілігі байқалды. Рентгенқұрылымдық талдау нәтижелеріне сүйенсек, үлгілердің механохимиялық өңделуден кейін құрылымдарының аморфизациясы және идентификациясы мүмкін

болмаған жаңатүзілімдердің пайда болуы сорбциялық қабілеттілігі жоғары болып келетін сулы-фосфатты шыны секілді құрылымдардың түзілуімен байланысты болуы мүмкін. 2-суреттен глаукониттің Si-O байланысының деформациялық тербеліс аймағындағы ИҚ-спектр қисығында тербеліс жиілігі $471,2\text{ см}^{-1}$ болатын кварц құрамындағы кремний-оттек байланысын сипаттайтын қарқынды сызық көрінеді.



1 – Г: NaH_2PO_4 = 4:1; 2 – Г: NaH_2PO_4 = 3:1;

3 – Г: NaH_2PO_4 = 2:1; 4 – Г: NaH_2PO_4 = 1:1.

Сурет 2 – Модификацияланған глауконит үлгілерінің ИҚ-спектрлері

Жиілігі шамамен 1100 см^{-1} болатын сызық Si-O байланысының валенттік тербелістерін сипаттайды. Ал жиілігі $3431,6\text{ см}^{-1}$ болатын сызықтар минерал құрылымындағы қабатаралық OH-топтарының тербелістерін сипаттайды.

ИҚ-спектр қисығынан $1300\text{-}450\text{ см}^{-1}$ жиіліктерінің аралығында көрінетін тербеліс жиіліктері $516, 695, 779$ және 798 см^{-1} жұкадисперсті кремнезем құрамындағы Si-

O байланысын сипаттайды [3]. Соған қарағанда үлгі құрамында кварцтан басқа қосылыс жоқ секілді көрінеді. Бірақ алынған ИҚ-спектрлерді мұқият талқылау нәтижесінде тербіліс жиілігі 1100 см^{-1} болатын фосфат-иондарының сызықтарын байқауға болады.

Шамамен $1200\text{-}1000\text{ см}^{-1}$ тербеліс жиіліктері аралығында жататын PO_4^{3-} иондарын сипаттайтын сызықтары Si-O бай-


ланысының сызықтарымен қабаттасып келетіндіктен анық көрінбейді. Сондықтан да келтірілген ИҚ-спектрлер мұқият назар аудармай қарағанда тек кварцты ғана сипаттайтын секілді. Бастапқы қоспаларда натрий дигидрофосфаты үлесінің жоғарылауымен, механохимиялық активтелген үлгілердің ИҚ-спектрлерінде PO_4^{3-} иондары мөлшерінің артуымен байланысты бастапқы $1200\text{-}1000\text{ см}^{-1}$ аралығының кеңеюі байқалады. Сонымен қатар тербеліс жиілігі шамамен 1600 см^{-1} болатын H_2PO_4^- ионын сипаттайтын сызық шыңы жоғарылайды.

Кремний-оттек байланысымен қабаттасып келетін фосфат-иондарының тербеліс жиілігі сызықтарымен бірге қабатаралық суды сипаттайтын тербеліс жиілігінің интенсивтілігі жоғарылайды. Қосындының (натрий дигидрофосфаты) концентрациясы жоғарылаған сайын глауконит құрамындағы қабатаралық судың үлесі негізінен азаюы қажет, сонымен бірге қабатаралық суды сипаттайтын $3431,6\text{ см}^{-1}$

тербеліс жиілігінің интенсивтілігі төмендеу қажет. Бірақ біздің жағдайымызда керісінше судың интенсивтілігі жоғарылайды. Демек, қабатаралық су және фосфат-иондары арасында химиялық әсерлесу мүмкіндігін қарастыруға болады.

Негізінен қоспа құрамында глауконит мөлшері азайған сайын ИҚ-спектрде қабатаралық суды сипаттайтын сызықтардың қарқындылығы төмендеуі қажет. Біздің жағдайымыздағы қарама-қайшылық фосфат-иондарының глауконит құрамындағы қабатаралық сумен әсерлесуінен шығады. Яғни, механохимиялық активтеу нәтижесінде натрий дигидрофосфаты глауконит құрылымына еніп, фосфат-иондары глауконит құрамындағы сумен байланысады.


Жоғарыда келтірілген нәтижелер негізінде жасалған тұжырымдарға сәйкес аморфты фазаның, яғни сулы-фосфатты шынылардың құрылысын келесідей көрсетуге болады:



Мұндағы, K^{n+} – глауконит құрылымындағы октаэдрлі қабат түзетін катиондар (Na^+ , Ca^{2+} , Mg^{2+}).

Гомогенделген глауконит (ГГ) үлгісінің электронды микрофотосуретінен дәндерінің пішіні созылық келген және

гидрослюдаардың псевдометриялық пластиналарынан өлшемдерінің ірілігімен және полидисперстілігімен ерекшеленеді. Дірірменде гомогенделу әсерінен глауконит дәндерінің қабыршақтары хлориттің үшкір дәндеріне ұқсайды.



Сурет 3 – Қышқылдық тұз қатысында механохимиялық активтелген глауконит – қышқылдық тұз жүйесінен алынған үлгілердің сканирлеуші электронды-микроскопия (СЭМ) суреттері

Электронды-микроскопиялық зерттеулер глауконит дәндері ішкі құрылысының біршама күрделілігін және олардың орналасуының бағытталуы белгілі кристаллиттерден тұратынын көрсетеді (сурет 3).

Бөлшектердің өлшемі шамамен 0,5-3 мкм аралығында таралған (сурет 3 (1-5)). Натрий дигидрофосфаты қосындысымен өтетін механохимиялық активтеу нәтижесінде сулы-фосфатты шынылар түзіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дриц В.А. Проблемы определения ре-

альной структуры глауконитов и родственных тонкодисперсных филлосиликатов. - Новосибирск: ВО «Наука», Сибирская издательская фирма, 1993. С. 54-59.

2. Sakharov B.A., Besson G., Drits V.A., Kameneva M.Y., Salyn A.L., Smoliar B.B. X-ray study of the nature of stacking faults in the structure of glauconites // Clay Minerals, 1990, №25 (4), pp. 419-435.

3. Тарасевич Ю.И. Строение и химия поверхности слоистых силикатов. - Киев, 1988, С. 27.

ПЕРСПЕКТИВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПРИМЕНЕНИЯ ОТЕЧЕСТВЕННОГО РЕГУЛЯТОРА РОСТА РАСТЕНИЙ КН-2 (АКПИНОЛ-А) В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ

Сычева Е.С., Асылханов Ж.С., Акимбаева Н.О., Муканова М.С., Ануарбекова И.Н., Бахташ К., Курманкулов Н.Б., Ержанов К.Б.

АО «Институт химических наук им. А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан

Актуальность проблемы развития сельского хозяйства принимает глобальные масштабы. Так, концепция устойчивого развития включает в список основных вопросов, которые должно будет решать человечество, следующие: рост народонаселения; источники энергии и новые топлива; пища, включая питьевую воду; истощение ресурсов; глобальные климатические изменения; проблема загрязнения воздуха, воды и почвы; проблема ограничения производства и потребления токсических и вредных продуктов [1]. Решение практически всех этих указанных вопросов, так или иначе, связано с успешным развитием сельского хозяйства в мировом масштабе.

В 2012 году посевные площади сельскохозяйственных культур в Казахстане составили 21,5 млн. га, из них 16,1 млн. га (≈ 75%) составили уборочные площади пшеницы [2]. За последние 3 года урожайность пшеницы в Казахстане колебалась от 8,7 до 18,5 ц/га, что указывает на высокую зависимость продуктивности пшеницы от природно-климатических условий [3].

Для повышения урожайности, качества зерна пшеницы и устойчивости к вредителям и болезням, является применение регуляторов роста растений (РРР) – при-

родных или синтетических низкомолекулярных веществ, инициирующих при малых концентрациях существенные изменения жизнедеятельности растений [4].

Обладая антистрессовыми свойствами, РРР повышают устойчивость растений к низким и высоким температурам, избытку и недостатку воды, засухе и заморозкам [5, 6].

В Республике Казахстан работы по поиску новых высокоэффективных регуляторов роста растений продолжаются и в настоящее время. Например, в 2000-х гг. в лаборатории химии физиологически активных соединений АО «Институт химических наук им. А.Б. Бектурова» разработаны новые стимуляторы роста растений под лабораторными шифрами АЕС-17, ТК-1, АЯК, АН-16, КН-2, ДЕБ-41, гербицид АЕС-15 и другие. По результатам производственных испытаний в 2012 году препарат КН-2 (акпинол-α) в соответствии с законодательством РК зарегистрирован сроком на 10 лет за №1803 и разрешен для применения на территории РК [7].

Препарат КН-2 или «акпинол-α» повышает:

- Урожайность сельскохозяйственных культур (морковь, картофель, пшени-

ца, ячмень, овощные культуры и др.);

- Укореняемость деревьев и кустарников (саксаул, сосны, можжевельники и др.);

- Приживаемость саженцев плодовых культур (виноград, яблоня и др.);

- Заменяет природные фитогормоны (ИУК, 6-БАП) в биотехнологии растений.

Применение PPP КН-2 (апинола-α) на сельскохозяйственных культурах позволяет получать прибавку к урожаю в среднем на 10% с зерновых, 15% с картофеля и до 20% прибавки урожая моркови с гектара, что почти в 2 раза превышает средние показатели по Казахстану. Основными преимуществами агропрепарата КН-2 (апинол-α) являются:

- высокая эффективность;
- широкий спектр культур;
- низкая доза (до 1000 раз меньше обычно применяемой);
- хорошая растворимость в воде;
- длительные сроки хранения;
- безопасность

В последние годы в мире интенсивно исследуется влияние природных углеводов на рост и развитие растений.

В обзоре [8] проведен анализ научнотехнической литературы по имеющимся данным о модификации природных полисахаридов – арабиногалактана и β-циклодекстрина, используемых в качестве биопрепаратов для сельского хозяйства и медицины, что свидетельствует об актуальности исследований по изучению влияния различных природных углеводов на рост и развитие растений. В мировой литературе сведений по применению АГ в качестве основы для получения PPP не имеется, имеются единичные исследования по применению ЦД в качестве носителей фитогормонов.

Нами предлагается использовать уникальные свойства циклодекстрина и арабиногалактана для получения биоструктурированного отечественного PPP апинол-альфа (КН-2), который по своему составу, эффективности действия на растительные организмы не уступает мировым аналогам, а по экологическим показателям даже превосходит их. Такое исследование, проводимое в лаборатории химии физиологически активных соединений АО «ИХН

им. А.Б. Бектурова», направлено на создание нового биопрепарата для сельского хозяйства и согласуется с трендами современных направлений работ ученых и ведущих фирм мира (Сингента, Байер, БАСФ, Монсанто), усилия которых направлены на создание PPP для повышения урожайности и качества пшеницы.

Полученные результаты позволяют оценить комплексное влияние полисахаридов и PPP на рост и развитие пшеницы и разработать новые технологии повышения урожайности в сельском хозяйстве Республики Казахстан.

Работа проводится по теме «Разработка биопрепаратов на основе природных полисахаридов и отечественного регулятора роста растений для повышения урожайности пшеницы» (Договор № 96 (Приложение 1.2) от 04.02.2014 г. с Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан).

ЛИТЕРАТУРА

1. Кустов Л.М., Белецкая И.П. "Green Chemistry" – новое мышление. // Рос. хим. ж. (Ж. Рос. хим. общества им. Д.И. Менделеева). – 2004. – Т. XLVIII, № 6. – С. 3-12.
2. Агропромышленный комплекс Казахстана. Материал предоставлен Экспертным советом в сфере общественного согласия и социальной модернизации // Казахстанская правда – 03.11.2012 www.kazpravda.kz/c/1351891847.
3. www.minagri.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=2562%3A2012-07-17-06-36-21&catid=97%3Anews&Itemid=312&lang=ru.
4. Пономаренко С.П. Регуляторы роста растений. – Киев, 2003. – 319 с.
5. Вакуленко В.В., Шаповал О.А. Новые регуляторы роста в сельскохозяйственном производстве. Научное обеспечение и совершенствование методологии агрохимического обслуживания земледелия России. – М. 2000. – С. 71-89.
6. Справочник пестицидов (ядохимикатов), разрешенных к применению на территории Республики Казахстан. Астана, 2012 г. – С. 110-115.
7. Ержанов К.Б., Курманкулов Н.Б., Визер С.А., Бортникова К.А., Акимбаева Н.О.,

Сычева Е.С., Муканова М.С., Асылханов Ж.С., Ануарбекова И.Н., Бахташ К.Н., Султанова З.К., Панкин М.И., Никольский М.А. Развитие химии регуляторов роста растений в Республике Казахстан // Международная научная конференция «Защита растений для экологической устойчивости агробиоценозов», Казахстан, Алматы, 21-24 апреля 2014. – С. 228-230.

8. Бортникова К.А., Асылханов Ж.С., Акимбаева Н.О., Бахташ К., Курманкулов Н.Б., Ержанов К.Б. Применение природных полисахаридов арабиногалактана и β -циклодекстрина для создания новых регуляторов роста растений // Химический журнал Казахстана – 2013. – № 4. – С. 151-159.

КОМПЛЕКСООБРАЗОВАНИЕ СШИТЫХ СОПОЛИМЕРОВ НА ОСНОВЕ 2-МЕТАКРИЛОИЛОКСИЭТИЛТРИМЕТИЛАММОНИЙ ХЛОРИДА С ГЕКСАЦИАНОФЕРАТОМ (III) КАЛИЯ В ВОДНЫХ РАСТВОРАХ

Воробьева Н.А., Мун Г.А., Елтаева А.А., Алистратов Н.О.

Каз НУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан


Сточные воды производств, содержащие тяжелые металлы приводят к загрязнению окружающей среды. В настоящее время катионные полиэлектролиты (ПЭ) и комплексы на их основе широко используются в качестве коагулирующих, флокулирующих агентов и разделительных мембран, в технологиях при очистке от тяжелых металлов, в том числе и цианидов. Ранее Нуркеевой с сотр. [1] исследовано взаимодействие линейных и сетчатых полимеров 2-метакрилоилоксиэтилтриметиламмоний хлорида (МАД) с низкомолекулярными соединениями $K_3[Fe(CN)_6]$ и $K_4[Fe(CN)_6]$ в водных растворах. Установлена сорбирующая способность гидрогелей ПМАД сопровождающаяся контракцией гелей. Показано, что комплексобразование между ПМАД и ионами металлов происходит благодаря наличию четвертичных аминогрупп в цепи.

В данной работе нами были синтезированы новые катионные гидрогели путем трехмерной сополимеризации 2-метакрилоилоксиэтилтриметиламмоний хлорида с 2-гидроксиэтилакрилатом (ГЭА) мономерами в присутствии сшивающего агента (СА) N,N-метилден-бис-акриламида

(БАА).

Основные закономерности образования сшитых сополимеров МАД-ГЭА установлены методом золь – гель анализа. Из рисунка 1 видно, что высокий выход гелефракции (80-90%) наблюдается при всех соотношениях сомономеров в исходной смеси. Однако с ростом содержания МАД в исходной мономерной смеси, выход гелефракции несколько снижается, а зольфракции – возрастает, что, по-видимому, связано с деструкцией сополимеров [2]. Полученные данные соотносятся с результатами работы [3], в которой исследовалась трехмерная сополимеризация МАД с N-изопропилакриламидом.

Наиболее важную для практического применения характеристику – равновесную степень набухания – удается регулировать в широком диапазоне, варьируя составом сополимеров. Из рисунка 2 видно, что увеличение содержания МАД в составе сополимера приводит к повышению значений степени набухания гидрогелей. Также исследовано влияние природы растворителя на равновесную степень набухания гидрогелей МАД-ГЭА разного состава.




$[CA]=2,5 \cdot 10^{-2} \text{ г/мл}$; $[ДАК]=5 \cdot 10^{-3} \text{ г/мл}$.

Рисунок 1. Зависимость выхода полимера (3), гель (1) и золь фракции (2) от содержания МАД в ИМС гидрогелей сополимеров МАД-ГЭА

Установлено, что гидрогели набухают как в воде, так и в этаноле. Однако, степень набухания в этаноле значительно

меньше, чем в воде, что, по-видимому, связано с сродством растворителя к полимеру.




$[CA]=2,5 \cdot 10^{-2} \text{ моль/л}$.

Рисунок 2. Зависимость равновесной степени набухания гидрогелей сополимеров на основе МАД-ГЭА в воде (1) и этаноле (2)

Полиэлектролиты обладают рядом свойств, отличных от свойств, не заряженных полимеров. Так, например, в работе [4-6] полиэлектролиты используются в качестве коагулирующих и флокулирующих агентов для удаления красителя из сточных вод текстильного производства. В настоящей работе исследовано комплексообразование новых гидрогелей сополимеров МАД-ГЭА с гексацианоферратом (III) калия. При помещении образцов гидрогелей на основе МАД в водный раствор гексацианоферрата калия, гели окрашиваются в желтый цвет и подвергаются контракции,

что свидетельствует о протекании процесса комплексообразования.


Из рисунка 3 видно, что практически полная контракция гидрогелей сополимеров МАД-ГЭА в растворе $K_3[Fe(CN)_6]$, происходит в течение 30 минут. Установлено, что концентрация солей гексацианоферрата (III) калия незначительно влияет на скорость комплексообразования образцов. При дальнейшем нахождении гидрогелей сополимеров, сжатие образцов не наблюдается, что свидетельствует о завершении процесса комплексообразования.



Состав ИМС [МАД]:[ГЭА]=70:30 мол. %; $C_{\text{соль}} = 0.005$ (1); 0.25(2); 0.5(3); 0.75 (4) М.
Рисунок 3. Набухающее поведение гидрогелей сополимеров МАД-ГЭА в водных растворах $K_3[Fe(CN)_6]$

В работе методом УФ-спектроскопии изучено комплексообразование гидрогелей сополимеров на основе МАД-ГЭА разного состава с солью гексацианоферрата калия. Из рисунка 4 видно, что изменения значений оптической плотности раствора зави-

сит от состава катионного гидрогеля, а именно, значительное уменьшение значения оптической плотности соответствует гидрогелю с большим содержанием МАД в составе сополимера.



Состав ИМС [МАД]:[ГЭА]= 30:70 (1), 50:50 (2), 70:30 (3), ПМАД мол. % (4) ; $C_{\text{соль}} = 0.001$ М

Рисунок 4 - Набухающее поведение гидрогелей сополимеров МАД-ГЭА в водных растворах $K_3[Fe(CN)_6]$

Методом гравиметрического анализа, была определена количественная характеристика сорбционной способности гидрогелей МАД-ГЭА к водным растворам гексацианоферрата (III) калия. Из рис. 5 видно, что с ростом содержания звеньев МАД в составе сшитого сополимера, количество сорбированной соли $K_3[Fe(CN)_6]$ увеличивается.

Таким образом, в работе, методом

радикальной полимеризации осуществлен синтез новых катионных полиэлектролитов на основе 2-метакрилоилоксиэтилтриметил аммоний хлорида и 2-гидрокси этил акрилата. Показано, что значительное влияние на выход сополимеров МАД-ГЭА оказывает содержание МАД в исходной мономерной смеси и концентрация сшивающего агента.




Рисунок 5. Сорбция гексацианоферрата (III) калия гидрогелями сополимеров МАД-ГЭА

Изучено формирование полиэлектролитных комплексов сополимеров МАД-ГЭА с гексацианоферратом (III) калия. Эффективность комплексообразования существенно образом определяется составом поликатионов МАД-ГЭА, а именно, с ростом содержания фрагментов МАД увеличивается способность к образованию полиэлектролитного комплекса.

ЛИТЕРАТУРА

Болашақ фермер, агроном, агрохимик, ветеринар-дәрігер, зоотехник, мелиоратор, топырақтанушы және басқа да ауылшаруашылық мамандарын даярлауда жалпы және бейорганикалық химия, органикалық химия курстары міндетті оқу пәндері ретінде жүргізіледі, сонымен қатар, студенттер химияның ауылшаруашылығына қатысты мазмұны қамтылған кәсіби курсты меңгерулері қажет.

1 - кесте. «Химия және ауылшаруашылығы» элективті курсының модульдік құрылымы

№	Модульдердің атаулары	Сағат саны
1	Өсімдіктің химиялық құрамы және қоректенуі	9
2	Топырақтың химиялық құрамы туралы мәліметтер	7
3	Топырақты химиялық мелиорациялау	2
4	Тыңайтқыштар химиясы	5
5	Ауылшаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыратын қосылыстардың жалпы сипаттамасы	4
6	Металдар, олардың жемірілуі және электрхимиялық қасиеттері	6

№	Курстың мазмұны	Сағат саны
<i>Өсімдіктің химиялық құрамы және қоректенуі</i>		
1	Өсімдіктердегі су және құрғақ заттар	1
2	Өсімдіктердегі органикалық заттар, олардың өнімнің сапасына әсері	1
3	Макро және микроэлементтер (C, H, O, N, P, K, Na, Ca, S, Mg, Mn, Fe, B, Cu, Zn, Br, F)	1
4	Микроэлементтердің негізгі физиологиялық функциялары	1
5	Элементтердің өсімдіктің өсуіне және түсіміне әсері	1
6	Өсімдіктердегі азоттың салыстырмалы мөлшері	1
7	Өсімдіктерге химиялық анализ жасаудың маңызы	1
8	Өсімдіктерді сақтау кезінде олардың химиялық құрамының өзгеруі	1
9	Өсімдіктерге қоректік заттардың түсуі. Егін шаруашылығындағы заттардың айналымы туралы түсінік.	1
<i>Топырақтың химиялық құрамы туралы мәліметтер</i>		
1	Топыраққа жалпы сипаттама. Топырақтың түрлері және оның минералдық құрамы	1
2	Кремний диоксиді – топырақтың минералды құраушысы	1
3	Силикаттар (Ca, Fe, Al) – топырақтың маңызды минералдары	1
4	Топырақтың сазды минералдары. Топырақтың коллоидтар	1
5	Топырақтың органикалық құрамы	1
6	Топырақтың құрамындағы газдар	1
7	Топырақтағы су. pH мәні	1
<i>Топырақты химиялық мелиорациялау</i>		
1	Қышқыл топырақтарды өңдеу және мелиорациялау	1
2	Мелиорациялауда қолданылатын тыңайтқыштар	1
<i>Тыңайтқыштар химиясы</i>		
1	Тыңайтқыштарға жалпы сипаттама және оларды классификациялау	1
2	Азотты тыңайтқыштар	1
3	Фосфорлы тыңайтқыштар	1
4	Калийлі тыңайтқыштар	1
5	Микротыңайтқыштар. Аралас және кешенді тыңайтқыштар. Органикалық тыңайтқыштар	1
<i>Ауылшаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыратын қосылыстардың жалпы сипаттамасы</i>		
1	Улы химикаттар	1
2	Гербицидтер, фунгицидтер, инсектицидтер	1
3	Ақуыз дәруменді қоспалар	1
4	Жем-шөптің құрамына кіретін қосылыстардың ақуыздық сипаттамасы	1

<i>Металдар, олардың жемірілуі және электрохимиялық қасиеттері</i>		
1	Металдардың физикалық және химиялық қасиеттері	1
2	Электродты потенциал. Гальваний элементі	1
3	Жемірілу туралы жалпы түсінік. Жемірілудің жүру механизмі бойынша коррозия процестерін жүйелеу	1
4	Жемірілу жылдамдығына қарай металдың жойылуын есептеу	1
5	Ауылшаруашылық құрал-жабдықтардың, техникалардың жемірілуіне қысқаша сипаттама	1
6	Металдарды, құрал-жабдықтарды жемірілуден қорғау	1

2 - кесте. «Химия және ауылшаруашылығы» курсы бойынша орындалатын зертханалық жұмыстар

№	Зертханалық жұмыстардың тақырыптары	Сағат саны
1	Аналитикалық үлгілерді жинау	4
2	Топырақтағы көмірсулардың құрамын фотометрлік талдау арқылы анықтау	8
3	Топырақтың құрамындағы нитраттарды фотометрлік талдау арқылы анықтау	4
4	Топырақтың құрамындағы сульфат иондарын фотометрлік талдау арқылы анықтау	4
5	Ағзынды сулардағы нитрит иондарын анықтау	4
6	Зерттелетін бір үлгіден азот, калий және фосфорды анықтау	8
7	Минералдық тыңайтқыштарды сапалық талдау арқылы тану	4
8	Құрғақ заттың гигроскопиялық ылғалдылығын анықтау	4
9	Нитрат тыңайтқыштарындағы азотты Декард әдісі арқылы анықтау	4
10	Шефердің көлемдік әдісі арқылы тыңайтқыштардағы суда еритін фосфаттардың мөлшерін анықтау	12
11	Калий тыңайтқыштарындағы калийді фотометрлік талдау арқылы анықтау	4

3 - кесте. «Химия және ауылшаруашылығы» курсы бойынша студенттердің өздігінен орындалатын жұмыстары

№	Жұмыс тақырыптары	Тапсыратын апта
1	Химияландыру түсінігі және ауылшаруашылығын химияландыру	3
2	Өсімдіктердің түрлері және олардың биологиялық ерекшеліктері	5
3	Топырақтың қышқылдылығы және буферлік қабілеті	7
4	Тыңайтқыштардың физика-механикалық қасиеттері	9
5	Көкөністерге қолданылатын тыңайтқыштардың жүйеленуі	11
6	Тыңайтқыштарды қолданудағы экономикалық тиімділік көрсеткіштері	13

«Химия және ауылшаруашылығы» элективті курсының модульдік мазмұны яғни дәріс, зертханалық жұмыстар және студенттердің өздігінен орындалатын жұмыстарын құрастыру барысында мынадай 3 нысаналар өсімдік, топырақ және ты-

ңайтқыш ескеріліп құрастырылды. Өсімдікті зерттеу барысында - оның биологиялық ерекшеліктері ескерілетін болса, топырақты зерттеуде сіңірімді заттардың топырақтағы құрамы мен динамикасы, топырақта тыңайтқыштардың әртүрлі үде-

рістермен айналулары анықталады. Бұл топырактану бағытымен тікелей байланысты екені белгілі. Сондай-ақ тыңайтқыштардың құрамы, қасиеті, тиімділігі ескеріледі. Осындай бір – бірімен тығыз байланысы бар үшбұрышты пирамиданы ескеріп жүзеге асырғанда ғана мақсатқа сәйкес қойылған міндеттер шешімін тауып, курстың мазмұны толықтай жүзеге асырылады.

Агрохимиялық зерттеу жұмыстарына тоқталар болсақ, нысаналарды зерттеу 2 әдіспен іске асырылады. Олар: биологиялық және зертханалық. Биологиялық әдіс мынадай 3-топқа жіктеледі: далалық тәжірибе, вегетациялық және лизиметрлік әдіс.

Далалық тәжірибе – арнайы бөлінген территорияда тыңайтқыштардың ауылшаруашылық өсімдіктеріне ауа-райының әртүрлілігін ескере отырып, әсер ету шарттарын анықтау үшін жүргізеді.

Вегетациялық әдісті өсімдіктің өсуі, дамуы, зат алмасуы және сіңірімділігін анықтауға қолданады. Вегетациялық тәжірибелер арнайы шыны ыдыстарға құйылған су, топырақ және құмда жүргізіледі. Мұндай тәжірибелерді жүргізу барысында өсімдіктің тыңайтқышты жарықтың әсерінен сіңіруі және ылғалдану режимі мен температураға әсері зерттелінеді.

Лизиметрлік әдіс – арнайы лизиметр деп аталатын құрылғының көмегімен табиғи жерде іске асырылады. Бұл әдістің мәні – топырақ қабаттарында сулардың қозғалысын зерттеу.

Ал, зертханалық әдіс – өсімдік, топырақ және тыңайтқышты биохимиялық, микробиологиялық әдістер және изотопты индикаторлар әдісімен (тұрақты және радиоактивті изотоптар) агрохимиялық талдау болып табылады [2, 3].

Өсімдік, топырақ және тыңайтқышты агрохимиялық сапалық талдау жалпы химиялық сапалық талдауға негізделген бірақ сапалық талдау зерттелетін нысанаға байланысты таңдалып алынады. Топырақтың құрамы бейорганикалық және органикалық заттардан құралатын болғандықтан құрамын бір ғана сапалық талдаумен анықтау мүмкін емес, сондықтан сандық және арнайы аспаптардың көмегімен анықтауға болатын фотометрлік және потенциометрлік әдістер де қолданылады.

Өсімдікті агрохимиялық талдау тыңайтқышты қолдану барысында өнімнің сапасын бағалау және тыңайтқыштың құрамынан сіңірімді элементтің қаншалықты сіңірілетіндігін анықтау болып табылады. Ал топырақты агрохимиялық талдау өсімдіктің сіңірімді элементпен қамтамасыз етілуін анықтау, топыраққа тыңайтқышты қолдану барысында кез келген химиялық реакцияға төзімділігін анықтау және тұздануға қарсы тұруын анықтау яғни, тыңайтқыштың топырақпен әрекеттесуін айқындау болса, тыңайтқышты агрохимиялық талдау – органикалық тыңайтқыштарды сақтау және қолдану барысындағы сапасын анықтау, өнеркәсіптік минералдық тыңайтқыштардың өсімдікке әсер ететін заттың құрамын анықтау болып табылатын болғандықтан агрохимиялық талдаулар жүргізіледі.

Әрине, кез келген химиялық зертханада минералдық тыңайтқыштармен жұмыс жасау барысында да қауіпсіздік және санитарлық ережелер орындалуы шарт. Тыңайтқыштармен жұмыс жасау кезінде арнайы киімдерді яғни, халат, көзді сақтау көзілдірігі және қолқап сондай-ақ қажет болса улы газдардан қорғайтын киімдерді киген дұрыс. Әсіресе сұйық аммиакпен жұмыс жасауда сақтық шаралары ерекше орындалу қажет. Мысалы, аммоний нитратын сақтау барысында өртке қарсы ережелерді есте ұстау екендігі ескеріліп, жанғыш заттар болып табылатын мұнай және одан алынатын өнімдермен бірге сақтауға рұқсат берілмейді. Сондай-ақ аммоний нитратын қолданғанда жылытқыш аспаптарын бірге қолдануға болмайды. Зертханада өрт шыққан жағдайда судың көп мөлшерімен сөндіріп, бөлінетін азот оксидтерімен уланып қалмас үшін газдардан қорғайтын арнайы киімдерді кию қажет. Тыңайтқыштармен жұмыс жасап болғаннан кейін міндетті түрде таза сумен шайыну қажет екендігі туралы ақпараттар беріліп, қауіпсіздік ережелерінен сынақтар алынады.

Қорыта келе, «Химия және ауылшаруашылығы» элективті курсының мазмұнын құрастыру арқылы университетте білім алып жатқан магистранттардың агрохимияның міндеттері мен әдістерін, өсімдіктің химиялық құрамы мен сапасын,

топырақтың құрамы, қышқылдығы және оның сіңірімділігін, топырақты химиялық мелиорациялауды, ауылшаруашылығындағы тыңайтқыштардың ролін, минералдық тыңайтқыштардың түрлерін және олардың органикалық тыңайтқыштардан айырмашылығын, тыңайтқыштарды қолданудағы экономикалық тиімділіктерді игеріп, химиядан жүйеленген білімдерін қоғамның әр саласына бәсекеге қабілетті құзиретті маман ретінде қолдана алатын-

дарына үміттенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Орлов Д.С. Химия почв. – М.: «Высшая школа», 2005.
2. Воробьева Е.В., Макренко Т.В. Большой практикум. - Гомель. 2005, 87 с.
3. Брехова Л.И., Стахурлова Л.Д. Методы количественного анализа удобрений. Учебно-методическое пособие для вузов. – Воронеж, 2006, 38 с.

БЕЙІНДІК МЕКТЕПТЕ ХИМИЯ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Масалимова Б.Қ.

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,
Арқалық, Қазақстан*

Бүгінгі заман талабы білім кеңістігінде үлкен өзгерістерді талап етіп отыр. Соңғы кезде білім беру мен тәрбиелеудің жаңа мақсаттары қалыптасуда. Мектеп еліміздің болашағы жас ұрпақтың интеллектуалдық қабілеттерін дамытып қана қоймай, сонымен қатар еркін, шығармашыл, сыни ойлай алатын, өз ынтасы мен бейімін жете түсініп, оны дамыта алатын, өмірде өз орнын таба білетін қабілеттері дарыған шәкірт тәрбиелеу бағытында жұмыс жүргізуі қажет. Терең ғылыми білімімен қатар, алған білімдерін күнделікті өмірде, практикада қолдана білсе, кез-келген адам қазіргі қоғамға тез бейімделе алады.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндегі – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай пән мұғалімі ғана болу аз, мұғалім – ұстаз, инноватор, иннотехник болуы керек.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін - білім».

Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасында: «12 жылдық білім берудің басты мақсаты: өзінің және қоғамның мүд-

десінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру», - деп нақты көрсетілген [1].

Әлемдік тәжірибеге қарағанда бейінді - бағдарлы оқыту мәселесі өмірге келгеніне 150 жылдай уақыт болды. Кез-келген мемлекеттің білім беру жүйесі әлеуметтік тапсырыс пен мемлекет сұранысын ескере отыра, өзгермелі заманда үнемі жаңартуды және жетілдіруді талап етеді.

Республикадағы экономикалық түбірлі өзгерістер Қазақстан білімі мен ғылымы алдына зор ауқымды міндеттер қойып отыр. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, жастардың белсенді, шығармашылықпен жұмыс жасауын және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Сондықтан да, мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты - арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың тиянақты интеллектін, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады.

Химия – жалпы білім беретін мектептерде тәжірибеге бағытталған пәндердің

негізгісі болып табылады. Химия ғылымы сүйенетін әдістер (талдау, эксперимент, модельдеу) көп жағдайда зерттеушілік құзіреттіліктің негізгі компоненттерімен сәйкес келеді. Осыған байланысты, химия пәнінің мұғалімі мектеп пәндерін оқыту барысында басымдылық ретінде – оқушылардың зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыруды алға қою қажет.

Сабақ барысында және сыныптан тыс жұмыстар жүргізгенде, оқушыларда ешқандай дайындықсыз зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру мүмкін емес. Тек қана, бірнеше қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың (зерттеушілік, жобалық, ақпараттық-коммуникативтік) мүмкіндіктерін қолдану арқылы алға қойған міндеттердің шешімін табуды қамтамасыз ете алады.

Зерттеушілік құзіреттілік ұғымы «жасай білу» түсінігімен ұқсас келеді, сондықтан қойылған мақсатқа сәйкес тұлғаның алған білімі мен дағдысы негізінде белгілі іс-әрекетке дайындығының болуы.

Жасай білу термині үнемі белсенді интеллектуалды іс-әрекет пен ойлау үрдісіне сүйенеді.

Мысалы, химияны оқыту кезінде химияның алғашқы ұғымдары, бейорганикалық қосылыстардың маңызды класстары, атом молекулалық ілім, органикалық қосылыстардың арасындағы генетикалық байланыс, Д.И. Менделеевтің периодтық заңы және жүйесі, химиялық өндірістерді оқыту кезінде зерттеушілік құзіреттілік тұрғысынан оқытудың маңызы өте зор.

Химияны оқытуда зерттеу жұмыстарын жүргізу зерттеушілік біліктілікті қалыптастыруға ықпал жасайды. Химия пәнінің мұғалімдері оқушылардың зерттеу жұмыстарында эксперименттік жоспардағы, зерттеу жобаларын, ғылыми-зерттеу конференциялары түріндегі зерттеулерді қолданады. Қазіргі таңда оқушылар мұғалімнің басшылығымен ғылыми зерттеу экспедициясына, далалық тәжірибелерге, олимпиадаларға, ғылыми-практикалық конференцияларға белсенді түрде қатысып, зертханаларда тәжірибелер жүргізеді. Конференциялардың жұмыстарында экспедициялар мен зертханаларда орындалған бірнеше айдың қорытындыларын көрсетіледі.

Ал, сабақ барысында мұғалімнің

ұйымдастыруымен зерттеушілік жұмыстарды жүргізу пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарға әсер етеді. Себебі, кейбір жағдайда сабақ кезінде фактілерді, құбылыстарды, заңдылықтарды тереңдетіп оқытуға мүмкіндік болмайды. Тақырып бойынша сабақтың логикалық жалғасы ретінде төмендегі формаларды қолдануға болады:

- сабақтан тыс уақытта ғылыми-білім беру,

- ізденіс-шығармашылық жұмыс түрлерін ұйымдастыру (пән апталықтар, ғылыми-тәжірибелік жұмыстар, викториналар, конкурстар, олимпиадалар, жобалар сайысы) яғни оқушылардың жеке өз бетінше жасаған зерттеу материалдары.

Бейінді мектептерде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әртүрлі формада өткізілуі тиіс және оқушылардың қызығушылығын арттыру қажет. Мектепте пәндер үйірмесін ұйымдастыру оқушының химия пәнінен алған білім, білік, дағдысын ғана дамытпайды, сонымен қатар болашақта кәсіби мамандық таңдауға да ықпалын тигізеді. Үйірме топ құрамындағы әртүрлі сынып оқушыларын біріктіреді. Үйірме жұмысы мынадай түрде көрінеді: алғашқы айда ұйымдастырылған жиналыста жоспарланып, оқушылардың таңдауымен реферат және баяндамалардың тақырыбы анықталады, одан кейін мұғалім әрбір тақырыпқа сәйкес негізгі және қосымша әдебиеттерді көрсетіп, жұмыстың жоспарын ойластыруды тапсырады. Тақырып таңдағаннан кейін үйірменің басты және негізгі жұмысы басталады. Алғашқы үйірме жұмысының жүргізілуінің негізгі ролі жетекшіге жүктеледі. Әрбір оқушыны қадағалап, жұмыс барысында туындайтын мәселелерді айтып түсіндіреді [2].

Ғылыми зерттеудің әдісі мен тәсілдері, материалды жинау, әдебиеттермен жұмыс жүргізу, ғылыми құралдарды қолдану туралы мұғалім оқушыларға 2-3 дәріс оқу қажет, сонымен қатар оқушыларды бейінді мектептің ғылыми бағыттарымен таныстыру керек. Егер, үйірме жұмысының басы сәтті өтіп, тақырыптардың көп бөлігі жұмысқа қабылданса, жұмыстарын қорғауға кесте құрылады, дайын баяндамаларды тыңдау басталады.

Үйірменің қорытындысын жүргізудің негізгі формалары: баяндамалар конкурсы,

ғылыми конференциялар мен пәндік олимпиадаларға қатысу, «дөңгелек үстел» өткізу, ғалымдармен кездесу, сонымен қатар ең жақсы жұмыстарды тезис түрінде ғылыми жинақтарда жариялауға болады. Үйірме жұмысының мазмұны тек қана баяндама жазып, оны тыңдауда ғана емес, ол дәріс, шығармашылық кеш, ғалымдардың өмірбаяны мен шығармашылығы бойынша дайындалған әдеби кеш те болуы мүмкін.

Мысалы, бейіндік мектепте мәселелік үйірме ұйымдастырғанда, «Сутектік отын алу әдістері» атты мәселемен айналысуға болады. Ол үшін мәселелік үйірме жетекшісі оқушыларға сутектік отын, оның маңызы, дүниежүзі ғалымдарының еңбектерімен, отандық және шетелдік ғалымдардың патенттерімен, сутектік отын алуға байланысты ұйымдастырылған конференция, симпозиум, конгресс туралы айтып түсіндіріп; оқушыларға зертханалық қондырғы жасату, әдебиет көздеріне шолу жүргізу, қажетті технологиялық параметр және катализатор қолдануды іске асыруға байланысты мәліметтермен таныстыру қажет. Мәселелік үйірме жоспарына жүргізілетін жұмыстардың реттілігі, орындалу уақыты, нәтижесі туралы мәліметтер енгізілуі қажет.

Ал, мәселелі зертханалар оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының қиындық сатысына байланысты. Оған жоғары сынып оқушылары қатысады. Зертхана ғылыми жұмыс мектебі емес, ондағы оқу нақты білім мен дағдыға қатысты. Мұндай зертханадағы жұмыс тек қана әдебиеттерді оқыту немесе сараптау жасау үшін ғана емес, тәжірибе қою мен жаңалық жасауды ұйымдастырады.

Мәселелі зертханадағы жұмыс толыққанды ғылыми зерттеу жұмысы және алдағы ғылыми тәжірибелік жұмыстарда басты бағалы қадам болып табылады. Мысалы, бейінді мектептерде «Көмірсутектердің жартылай тотығуы арқылы оттекті және сутекті органикалық қосылыстар алу» тақырыбында мәселелік үйірме ұйымдастыруға болады. Оқушыларға соңғы 10 жыл көлеміндегі осы тақырып бойынша зерттелген жұмыстарға талдау жасатып, зерттелгелі отырған жұмысқа қажетті технологиялық параметрларды таңдап алу қажеттігін түсіндіру керек. Сонымен қатар,

көмірсутектерді жартылай тотықтыруға арналған қондырғының барлық бөліктерін алдын-ала абсолютті калибрлеу жүргізіп, қондырғының герметикалығын тексерту қажет. Сонымен қатар, бастапқы және тотықтыру кезінде түзілетін өнімдерге хроматографиялық анализ жасату; түзілген өнім шығымы, талғамдылығы, конверсиясына байланысты есептеу жүргізуді үйрету. Егер, жұмыста катализатор қолданылатын болса, катализатор табиғаты, кеуектілігі, белсенді фаза, катализатор дайындау технологиясына байланысты жеке дәрістер өткізу қажет. Бейінді мектептерде оқушыны осындай ғылыми-зерттеу жұмысына баулу, оны болашақта инженерлік мамандық таңдауына жол ашады [2].

Кез-келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы адам ресурстарына – оның халқының білімділігі мен мәдениетіне – тәуелді болып келеді. Сондықтан мектепте химиядан білім беруде оқушылардың барлық мүмкіндіктерін қалыптастыру және дамыту, оның болашақта бәсекеге қабілетті маман ретінде өзін барынша көрсету қабілетін дамыту болып табылады. Қоғам мектеп оқушыларынан ұтқырлықты, кәсіптік дайындықтың жоғары деңгейін, өз бетімен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайындығын талап етеді.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің Болон процесіне енуіне байланысты күтілетін әлеуметтік нәтижелерге білім сапасының жоғары көрсеткіштері жатады. Білім сапасының жаңа деңгейіне қол жеткізу оны іс-әрекеттік негізде құру, жекелеу, білім беру траекториясын белгілеу арқылы жүреді. Бұл жағдайда оқушылардың зерттеу әрекетін қалыптастыру басты міндет болып табылады. Білім беру мен тәрбиелеудің негізі – ұстаз. Қазіргі таңда шығармашылық ізденістегі педагогикалық жаңа әдістерді жете меңгерген, кәсібилікке қалыптасқан педагог мектеп қабырғасында оқушының білім нәрімен шыңдалуына ықпал жасайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді модернизациялау күзіреттілік тұрғысынан білім беру мазмұнын толықтыру болып табылады. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының стратегия-

лық міндеттерін шешу жағдайында тұлғаның маңызды қасиеттері: инициативалығы, шығармашылықпен ойлау қабілеттілігі, мәселені шешу жолдарын табу, кәсіби жол таңдай білу, өмір бойы оқуға дайындалу болып табылады.

Жеке тұлғаның құзыреттіліктерін дамыту мен қалыптастырудағы нысандар мен құбылыстарды зерттеумен байланысты өңдеу әрекетінің маңызы зор.

Химиядан ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру оқушылардың білім диапазонын кеңейтуге, талдау және қарама-қарсы қою білігін қалыптастыру, ситуацияның даму жолдарын модельдеуге үйретіп қана қоймайды, танымдық қызығушылығын ұлғайтып, ақпарат көздерімен жұмыс жасау білігін арттырады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға және әр оқушының жеке білім алу траекториясының сауатты түрде дамуына жол ашады.

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының химия, биология және география кафедрасының басты ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес 5B011200 «Химия»

мамандығының студенттеріне «Химиядан құзыреттілік қалыптастыру», «Химиядан ғылыми жобалар ұйымдастыру», «12 жылдық мектепте құзыреттілікті оқыту және бағалау» элективті пәндері оқу үрдісіне енгізілген [3]. Осы элективті пәндер арқылы болашақ мектеп мұғалімдеріне дәрістер жүргізіліп, семинар-тренингтер, коучингтер ұйымдастырылып отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында 12 жылдық орта жалпы білім беру тұжырымдамасы /Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі, 12 жылдық білім беру мәселесінің республикалық ғылыми-практикалық орталығы. - Астана, 2006, 19б
2. Масалимова Б.Қ. Бейіндік мектепте химия пәнінен оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыру. Арқалық, 2014. 120б.
3. Махмутова Ж.С., Масалимова Б.К. Использование современных инновационных технологий обучения в Аркалыском педагогическом институте /Bulletin d'EUROTALENT-FIDJIP. Франция, Париж. -2013. -Vol.2. -P.59-62.

ХИМИЯ ПӘНІНДЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Даутова З.С., Сатыбалдина Л.С

С. Аманжолов ат. ШҚМУ, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі ХХІ ғасырда техниканың қол жетімді болып, жетілген кезінде адамдардың демалыс кезіндегі істерінде де, жергілікті қоғамдастық өмірге араласу үшін де шексіз мүмкіндіктері пайда бола бастады. Бүгінде компьютерлер қол жұмысының көп бөлігін орындайтын болғандықтан, адамдар өз жұмыс орындарында олардан бейімделгіштік және мәселелерді шығармашылықпен шешетін міндеттермен көбірек жұмыс жасайды.

Осындай ортада біздің оқушылар жетістіктерге жету үшін мектептер оларды қарапайым дағдыларды ғана меңгеруге бейімдемей, проблеманы шешу, сын тұрғысынан ойлау, өздігінен білім алу, ынтымақтастық, ақпаратты өңдеу, креатив-

тілік және жобалау, практикалық және тәжірибелік сияқты ғасыр талабына сай дағдыларды жоғары дәрежеде меңгерту қажет.

Білім берудің басты мақсаты оқушыны өзіндік білім алуға тәрбиелеу болып табылады. Бұл әсіресе үнемі үздіксіз оқуға тура келетін, технологиясы жылдам өзгеріп тұрған ХХІ ғасырда өте маңызды. Өз бетімен жұмыс істей алатын оқушылар өз уақытын тиімді жоспарлайды және тапсырмаларды ескертусіз - ақ орындайды. Олар құралдар мен ресурстарды қалай анықтап, қолдану керектігін біледі. Олар өзіндік іс-әрекеттің қиыншылықтарына төзеді және өз қателіктерінен өздері үйренеді. Ғалымдардың пайымдауынша адам өз іс-әрекеті мен оның нәтижесін өзіндік бағалаған сәтте

ғана құзыретті бола алады.

Оқушы жетістігінің негізгі көрсеткіші оның жеке даму серпіні және оқуға деген құштарлық. Баланың кешегі нәтижесін оның бүгінгі жетістігімен салыстыруды үйрену үшін бағалау жүйесін түбегейлі өзгерту қажет. Осы мәселені шешу қазір барлық мемлекеттік құжаттарда да, жаңа буын білім стандарттарында да, және ең бастысы мұғалімдер мен бүкіл қоғам санасында да көрсетілген.

Қазақстан мектептері бірнеше онжылдықтар бойы бесбалдық бағалау жағдайында келеді. Әлеуметтік - саяси, тарихи жағдайлар өзгерді, жалпы әлем келбетінің өзі өзгерді, бірақ мектептегі бағалау сол күйі қалды. Содан бері бұл білім жүйесіндегі кертартпа факторға айналды. Қазір қоғамда бесбалдық жүйеге наразылықтар көбеюде. Бірнеше онжылдықтар бойы өмір сүріп келген дәстүрлі бағалау жүйесінің өз кемшіліктері бар. Ол бесбалдық емес, үшбалдық жүйеге айналды, өйткені «1» және «2» деген бағалар болмайды - олар тек ағымдағы бағалауда ғана қолданылатын, ал қорытынды бағалауда мүлдем қолданылмайтын қанағаттанарлықсыз нәтиженің жай ғана бүркемесі. Ал «5» бағасы да аз дау тудырмады: ҰБТ кезінде оның келбеті күңгірт болып кетті, аттестатта тұрған үздік неге керек, егер алған ұпайына сәйкес бестікпен оқушы қалаған оқуына түсе алмаса. Сонымен бесбалдық бағалаудың (мектеп іс- тәжірибесінде үшбалдық бағалау) кемшіліктерінің ішінде келесілерін атап көрсетуге болады:

- Мұғалім бақылаушы функциясын атқарады;
- Оқушы өз дамуындағы серпінді көруден аластатылған. Оқушы диктантта 10 қате жіберіп «2» алады, сосын ол нәтижені 2 есе жақсартып бар жоғы 5 қате жіберсе де, бәрібір оның алатын бағасы «2»;
- Бағалар білімнің нақты элементінің меңгерілгендігі туралы көрініс бере алмайды, бұл әрбір оқушының жеке оқу траекториясын анықтауға мүмкіндік бермейді;
- Жүйе балаға өзін - өзі бағалауға және бақылауға мүмкіндік бермейді. Ал дәл осы қасиет оған ересек өміріне ең қажет емес пе [1].

Егер барлық үлкендерде балаларды бір-бірімен емес, оның кешегі нәтижесін

бүгінгі жетістігімен салыстыратындай мүмкіндік болса, онда әлемде бақытты оқушылар көбірек кездесетін еді.

Осы көрсетілген міндеттерді шешу үшін бағалау жүйесін түбегейлі өзгерту қажет болды. Ол бесбалдық жүйені қандай да бір эквивалентті жүйеге – онбалдық немесе жүзбалдық, немесе жұлдызшалар мен жүрекшелерді санау сияқты жүйеге механикалық жолмен көшу емес. Бағалау жүйесінің міндетті компоненті – критерийлерді жасап шығару. Сондықтан шетелдік тәжірибеде бағалаудың дәстүрлі жүйесіне балама ретінде критериялды бағалау түрін ұсынады. Оның негізгі функциясы болып үрдіс нәтижесі, барлық оқыту үрдісіне қатысушыларға (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар) оқыған материалдың меңгерілу дәрежесін түсінуге мүмкіндік беретін кері байланыс, оқушылар алдында қойылған мақсаттардың анықталу дәрежесі мен олардың дамуындағы нәтижеге жетуінің сәйкес келуі, оқушының және де бүкіл сыныптың әрі қарай жеке және топтық жұмыстарын ұйымдастыру үшін сол мезеттегі қиыншылықтарын анықтау, оқушылардың сәтті оқу - әрекетіне қозғаушы күш үшін жайлы психологиялық оқу ортасын қалыптастыру [2].

Жаңа бағалау жүйесінің өміршеңдігі - оның технологиялығында:

- ол белгілі бір мұғалімнің тұлғасына тәуелді болмауы керек;
- ол психология - педагогикалық негізделген болуы керек;
- әдістемелік жарақтанған;
- оны оқып үйреніп, тәжірибеде жүзеге асыруға болады;
- ол оқу үрдісінің барлық қатысушыларына түсінікті болып, олардың барлық сұрақтарына жауап беруге тиісті.

Мұндай мүмкіншілік оқушыларды сабақта критериялды бағалау кезінде туындайды және мұғалім үшін бірқатар қағидалар береді:

- Оқушының өзі немесе оның қабілетінің деңгейі, тұлғасы емес тек оның нақты жұмысы бағаланады.
- Оқушының жұмысы басқа оқушылардың жұмысымен емес, эталонмен салыстырылады. Эталон оқушыларға алдын ала белгілі.
- Оқушылар өз жетістік деңгейін өзі

анықтай алатындай бағаны шығарудың нақты алгоритмі әзірленеді.

- Нені оқытып жатырсың сол бағаланады, сондықтан бағалау критерийлері - бұл оқу мақсаттарының нақты көрінісі.

- Оқушы өз жұмысын өзі бағалайды.

Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалауды біріктіреді. Қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау сыныптағы күнделікті жұмыс үрдісіндегі негізгі құзыреттіліктің ағымдағы қалыптасу деңгейін анықтау үшін алынады. Бұл мұғалімге және оқушыларға жиынтық бағалау алдында өз жұмыстарындағы олқылықтарды, жетіспеушіліктерді анықтап, түзетуге мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау негізгі құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін оқу ақпараттық бөліктің оқытылу соңында анықтау үшін тағайындалады. Осы жұмыстарға қойылған баға курс бойынша тоқсан немесе жартыжылдық кезеңдерінде қорытынды бағаны анықтау үшін негіз болып табылады. Жиынтық жұмысты критерийлердің ең көп мөлшері қолданылатындай етіп құрастыру қажет.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың нәтижелері АҚШ, Гонконг, Австралияда шынайылықты арттыру үшін және бірыңғай критерийлер негізінде бағалаудың әділдігі үшін қолданылады.

Бұл ретте, барлық елдерде мектептік критериалды бағалаудың оқушыға оқудың

қай кезеңінде жеткенін және оқудағы жетістікке жетуде жеке көмек көрсету керектігін анықтайтындығы дәлелденген.

Критериалды бағалау тек бағалау үрдісінде оқушы үлгерімін жоғарылатуға ғана емес, бүкіл оқыту жүйесін жоспарлауға да көмектеседі. Мұғалім жылдың басынан бастап оқушылардан жыл бойы олардан не талап етілетінін, қандай жағдайларға көңіл аудару керектігін шешіп алады.

Қазір Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқушылардың білім алудағы жетістіктері және үлгерімі туралы деректерін жинау үшін жыл бойында бағалаудың үш түрі қолданылады:

Қалыптастырушы бағалау – әр тоқсан бойында жүргізіледі;

Ішкі жиынтық бағалау – әр төрт тоқсанның соңында жүргізіледі (5, 10, 11 және 12-сыныптарын қоспағанда);

Сыртқы жиынтық бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін сыртқы жиынтық бағалау моделіне сәйкес 5,10,11 және 12-сыныптардан кейін белгілі пәндер бойынша жүргізіледі.

Бағалаудың барлық түрлерінің нәтижелері бірыңғай А дан U шкаласы бойынша беріледі, ол бағалаудың анықтығын, білім процесіне барлық қатысушылардың бірыңғай түсінігі мен теңдігін қамтамасыз етеді.

Кесте 1. Бағалау шкаласы

Баға	Бағалау көрсеткіштері	5 баллдық шкала бойынша бағалау
A*	Ең жоғары нәтиже	5
A	Жоғары нәтиже	
B	Жақсы нәтиже	4
C	Жақсы нәтиже	
D	Қанағаттанарлық нәтиже	3
E	Қанағаттанарлық нәтиже	
U	Қанағаттанарлықсыз нәтиже	2

Бағалау критерийлері пәндер бойынша білімді және дағды мазмұнын көрсетеді, осылардың негізінде оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары дайындалған.

Химия пәні бойынша негізгі түсініктер мен химияның негізгі заңдары қамтылған критерийлер мен сипаттамалары төмендегідей [3].

Кесте 2. Химия пәні бойынша критерийлер

Критерийлер	Сипаттамалары
Білу және түсіну	Сыныптар және пәндер бойынша оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес нақты деректерді, ақпарат пен сипаттауларды болжау немесе

	түсіндіру арқылы еске түсіру.
Қолдану	Ақпаратты қолдану және бұрын алған білімді, жаңа немесе таныс емес жағдай мен контексте пайдалану. Білу, түсіну және дағдыларды оқу жұмысында қолдану арқылы көрсету. Сыныптар және пәндер бойынша оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес білімді пайдалануды көрсетудің тәсілдері ретінде практикалық жұмыстар, эксперименттер, жобалық жұмыстар, проблемаларды шешу, жаңа немесе әр түрлі өнімдерді жасау болып табылады.
Сын тұрғысынан ойлау және зерттеу	Дерекнамадан, анализден, синтезден және ақпаратты бағалаудан шығатын пікірді қалыптастыру. Сыныптар және пәндер бойынша оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес ақпарат немесе нәтиже жинау қабілетін жинауды және оны саралау бойынша дұрыс түсіндіруді көрсету. Деректерді дұрыс жинау және пайдалану бойынша болжамдарды зерттеу, өзінің жеке шешімін жасау және бағалау. Сыныптар және пәндер бойынша оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес өзі жасаған шешімдерін ойлау қабілетін көрсету.
Коммуникация және рефлексия	Сыныптар және пәндер бойынша оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес ауызша және жазбаша түрде ойлар мен пікірлерді, деректерді, ақпаратты беру. Басқалардың ұсынуы бойынша хабарламаны тыңдау қабілеті, және оған тиісті жауап қайтару. Басқалармен өз көзқарасын түсіндіру туралы талқылау жүргізу, олардың көзқарасын түсіну, одан кейін жалпы түсінікке келу. Пікірлерді, ойларды және оқиғаларды ойлау, және пікір жасау, ойлау нәтижесінде іс әрекеттер жасау.

Шынын айту керек химия пәнін көпшілік оқушылар ерекше қызығушылық болмаса оқығылары келмейді. Химияны оқушыға күштемей оқыту оқушының пәнге, оның түсініктеріне, әдістеріне қызығушылық қалыптастыра алғанда ғана мүмкін болады. Ал ол үшін оқушыларда химияның адам өмірінің әртүрлі саласындағы рөлі туралы кең түсіктері болуы керек. Бағалау критерийлері оқыту бағдарламасының мақсаттарымен байланысты. Оқыту мақсаты негізінде әр сынып және пән бойынша бағалау тапсырмалары бағалау критерийлеріне сәйкес тұжырымдалған. Сондықтан оқушының химия пәнін оқуға ынтасының артуы осы жүйемен жұмыс жасап жүрген мұғалімге бірден байқалады.

Критериалды бағалаудың тағы бір құндылығы оның мұғалімнің және оқушының денсаулығын сақтау әлеуетінде. Заманауи білім беру мәселелерінің көпшілігін

шешуге нақ осы жүйе мүмкіндік береді.

Критериалды бағалаудың барлық кезеңдерін сақтағанда бейімделу кезеңіне жұмсалған еңбек пен шығын оқушылардың білім сапасының артуы арқылы өтеледі. Сондықтан енді бәріміз бірге бағалау практикасының алға басуы үшін жұмыс істеуіміз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Матвеева Е.И., Панкова О.Б., Патрикеева И.Е. Формирование системы критериального оценивания в начальной школе. – М.: "ВИТА-ПРЕСС" 2011
2. A Basis for Practice: The Middle Years Programme. International Baccalaureate Organization, 2006. – 16 p.
3. Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы, Білім сапасын бағалау департаменті, Астана, 2013 ж.

**ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ
ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНЫП, БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ**

Кокибасова Г.Т.¹, Дюсекеева А.Т.¹, Кездикбаева А.Т.¹, Таттибаева А.Б.²

¹ *Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды, Қазақстан*

² *Н. Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп – интернаты, Қарағанды, Қазақстан*

«Қазақстан – 2050» еліміздің стратегиялық бағдарламасында ұзақ мерзімді бағылымдардың ең негізгілерінің бірі – жоғары интеллектуалды жастарды жан-жақты тәрбиелеу, олардың потенциалдық деңгейінің көтерілуіне үлес қосу./1/

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттердің бірі – ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, шәкірттерге терең білім мен тәрбие беру.

Химия пәнін оқыту кезінде сабақта қазақ халқының тұрмысы, әдет-ғұрпы, үлгілі дәстүрлерімен шебер ұштастырып, шәкірт бойында ұлттық мақтаныш, ұлттық патриоттық сезімін қалыптастыру, оны бүгінгі күн талабына сай мазмұнды да пәрменді жүргізуге күш салу – пән мұғалімдерінің басты парызы. Жас жеткіншектерді ұлтын, елін шексіз сүйуге тәрбиелейтін бірден бір құрал, оқу тәрбие ісіне қазақ халқының ұлттық педагогикасын сәтті ендіру болып табылады.

Халық педагогикасының мақсаты – оқушылардың бойында адамгершілік, имандылық қасиеттерін қалыптастыра отырып, болашақта еліміздің тізгінін ұстайтын жастарды тәрбиелеп шығару. Ол ғасырлар бойы жинақталған сан-алуан іс-тәжірибелер мен ой-пікірлер негізінде қалыптасты.

Халқымыздың дәстүрлі білім мен тәрбиелер жиынтығы ғұмыр бойы жинақтаған тәжірибелерінің қорытындысы. Оларға талай ғасырлар сүзгісінен өткен ұғымдар, түсініктер, пайымдар жатыр. Мәдени мұралар уақыт озып, қоғам дамыған сайын ерекшеленіп, жаңарып жаңа мазмұнға ие болады. Сондықтан қазақ халқының мәдени мұралары адамзат баласының қол жеткізген дана пікірлері мен асыл ойларына, тәжірибелік тұжырымына өте бай. Мәдени мұралардың тәрбиелік мәні әрқашанда адамзат баласына нәр беріп байытып

отыратын қуатымен бүгінгі білім беру саласының алтын желісі болып отыр.

Химия сабағында оқушыларға қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін оқып үйрету – бір-бірінен бөліп алуға болмайтын үш міндетті атқарады, олар – білім беру, оның тәрбиелік мәні мен бала танымын кеңейту міндеттері. Осы орайда ұлттық ерекшеліктерді химиялық құбылыстарға үйлесімділікпен енгізу, яғни химиялық ұғымдарды ұлттық таным-талғам арқылы танудың маңызы зор.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы үлкен тәжірибе жинақтап, оны күнделікті өмірде, тұрмыста тиімді пайдалана білген. Ата-бабаларымыз ертеден металдарды қорытып, қоспалар дайындап, сабын жасап, күнделікті өмірде т.б химиялық үрдістерді қолдана білген.

Ғасырлар бойы сақталып, бізге дейін жеткен ата-бабаларымыздың ақылын ғылыми тұрғыдан талқылап, ұрпақтарымызға жеткізе білу ұстаздық парыз. Сондықтан сабақтарда кейбір химиялық қосылыстарды өткенде, қазақ халқының оларды алып, не үшін қолданғанына да тоқталып өтеміз.

Мысалы: «Тұздар» тақырыбын өткенде ас тұзының қасиеті жайлы айтып кетуге болады. Қазақ халқы тұзда керемет қасиет бар деп санаған. Жаңа сойылған етті сақтағанда етті пышақпен осып, оған тұз себеді де үлкен ыдысқа салып, біраз уақыт салқын жерде сақтайды. Осы уақыт ішінде тұз етке сіңеді. Соның нәтижесінде еттің суын тұз сорып, біраз бөлігі етке сіңіп, онда концентрациялы тұз ертіндісі түзіледі. Тұздалған етке қонған шіріту бактериялары тез өліп қалады, себебі тұз кристалы бактерия жасушасындағы суды сорып, сусыздандырады. Ал өзі бактерия жасушасының ішіне еніп, концентрациялы ертінді түзіп, оның ферменттерінің белсенділігін жояды. Құрғаған, сусыз етте ешбір бактериялар, ұсақ ағзалар өмір сүре

алмайды. Сондықтан, сүрленген ет ұзақ уақыт сақталады. Тұзды ауырған адамның басынан айналдырып, ұшықтап, отқа тас-таса, барлық ауыртпалық, пәле-жала тұзбен кетеді деген сенімдер халықтың тұзды аса қадірлегенін көрсетеді /2/.

Қазақ халқында өте ерте кезден отқа байланысты салт дәстүрлер қалыптасқан. Олар: жас нәрестені бесікке саларда бесікті отпен аластау, жас келін үйге алғаш енгенде табалдырықтан отқа май құю, ел жайлауға көшкенде, көшті жанған екі от ортасынан өткізу. Ескі қоқыс жарамсыз заттарды өртеп орыру, т.т. бұның бәрі оттың тазартқыштық қасиетін ертедегі ата-бабаларымыздың айқын аңғарғандығы.

Отқа қатысты тағы бір ерекшелік егер отты үрлесе оның жақсы жанатынын білген. Ошақтағы от бықсып жақсы жанбай жатса оны үрлеп «Қоян ақсақ, от жүйрік» деп дәріптеуі бір жағынан отқа табыну болса, екіншіден отты үрлегенде ауадағы оттектің мол келуіне мүмкіндік жасап, оттың жақсы жануына жағдай тудырған. Осыдан келіп ертедегі қазақ ұсталар, теміршілер, зергерлер ұстаханада кекіртті кенінен пайдаланған.

Ата-бабаларымыз кен өндеуде, металл өндіруде, бұйым жасағанда да жану процесіне ерекше мән берген. Ертедегі халық «тот басу» процесі үзбей жүретініне көз жеткізді. Ылғалды жерде қалған темір бұйымның аздан соң сыртқы қызыл-қоңыр түске боялып, мүжіле беретінін байқау кин емес еді.

Темірден жасалынған бұйым ауадағы оттектің әсерінен ылғалды жерге түссе тотығу процесі жүреді.

Тот басу процесінің жалпы реакциясын былай жазуға болады:




Түзілген қызыл-қоңыр түсті «тат» металл бетінен бөлшектеніп түсе беретіндіктен араса ұсақ қуысшылар пайда болды. Сондықтан ол темір бұйым әрі қарай желіне береді. Бұндай тот басқан темірді ата - бабаларымыз пайдаланған.

Сонымен қатар сабақтарда органикалық химия тарауын өткізу кезінде де ұлттық құндылықтарды айту арқылы балалардың қызығушылығын арттыруға бо-

латынын байқадық.

Мысалы: Ашу – органикалық заттардың (қантты заттар) тотығу - тотық сыздану процесі. Оның нәтижесінде организмдер өмір сүруге қажетті энергия бөлінеді. Ашитын заттың құрамына және оның метаболизміне байланысты ашыту нәтижесіне байланысты ертедегі қазақтар ішімдік заттарын (қымыз, шұбат, боза) органикалық қышқылдар (сүт қышқылы) туындылар айран, қатық, ірімшік алған.

Ертедегі ата-бабаларымыз сақ заманынан бері қымыз ашытып, айран ұйытқан. Қазақ халқы ашыту процесінің екі түрін игерген. Ол ерте заманнан осы таңға дейін жалғасын тауып келеді./4/ Спирттік ашу. Бұл астық тұқымдастықтар не картоп құрамындағы қантты заттардың ашыту бактериялары нәтижесінде ашу процесінің жүруі. Бұл өте көп реакциялардан тұрады. Қысқаша түрде былай өрнектеуге болады:



Глюкоза спирт

немесе дәндегі крахмал – амилаза ферменті – мальтоза қанты – мальтоза ферменті – глюкоза – глюкоза қанты – зимаза ферменті – этил спирті + CO₂ түзіледі.

Ертедегі ата-бабаларымыз осы реакцияларды пайдалана отырып қымыз, шұбат, боза ашытқан бұл процесс осы күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Ашу процесін Европа халқы X ғасырда ғана білсе, біздің ата-бабаларымыз сақ, ғұн тайпалары біздің заманымызға дейінгі ғасырдан бастап пайдаланып келе жатқан көшпелілерге саяхат жасаған Г. Рубрук, М. Поло Платини жазып кеткен.

Осы тәрізді көшпелі ата-бабаларымыз тұрмысында сүт қышқылдық ашуды да пайдаланып айран, қатық, сүзбе алған. Ол кезде мынадай реакция жүреді:



лактоза сүт қышқылы

«Майлар» тақырыбын өткенде қазақ халқының майдың құндылықтары жайлы бұрыннан білгенін айтып өттік. Қазақ халқының жейтін асының ең басты бөлігі мал еті, сары май болған. Семіз малдың етінде 2-3 есе май көп болады. Адам ағзасындағы

май ыдырағанда, көмірсуға қарағанда 2-3 есе көп энергия бөлінеді.

«Ақуыздар» нанды неге бидай ұнынан пісіреді? Себебі, барлық дәнді дақылдардың ішінде тек бидайда ғана желімтік ақуызы бар. Желімтік дегеніміз – спиртте еритін проламин, бидайдағы ақуыз – глютелиннің қоспасы.

«Көмірсулар» тақырыбын өткенде қосымша материал ретінде қымыз құрамы туралы мәлімет береміз. Ертеден ата-бабаларымыздан келе жатқан тағамдарымыздың, яғни құрт, айран, шұбат, қымыз, жент т.б. тағамдарымыздың орны ерекше. Қазіргі таңдағы қаншама ерекше тағамдар дәмін көріп жүрсек те, ұлттық тағамдарымызға не жетсін?!

Солардың ішінде қымыздың құрамына тоқталатын болсақ, онда 4,5% – спирт, 30-70% протеин болады, сондықтан олар өте жоғары протейиді диеталық қоспа болып табылады. Протеинде бос амин қышқылдарының 26 түрі және 17 гидролизденген белоктық амин қышқылдары бар. Бос амин қышқылдарының өзінде жеті амин қышқылдары – треонин, фенилаланин, валин, лейцин, изолейцин, лизин, метионин бар. Бұлардың бәрі де адам ағзасы үшін өте маңызды. Қымыз құрамында сондай-ақ 28 түрлі микроэлементтер, көптеген витаминдер, тритерпеноидтар, аденозин, трифосат, стероид, жыныс гормоны, кортикалды бүйрек үстіндегі бездің гормоны, көптеген алколоид пен хош иісті альдегидтер, мысалы, децил спирті, гендекалон, додеканол, гептадеканол, өзінің этилациттары және изомерімен, сондай-ақ тез буланатын алифатты көміртектері және темір (Fe) бар.

Қымыздың емдік пайдасы өте зор. Ашығудан кейін қымыз ішу буын ауруларына (атрофикалық артритке) өте пайдалы, оны желдеткіш (стимулятор) және байланыстырып біріктіретін зат ретінде қолдануға болады. Адам денесінің күшқуатын арттырады, бүйрек пен бауырды қанықтырады, қан тамырларын тазалайды. Буын ауруларымен сүйектің қақсауын (атрофикалық артрит, ревматикалық артрит), еркектік күшті (эректикалық дисфункция), жүйкенің жұқаруын, бас айналуын, созылмалы сары ауру (гепатит), ұйқысыздық, ішектегі жара (гастрит)

сияқты аурулардың алдын алады немесе жеңілдетеді. Қымыз іштегі ыстықты азайтады. Қымыз адамның физикалық жағдайын жақсартады, тәбетін ашады, ас қортуды жақсартады, жаңа босанған келіншектің сүтін қалпына келтіреді.

«Күрделі эфирлер», «Майлар» тақырыбын сабақта қарастырғанда қазақ халқының табиғат байлығын ұтымды пайдалана білгеніне тоқталдық, яғни кір жуатын қара сабынды өздері-ақ жасап алатын болған. Ол процесті «сабынды былғау» деп атаған. Ол үшін май, сақар қажет. Сақарды алабота, сексеуіл, ұшқат, теректі өртеп, қалған күлінен жасайды.





Халқымыздың ұлттық салт-дәстүрін сонымен қатар «Бейорганикалық қосылыстар» тақырыбына пайдаланамыз. Бұл қосылыстар оқушыларға таныс болғандықтан «Алтын сақа» ойынын ұйымдастырамыз. Ойынның шарты: Жиырма асыққа элементтердің таңбасы жазылды. Олар қоржынға салынады.

1. Екі қатардан екі оқушы шығып, металдар мен бейметаллдарды ажыратып алу керек.

2. Арнайы қатырма қағазға рим цифрімен жазылған валенттіліктердің үстіне сәйкес элементтер жазылған асықтар қойылады.

3. Бір - бірімен әрекетесетін элемент – асықтарды таңдап алып, тақтаға формуласын жазып, шыққан заттың атын атау.

Мысалы:



Жұмбақтар:

1. Алғашқы буыным тасқын су, екінші буыным мал құлағына салынатын белгі. (селен)

2. Бірінші бөлігім көп емес, екінші бөлігім тілсіз жау. (азот)

3. Бірінші буыным жалқы есімге қойылатын сұрақтан тұрады, екінші буыным сан есім, өзім химиялық қай элементпін? (неон)

Ойын сабақтары оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын арттырады. Химия сабақтарында мүмкіндігінше ұлттық педагогиканы пайдалану – оқушыларды ұлттық сезіммен жігерлендіре

түседі. Графикалық тест арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру үшін «Сутегі. Қышқылдар. Тұздар» тақырыбын қорытындылауда ұлттық педагогиканы қолдандық. Ол үшін ғылыми және ұлттық тарихи ұғымдарды салыстыра отырып алдық. Ғылыми ұғымдар:


1. Тұз қышқылын алу әдісі.
2. 40% - дық HCl тығыздығы.
3. Cl хлорид ионды анықтаушы реактив.
4. Мырышпен әрекеттескенде бөлінетін газ.
5. Реакцияны баяулататын зат.

Ұлттық тарихи ұғымдар:

1. Ас иманы.....
2. Қызды сөкпе,..... төкпе
3. Доссыз адам
- тағам
4. Егер табадағы май көпіршіктенсе, оны аздап тұздау /3/

Қазақ халқы металдарды өңдеу тәсілдерін жақсы білген, қақтап, созып, зер салып әшекейлеп, қалыпқа құйып, салмақты үлкен бұйымдар жасаған. «Металдар» тарауын өткенде осыларға тоқталсақ. Халық шеберлері әр металдың физикалық қасиеттерін – иілімділігін, балку температураларын оңай қолдана білген. Жиі қолданылған металдар: алтын, күміс, мыс, қорғасын. Қамшының сабағына дейін алтын, күміспен әшекейлеген. Одан халқымыздың сал – серілігін көруге болады. Әсіресе, күмістен жасалған бұйымдарға үлкен мән беріп, емдік қасиетін білген.

Кеңінен қолданылған металдардың бірі – қорғасын. Балалар асық ойнағанда, сақа ауыр болуы үшін қияға балқытып, қорғасын құйған. Қорғасыннан оқ - дәрі жасаған. Ол үшін қорғасын кенін қазып, жылқы тезегіне қойып, оған қойдың майын құйған. Содан соң пешке салып, қорытқан. Күкіртті терек көмірімен араластырып, селитра есебінде ескі бейіт топырағын қосып, қазанға салып, қайнатады. Қоспаға су бүркіп отырады. Қоспаны тарының үлкендігіндей майда дөңгелек қорғасын оқ – дәрі болғанша араластырады.



«Судың құрамы. Қасиеттері және қолданылуы» тақырыбын қарастырғанда оқушыларға су туралы мақал-мәтел айтуға болады.

Суды шым тоқтатар,
Сөзді шын тоқтатар.
Су ішкен құдығына түкірме.
Су анасы - бұлақ,
Сөз анасы - құлақ.
Судың да сұрауы бар
Ағын су жолын табады,
Ақ адам оның табады.

Қорыта келгенде, халқымыздың асыл мұрасын химия сабағында қолдану:

- ел-жұртының мұралық артықшылығын, оның ежелден ақылмен тұрмыс құруға бейімділігін көрсету арқылы оқушының тұлғасында ұлтжандылық, патриоттық сезім қалыптастыруды қамтиды;
- оқушылардың сөз қорын арттырып, тіл дамытушылық қызметін арттырады;
- педагогикалық үрдісті гуманизациялау әрекетін арттырады;
- ізденіс-зерттеушілік іс-әрекетін қолданған сабақ сәті оқушының ізденіс талдау жасау, логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытуға себеп болады.

Тәжірибемізге сүйенсек, химиялық ұғымдарды, процестерді түсіндіру, бекіту кезеңінде ұлттық педагогиканың элементтерін қолдану оқытудың сапасын біршама жақсартатынын байқадық. Ұлттық педагогиканың тиімді әдістерін пайдалану арқылы оқушы бойында өз халқына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін оятып, ұлттық танымын тереңдетумен қатар, шәкірттердің ұлттық дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырып, ой-өрісін, пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, -2004.
2. Қатбаева М., Афинова Ж. Халық педагогикасы – оқу үрдісінде // Қазақстан мектебі. -2006. - №10. Б. 2-8.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, – 1995.-158 б.
4. Химия Қазақстан мектебінде. Республ. Научно-метод. журнал, №1 2005.

IV РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТЕРДІҢ ХИМИЯ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТУРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жұмағалиева Б.М., Байкенов Е.А.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай, Қазақстан

Пәндік олимпиадаға қатысушылардың жоғары деңгейдегі нәтижелері оқу үрдісінің рейтингін көрсететін бірден-бір мәлімет. Осыған орай дарынды оқушыларды, студенттерді олимпиадаға дайындау мұғалімдер мен оқытушылардың жұмыстарының өзекті мәселелерінің бірі.

Химия пәнінен олимпиадалық есептер теориялық және эксперименттік тур болып жіктеледі. Теориялық турға белгілі бір сатылардан кейін Қ.Бекішевтің ойынша [1, 4 б.] әдебиеттер жеткілікті болған жағдайда дарынды балалар өз беттерінше дайындала алады.

Эксперименттік турға дайындалу үшін сәйкесті материалдық база, реактивтер т.б. қажет. Көпшілік жағдайда эксперименттік турдың есептері сандық анализден келеді. Жақсы нәтижеге жету үшін берілген есептің тақырыбына сәйкесті теориялық негіздерін жақсы білумен қатар анализ жүрісінің орындалу ерекшеліктеріне де көңіл бөлу қажет.


Осыған орай IV республикалық студенттердің химия олимпиадасының экспе-

рименттік турында келген “Калий бихроматын перманганатометрлік әдіспен анықтау” әдістемесін ұсынып отырмыз.


Әдістің теориялық негізі

Перманганатометрлік титрлеу калий перманганатының тотықтырғыштық қасиетіне негізделген. Бұл әдіспен тотықтырғыштарды кері титрлеу тәсілімен анықтауға болады.

Калий бихроматы $K_2Cr_2O_7$ өзі тотықтырғыш, сондықтан оны калий перманганатымен титрлеуге болмайды бірақ, күкірт қышқылы H_2SO_4 ортасында темір сульфатының $FeSO_4$ титрленген ертіндісінің артық мөлшерін қосып, калий бихроматымен әрекеттескеннен қалған $FeSO_4$ ертіндісінің мөлшерін калий перманганатының ертіндісімен титрлеп, кері титрлеу тәсілінің есептелу жолымен калий бихроматының массасын анықтауға болады [2, 386 б.]. Калий бихроматы қышқыл ортада темірдің екі валентті тұзын үш валенттіге дейін тотықтырады:



Бихроматтың моль эквивалентін анықтау төмендегі реакцияға негізделген:




$$M_{\text{ЭК}}(K_2Cr_2O_7) = f_{\text{ЭК}}(K_2Cr_2O_7) \cdot M(K_2Cr_2O_7) = \frac{1}{6} \cdot 294,2 \text{ г/моль} = 49,04 \text{ г/моль}$$




Тәжірибеде темір (II) сульфатының орнына одан гөрі тұрақтырақ Мор тұзы $(NH_4)_2SO_4 \cdot FeSO_4 \cdot 6H_2O$ қолданылады, бірақ оның да титрі тез өзгереді. Сондықтан ана-

лиз жасалатын күні титрін анықтау қажет.

3. Meijer S.N., Steinnes E., Ockenden W.A., Jones K.C. Influence of environmental variables on the spatial distribution of PCBs in norwegian and U.K. Soil // Implications for global cycling // Environ. Sci. Technol. 2002. V. 36. P. 2146–2153.
4. Meijer S.N., Ockenden W.A., Sweetman A., Breivik K., Grimalt J.O., Jones K.C. Global Distribution and Budget of PCBs and HCB in background surface soils: implications for sources and environmental processes // Environ. Sci. Technol. 2003. V. 37. P. 667–672.
5. Ockenden W.A., Breivik K., Meijer S.N., Steinnes E., Sweetman A.J., Jones K.C. The global re-cycling of persistent organic pollutants is strongly retarded by soils. Environmental Pollution. 2003. V. 121. P.75–80.
6. Persistent, bioaccumulative and toxic chemicals in central and eastern european countries – state-of-the-art Report. TOCOEN Report No. 150a. 2001.
7. Regionally based assessment of persistent toxic substances. Regional report. RECETOX-TOCOEN & Associates. CF/CP/4030–00–20. Pruhonice. Czech Republic, 2002. 157 p.
8. Wania F., Mackay D. Tracking the distribution of persistent organic pollutants // Environ. Sci. Technol. 1996. V. 30. < 9. P. 390–396.
9. Прогнозирование состояния окружающей среды на Усть-Каменогорском конденсаторном заводе и разработка мер по снижению выбросов до санитарных норм: Отчет по научно - исследовательской работе. Усть-Каменогорск: Усть-Каменогорский строительно-дорожный институт, 1982. 118 с.
10. Полихлорбифенилы. Угроза окружающей среде и здоровью, 2006.
11. Основные результаты работ ТОО «Эко-сервис С» по программе «Научные исследования в области охраны окружающей среды» за 2003-2009 гг. – Алматы, 2010.
12. Отчет «Подготовка первого Национального отчета по стойким органическим загрязнителям в секретариат Стокгольмской Конвенции о СОЗ» Программа 001 «Обеспечение деятельности уполномоченного органа в области охраны окружающей среды». – Астана, 2010.
13. Ishankulov M.Sh. PCB-Contaminated Areas in Kazakhstan and Analysis of PCB Impact Human Health Experience. / In: NATO science series volume: The Fate of Persistent Organic Pollutants in the Environment. – Springer: AK/NATO Publishing Unit. Editors: E. Mehmetli and B. Koumanova. 2008, p. 387-403.
14. ГОСТ Р 51209-98. Вода питьевая. Метод определения содержания хлорорганических пестицидов газожидкостной хроматографией.
15. ГОСТ Р 53217-2008 (ИСО 10382:2002). Определение содержания хлорорганических пестицидов и полихлорированных бифенилов. (Газохроматографический метод с электрозахватным детектором).

«АЛАКӨЛ» - СУ АЙДЫНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

Дәуметова С.Т.

Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан

Алакөл - Сасықкөл көлдер жүйесі экологиялық тұрғыдан суы таза көлдер жүйесі болып саналады. Көл суы минералды ресурстарға бай, денсаулыққа пайдасы медицинада дәлелденген. Соңғы жылдары көл суының құрамынан адам ағзасына аса қауіпті кадмий металы табылып, Алакөлдің сапалы таза суы экологиялық лас-тануда.

Алакөл көлі еліміздің оңтүстік шығысында Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағында орналасқан суы мөлдір, әрі қасиетті шипалы тұйық көл. Ол теңіз деңгейінен 247,3 м биіктікте орналасқан. Көлдің ұзындығы - 104 шақырым, ені - 52 шақырым, орташа тереңдігі – 22 м, ал ең терең жері 54 м-ге дейін жетеді, жағалауының ұзындығы – 384 шақырымға созылып жатыр. Жалпы Алакөл көлі аралды, түбекті, шығанақты, қайырлы және мүйісті болып келеді. Алакөл атырабының климаты шұғыл континенттік. Суының орташа температурасы мамыр –қараша аралығында 4,5 – 15,3 С⁰ – қа дейін жылынады. Қарашаның аяғында суда мұз қата бастайды. Су бетіндегі желдің жылдамдығы минутына 2-60 м/с; күз және қыс айларында желдің жылдамдығы күшейеді. Ең күшті толқындарының биіктігі 2-2,5 метрге дейін жетеді.

«Алакөл» сөзі көне түркі – моңғол тілдерінде «Ұлы көл» (Тау көлі) деген ұғымды білдіреді. Алакөл көлінің суының жартысы ащы, жартысы тұщы сонымен қатар ондағы көлдердің суының түсі де түрлі-түсті болып көрінеді. Алакөлдің суы бірде бозғылт, бірде қаракөк, Сасықкөлдің суы көгілдір, Қоржынкөлдің суы сұрғылт, Қылытұз көлінің суы сары түсті болып өзгеріп тұрады. Сондықтан да, мұндағы көлдердің суының түсі ала-құла дегенді білдіреді [1, 106-107 б.]. Алакөл алабы Қазақстанның оңтүстік шығысында, Шығыс Қазақстан облысының оңтүстігін, Алматы облысының солтүстік-шығысын алып жатыр. Алапты жан-жағынан тау жоталары – солтүстігінде – Тарбағатай, шығысында –

Барлық және Майлы жоталары, оңтүстігінде Жетісу Алатауы қоршап тұр. Тек қана батыс бөлігі ылғал жеткізуші ауа массаларына ашық. Оңтүстік шығысында тауаралық тар жазық – Қаптағай қақпасы арқылы Қытай жерінде орналасқан Ебінұр көлі алабымен жалғасып жатыр. Алакөл, Жалаңашкөл, Сасықкөл, Қоржынкөл, Қошқаркөл көлдерімен тізбектеле қосылып, Алакөл - Сасықкөл көлдер жүйесін құрайды. Бұл көлдердің бәрі экологиялық тұрғыдан суы таза көлдер болып саналады.

Алакөл – Сасықкөл көлдер жүйесі Тарбағатай және Жетісу Алатауы арасындағы шөлді және шөлейтті ойпатта орналасқан. Қазіргі кезде бұл көлдер жүйесі халықаралық маңызы бар Рамсар Конвенциясының (1971 ж.) сулы-батпақты алқаптар тізіміне тіркелген (2007 ж.) еліміздегі 7 ірі орнитологиялық нысандардың бірі болып есептеледі [2, 9 б.].

Алакөлге ірілі – ұсақты 15-тен астам өзендер келіп құяды. Олардың негізгілері – Үржар, Қатынсу, Тентек, Емелқұйса, Жаманөткел, Тоқты, Ырғайты, Шыңдалы, Жаманты, Тасты өзендері болып келеді. Алакөл көлінің аумағында Үлкен, Орта және кіші Аралтөбе, Белқұдық т.б. тасты аралдар орналасқан.

Ерте заманнан - ақ Алкөл көлінің суы шипалылығымен белгілі. Мұндағы Арқаның қуаң даласындағы құрғақ ауа теңіз бетіндегі дымқыл ауамен араласып жағасындағы адамға жағымды әсер береді. Көл суы да минералды ресурстарға, йодқа, тұзға, химиялық элементтерге бай болғандықтан, судың денсаулыққа пайдасы медицинада дәлелденген. Алакөл суының шипалық қасиетін зерттеген маман – ғалымдар оның суының құрамында түрлі минералды тұздар мен хлорлы натрий, фтор, бром, радон, йод қоспаларының бар екенін анықтаған. Алакөл суының құрамындағы бұл химиялық элементтер және көлдің қара балшығы түрлі тері ауруларына бірден-бір ем болып саналады. Осыған байланысты 1960 жылдардың екінші жартысынан бас-

тап «Барлық – Арасан» шипажайы салынып, онда негізінен ғарышкерлер емделіп, бойларындағы радиация сәулелерінен тазарып отырған.

Алакөл алабындағы гидрометриялық бақылау жүйелері негізінен суармалы егіншілік, мекен-жайларды сумен қамту, жол-құрылыстары және т.б. көптеген техникалық қажеттіліктердің сұраныстарымен байланысты. Өзендер ағысын зерттеуді бақылау бекеттері ең алғашқы рет 1914 ж. – Қатынсу, 1915 ж. – Тентек, Қосақ өзендерінде ашылған. 1930 жылға дейін ашылған 5 бекетте бақылаулар анда-санда жүргізілген. 1950-60 жылдар аралығында

аумақта 40 –қа жуық гидробекет болса, 2000 жылы бар-жоғы үш бекет қалған. 2003 жылдан бастап гидрометеорологиялық жүйелерді қалпына келтіру шаралары іске аса бастауының нәтижесінде дәл осы жылы Еміл өзенінде бақылау бекеті ашылды. Осы жылдардағы бекеттердің 30-ында ғана жылдық ағын бақыланған, ал қалған бекеттерде бақылаулар тек өсіп-өну кезеңін қамтыған. Бекеттердегі бақылаулардың ұзақтығы 2-ден 61 жылға дейін созылады. (1- кесте). Сонымен бірге, кейбір бекеттер тек экспедициялық зерттеулер кезінде ғана жұмыс істеген.

1- кесте. Алакөл алабындағы өзендердің бақылау қатарларының ұзақтығына байланысты бекеттердің таралымы.

Аудандар	Бақылау қатарлары ұзақтығы, жылдар							
	1-5	6-10	11-20	21-30	31-40	41-50	>50	Барлығы
1. Үржар өзені және Тарбағатай жотасының оң-түстік-батыс беткейлері өзендерінің алаптары	4	-	2	2	3	-	-	11
2. Қатынсу және Еміл өзендері алаптары	2	-	3	-	2	-	-	7
3. Барлық және Майлы жоталары, Жоңғар Алатауы өзендері алаптары	7	-	2	-	2	-	1	12

Кестеден көріп отырғанымыздай, бекеттердің көбі қысқа бақылау қатарларымен ерекшеленеді. Бақылау бекеттерінің 43 пайызында ағынды қатарлары 5 жылдан аз [3, 15-17 б].

Жер шарының қандай бөлігін алсаңыз да біздің қазақ жеріндегідей экологиялық дағдарысқа ұшыраған аймақты кездестіру қиын. Сол сияқты Алакөл аймағында екі атом полигонының - Семей полигоны мен Қытайдың Лоб-Норының арасында жатыр. География ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбай Достайұлы Алакөл көлінде кешенді гидроэкологиялық яғни, көлдер мен өзендердің суынан химиялық талдауға түптік шөгінділер мен топырақтан сынама алып, сонымен бірге атмосфералық жауын-шашынның химиялық сараптамасын жасап, зерттеулер жүргізу нәтижесінде Алакөл су

құрамында және оған құятын өзендерде 1998 жылдан бастап өте қауіпті өзгерістер өтіп жатқанын көрсетті. 1998 жылдан бастап Алакөл су құрамынан қалыпты деңгейден көп мөлшерде асып кеткен бірқатар химиялық элементтер табылып отыр. Солардың бірі – кадмий. Бұл металл адам өміріне аса қауіпті, негізінен кадмий табиғи жағдайда су құрамында кездеспейді. Бұл элементтің су экожүйелерінде пайда болуына адамдардың өзі себепші. Кадмийдің ауыз су құрамында болуы ағзаларды қатерлі ісік ауруларына әкеліп соғады. Канцерогендігі де күшті. Ж. Достайұлының зерттеуі бойынша кадмийдің мөлшері Алакөл суында нормадан 2 есе, ал Үржар өзенінде 40 есе, Қатынсу, Еміл, Тентек өзендерінде 4 есе жоғары екендігі анықталды. Су көздерінің кадмиймен ластануына Лоб-Нор полигонымен қатар

осы аймақтағы кез-келген өзендер мен бұлақтардың бойында қой тоғыту жұмыстарының ешқандай бақылаусыз жүргізілетіндігі, осының нәтижесінде бұл процеске құрамында аса көп мөлшерде кадмийі бар гексохлоран химикатының қолданылуы, суармалы жерлерде пайдаланылған өзендерге қайта құйылатын улы химикаттармен ластанған сулар 60/80 м/сек жылдамдықпен соғатын Ебі желінің өтіндегі ашық карьер әдісімен алынатын Алакөл көмір кенінен келетін қою улы шаңтозандар да қатты әсер етіп отыр[4, 21-23 б].

Жыл сайын 5 текше километр, оның ішінде 3 текше километрі тазартылмаған, лас сулар су қоймаларына құйылады. Осыған байланысты Алакөлдің экологиялық жағдайы да өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Сүмен қамтамасыз етуде санитарлық - гигиеналық нормативтердің сақталуы – адамның денсаулығы үшін қауіпсіз және зиянсыз, экологиялық таза судың сапасын бір қалыпта ұстап тұрудың негізі болып табылады. Таза тұщы суға қойылатын талаптарды өсіру, су қорларын қорғауды, су көздерін ластауды төмендетуді, өндіріс және ауыл шаруашылығы

ағын суларын ағызу мен пайдалануды реттеуді, суды технологиялық мақсатта тұтыну үлесінің көрсеткішін төмендетуді күн тәртібінде қатаң қойылып отыр. Алакөл көлінің суы емдік қасиетіне байланысты оның жағалауы тек Қазақстан елі тұрғындарының ғана емес, барлық ТМД елдерінің демалыс орнына айналған. Болашақта бұл жерде туризм саласын дамыту үшін оның болашағына ерекше мән берген жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сәтімбеков Р., Келемсейіт Е., Шілдебаев Ж. Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және биоалуантүрлілік. // Оқу құралы. – Алматы, Нур-Принт, 2012. 106-107 б.
2. Азамат А. Алакөл қорықты аймақ // Жетісу. – 2007. – 27 қаңтар. 9- бет.
3. Әлімқұлов С. Алакөл алабы өзендерінің гидрологиялық зерттелуі // География және табиғат. Алматы. №1. 2008. 15-17 бет.
4. Омарғалиева С. Алакөл көлдер жүйесіне қамқорлық керек // Дүние. №5. 2004. 21-23 б.

SYNURUS DELTOIDES (AITON) NAKAI ӨСІМДІГІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Ибатаев Ж.А.¹, Сүлеймен Е.М.¹, Исакова Ж.Б.¹, Горовой П.Г.²

¹ Қолданбалы химия институты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қаласы, Қазақстан

² РГА Қиыр Шығыс бөлімінің Тынық мұқиттық биоорганикалық химия институты, Владивосток қаласы, РФ

Бос радикалдардың адам ағзасына тигізер зияны көп, қазіргі күні оларды немесе олардың әсерін жоятын заттар – антиоксиданттар белгілі. Өсімдіктердің құраушы заттары антиоксиданттық қасиеттер көрсетеді, осы ретте ертеден емдік қасиеттері белгілі заттарды зерттеу, олардан жекелеген белсенді заттарды бөліп алу ғылыми тұрғыдан негізге ие болады. Табиғи антиоксиданттардың ерекшелігі сол олардың улылығы төмен болып, сонымен қатар өзге де пайдалы әсерлері болуы ықтимал [1].

Осылайша бір өсімдікті зерттеу арқылы түрлі дерттерге қарсы ем болуы ықтимал заттарды анықтауға болады. Сондықтан өсімдіктер әлемін зерттеу маңыздылығы әрқашан алдыңғы қатарда болады.

Зерттеу нысаны ретінде Сібірде, Қиыр Шығыста, Оңтүстік Азияда кеңінен таралған, биіктігі 1,5 м-ге дейін жететін, күрделігүлділер тұқымдастығына жататын көпжылдық *Synurus deltoides* (сростно-хвостник дельтовидный) – шөптесін өсімдігі алынды. Бұл өсімдік Тибет меди-

цинасында диатез, бөртпе сияқты тері ауруларына қарсы ем ретінде пайдаланылған. *S. deltoides* шөбінің жер үсті бөлігі және экстракті тағамдық қоспа ретінде, биологиялық белсенді қоспа ретінде, никотинсіз шылым қоспасы ретінде кең қолданылады [2-4]. Осылайша *S. deltoides* өсімдігінің әртүрлі бөліктерін зерттеу және іс жүзінде пайдалану бойынша көптеген жұмыстар белгілі. Алайда *S. deltoides* экстрактивті заттары мен эфир майының безгекке қарсы, цитоуыттылық және радикалға қарсы белсенділіктері жайлы мәліметтер кездеспейді.

Осыған орай біздер 2013 жылдың қыркүйек айында Приморск өлкесінің Шкотовск ауданындағы Новомосква елді-мекенінің маңынан *S. deltoides* өсімдігінің

жапырақтарын зерттеуге жинап алдық.

Эфир майы Клевенджер құрылғысында екі сағаттық гидродистилляция әдісімен алынды [5].

Өсімдік экстрактісі оның ұсақталған жапырақтарын 1:1 қатынасындағы хлороформ-этанол қоспасында қайнату арқылы алынды. Экстрактілеу үш мәрте жүргізіліп, кейін біріктіріліп, роторлы буландырғышта қою массаға дейін буландырылды.

Безгекке қарсы белсенділік [6] дереккөзде келтірілген әдістеме бойынша жүргізілді. Төмендегі 1 кестеден *S. deltoides* өсімдігінің спирттік экстрактісінің және эфир майының *Plasmodium falciparum* D6 қарапайымдарына қатысты әлсіз белсенділік көрсететіндігін байқауға болады.

Кесте 1. *S. deltoides* эфир майы мен экстрактісінің безгекке қарсы белсенділігі

Үлгі	<i>P. falciparum</i> D6 % Inh.
<i>S. deltoides</i> эфир майы	11
<i>S. deltoides</i> экстракті	45

S. deltoides өсімдігі эфир майы мен спирт-хлороформдық экстрактісінің цитоуыттылық белсенділігі анықталды. Сынақ жасанды теңіз суы жағдайындағы *Artemia salina* шаяндары жұмыртқалары көмегімен жүргізілді.

Салыстыру заты ретінде актиномицин Д немесе страуропсин препараттары қолданады. Дернәсілдерді санау фотокамермен жабдықталған микроскоп көмегімен жүргізілді. Өлім қаупі (P) төмендегі (1) формула бойынша есептелді:

$$P = (A - N - B) / Z \times 100 \quad (1)$$

мұндағы, A – 24 сағаттан кейінгі өлген дернәсілдердің саны;

N – тәжірибе алдындығы өлі дернәсілдер саны;

B – кері тексеру кезіндегі өлі дернәсілдердің орташа саны;

Z – дернәсілдердің жалпы саны.

Зерттеу нәтижелері төмендегі 2, 3 кестелерде көрсетілген:

Кесте 2. *S. deltoides* эфир майы 10 мг/мл

Қатар зерттеулер	Концентрация, мг/мл		Бақылау кезінде дернәсілдер саны			Үлгідегі дернәсілдер саны	% бақылаудан тірі қалған дернәсілдер саны	% үлгідегі тірі қалған дернәсілдер саны	Өлім қауіптілігі, А, %
	тірі	өлі	тірі	өлі	сал болғандар саны				
1	23	3	20	6	0	92	77	15	0
2	25	2	19	7	0				
3	24	2	21	4	0				
Орт.	24	2	20	6	0				

Кесте 3. *S. deltoides* экстракті 10 мг/мл

Қатар зерттеулер	Концентрация, мг/мл		Бақылау кезінде дернәсілдер саны			Үлгідегі дернәсілдер саны	% бақылаудан тірі қалған дернәсілдер саны	% үлгіде тірі қалған дернәсілдер саны	Өлім қауіптілігі, А, %
	тірі	өлі	тірі	өлі	сал болғандар саны				
1	24	1	20	8	0	96	78	18	0
2	25	2	23	3	0				
3	26	1	21	7	0				
Орт.	25	1	21	6	0				

Зерттеулер бұдан өзге 5 және 1 мг/мл концентрацияларда да жүргізіліп, осыған ұқсас нәтижелер алынды. Нәтижесінде *S.deltoides* өсімдігінің эфир майы мен экстрактісінің цитоуыттылық белсенділік көрсетпейтіндігі белгілі болды.

Өсімдіктің хлороформ:спирттік экстракті және эфир майы алынып, олардың радикалға қарсы белсенділіктері зерттелді.

Радикалға қарсы белсенділік 2,2-дифенил-1-пикрилгидразил радикалын ингибирлеу реакциясы негізінде анықталды. Радикалға қарсы белсенділік (РҚБ) шамаларының мәні төмендегі (2) формула бойынша есептелді:

$$РҚБ (\%) = (A_0 - A_t) / A_0 * 100 \quad (2)$$

мұндағы A_0 – бақылау үлгісінің оптикалық тығыздығы;

A_t – жұмыс ерітіндісінің оптикалық тығыздығы.

Ерітінділердің оптикалық тығыздықтары Cary 60 UV Vis құралында 520 нм толқын ұзындығында өлшенді. Өсімдік эфир майы мен экстрактінің радикалға қарсы белсенділігі эталон ретінде алынған бутилгидроксианизол (ВНА) затымен салыстыру арқылы анықталды [7].

Өсімдік эфир майы мен экстрактінің жоғарыда келтірілген (2) формула бойынша есептелген РҚБ шамасы мәндері төмендегі 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4. Радикалға қарсы белсенділіктің (%) концентрацияға тәуелділігі

№	Зерттелген заттар	Үлгілердің әртүрлі концентрацияларындағы (мг/мл) радикалға қарсы белсенділіктері (%)				
		0,1	0,25	0,5	0,75	1,0
1	ВНА	80,0	80,7	80,3	80,5	80,7
2	<i>Synurus deltoides</i> эфир майы	17,01	9,80	10,80	11,72	8,43
3	<i>Synurus deltoides</i> экстракті	66,23	50,61	32,45	30,34	31,10

Осылайша, радикалға қарсы зерттеулер барысында алынған мәліметтерді талдау нәтижесінде келесідей қорытынды жасауға болады:

1) зерттеуге алынған *S.deltoides* өсімдігі эфир майының радикалға қарсы белсенділігі эталондық ВНА затымен салыстырғанда өте төмен болды (4-5 есе);

2) *S.deltoides* экстрактісінің радикалға қарсы белсенділігі айтарлықтай жоғары емес және оның шамасы концентрацияға тәуелді болады. Концентрация 0,1-1,0 мг/мл аралығындағы өзгерісі кезінде бел-

сенділік 66%-дан 30%-ға дейін төмендейді.

Өсімдік шикізатының қауіпсіздігі жайлы мәлімет алу мақсатында оның микроэлементтік анализі жүргізілді. Ол үшін *S. deltoides* шикізатының құрғақ күлдеуі жүргізілді, шикізаттың күлділігі 12,5% болды. Күл құрамындағы элементтер мөлшері индукциялық байланысқан плазмалы атомдық-эмиссиялық спектрометрия әдісімен ICP-AES аспабы көмегімен анықталды. Элементтердің сандық мөлшерлері жайлы мәліметтер келесі 5 кестеде берілген.

Кесте 5. *S. deltooides* жапырағы күлінің элементтік құрамы

№	Элемент	Белгіленуі	Мөлшері (мг/кг)	№	Элемент	Белгіленуі	Мөлшері (мг/кг)
1	Күміс	Ag	<0,1	23	Ниобий	Nb	22,46
2	Алюминий	Al	866	24	Никель	Ni	16,11
3	Күшән	As	<1	25	Фосфор	P	21747
4	Алтын	Au	<100	26	Қорғасын	Pb	7,29
5	Бор	B	32,18	27	Платина	Pt	<10
6	Барий	Ba	1044	28	Сүрме	Sb	<0,1
7	Бериллий	Be	0,56	29	Скандий	Sc	<0,1
8	Висмут	Bi	<0,1	30	Қалайы	Sn	<0,1
9	Кадмий	Cd	1,24	31	Стронций	Sr	1082
10	Церий	Ce	381	32	Тантал	Ta	<0,1
11	Кобальт	Co	3,38	33	Теллур	Te	<0,1
12	Хром	Cr	18,09	34	Торий	Th	<0,1
13	Мыс	Cu	56,26	35	Титан	Ti	87,22
14	Темір	Fe	1041	36	Таллий	Tl	<0,1
15	Галлий	Ga	<0,1	37	Уран	U	<0,05
16	Германий	Ge	<0,1	38	Ванадий	V	48,43
17	Гафний	Hf	4,62	39	Вольфрам	W	<1
18	Индий	In	<0,1	40	Иттрий	Y	2,48
19	Лантан	La	4,88	41	Иттербий	Yb	0,36
20	Литий	Li	108,3	42	Мырыш	Zn	45,07
21	Марганец	Mn	467	43	Цирконий	Zr	12,48
22	Молибден	Mo	3,48				

Алғыс

Зерттеу жұмысы ҚР БҒМ 055 «Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер» бюджеттік бағдарламалары гранттары аясында «Қазақстан мен Сібір өсімдіктерін фитохимиялық зерттеу», ««Қазақ даласының жұпары» бренді үлгілерін жасау» тақырыптары бойынша орындалды. Авторлар Миссиссипи университетінің (АҚШ) Ш. Хан, Б. Теквани және М. Джакоб сынды ғалымдарына биологиялық белсенділікті зерттеудегі көмектері үшін алғыстарын білдіреді (USDA Agricultural Research Service Specific Cooperative Agreement гранты).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Юдина Т.П., Цыбулько Е.И., Ершова Т.А., Черевач Е.И., Бабин Ю.В. Антиоксидантная и антирадикальная активность сапонинсодержащего сырья, используемого в производстве растительного эмульгатора // Современные наукоемкие технологии. – 2004. – № 2 – Б. 77-78

2. Шретер А.И. Лекарственная флора Советского Дальнего Востока. - М.: Медицина, 1975. – 328 б.
3. Патент KR 2012108512, Юж.Корея. Processing method of Synurus deltooides / Park, Jeong Ja. - № KR 2011-26470; заявл. 24.03.2011; опубл. 5.10.2012. – С.10
4. Патент US 2004/0094170 A1, США. Nicotine free cigarette substitute / Zeong Ghee Zho, Hyun Hwa Cho. - №US 10/298,517; заявл. 19.11.2002; опубл. 20.05.2004. – С. 3.
5. Государственная Фармакопея СССР. Вып. 2. Общие методы анализа. Лекарственное растительное сырье МЗ СССР. 11-е изд. М., 1990. - 400 с.
6. Kikhanova Zh.S., Iskakova Zh.B., Dzhalmakhanbetova R.I., Seilkhanov T.M., Ross S.A., Suleimen E.M. Constituents of

Artemisia austriaca and their biological activity // Chemistry of Natural Compounds. – 2013. – 49 (5) – P. 967-968.
7. Sawant O., Kadam V.J., Ghosh R. *In vitro*

Free Radical Scavenging and Antioxidant Activity of *Adiantum lunulatum* // Journal of Herbal Medicine and Toxicology. - 2009. – No.3(2). - P.39-44.

АУА БАССЕЙІНІНІҢ ЛАСТАНУЫНА ЖЕЛ РЕЖИМІНІҢ ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ

Идришева Ж.К., Жаманбаева М.К.

Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ, Өскемен қаласы, Қазақстан

Қазіргі кезде климаттың ғаламдық өзгерісі негізінен антропогендік қызметтің нәтижесінде атмосферадағы парниктік газдардың концентрациясының артуымен байланыстырады. Антропогенді пайда болған парниктік газдардың эмиссиясының мониторинг жүйесін құру, талдау жүргізу қажеттілігі туындайды. Ал бұл жағдайға қоршаған ортаның ластануына табиғи климаттық және физикалық климаттық жағдайлардың күрделілігі де әсер етеді. Біріншіден, Республика территориясында орналасқан көптеген ірі қалалардың ойпатта орналасуы салдарынан желсіз, тұманның болуы және жердің беттік инверсиясының байқалуы; екіншіден, кейбір елді мекендердің таулы аймақта орналасуы кезінде ауа ағындарының көлденең бағытта табиғи қозғалысына кедергі келтіреді [1].

Сондықтан жұмыстың өзектілігі ауа бассейнінің парниктік газдармен ластану деңгейін бағалау кезінде республиканың Еуразия құрлығындағы орналасуының физикалық географиялық жағдайларды да есепке алу, метеорологиялық жағдайларды, жыл мерзімдеріне байланысты ластағыш заттардың жинақталу ерекшеліктерін ескере отырып, ауа бассейнінің геоэкологиялық жағдайын бағалау үшін және парниктік газдардың мөлшерін азайтудың

тиімді шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Метеорологиялық жағдайдың атмосферадағы қоспалардың таралу жағдайына әсерін бағалау климаттық сипаттамалардағы: ауаның тұнуы, инверсиялардың қайталануы мен тұмандарға байланысты болады. Қазақстандағы көп аймақтар атмосфераның ластану потенциалы өте жоғары, бесінші аймаққа кіреді. Сондықтан, атмосфераға түсетін зиянды заттардың таралуы мен тасымалдануына әсер ететін ең маңызды және негізгі фактор жел режимі болып табылады. Сонымен бірге жел жылдамдығы да ластағыш заттардың таралуы мен тасымалдануына үлкен әсер етеді [2]. Зерттеу нәтижелері бойынша [1, 3], әдетте екі максимум: 0 - 1 м/с және 3 - 6 м/с жылдамдықтарда байқалады. 0 - 1 м/с жел жылдамдығындағы максимум төменгі ластану көздерінен болса, ал 3 - 6 м/с жылдамдықтағы ластану – жоғарғы ластану көздерінен болады.

Республика аймақтарындағы желдің соғу бағыты бойынша мәліметтерді Астана, Семей, Павлодар қалалары бойынша талданды. Климаттық мәліметтер «Погода и климат - Климатический контроль: сайт-[http:// www.pogoda.ru.net](http://www.pogoda.ru.net) сайтынан алынды. 1 кестеде аталған қалалардағы желдің соғысының жылдамдықтары берілген.

Кесте 1 - Қазақстан қалаларындағы жыл көлеміндегі жел соғысының жылдамдығы

Жыл айлары	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Орташа мәні
Астана	3,7	3,9	3,7	3,7	3,5	3,1	2,8	2,8	3,1	3,5	3,7	3,8	3,4
Павлодар	3,1	3,4	3,3	3,7	3,3	3,0	2,7	2,7	2,8	2,9	3,2	3,3	3,1
Семей	2,4	2,3	2,3	2,6	2,5	2,4	2,0	1,9	1,9	2,1	2,4	2,5	2,3

Кесте бойынша байқайтынымыз, Қазақстанның берілген қалаларында желдің соғу жылдамдығы бойынша көрсеткіш Астана, қаласында 3,0-4,0 м/с аралығында болса, Павлодар қаласының мәні 2,0-3,5 м/с, ал Семей қаласында 1,7-2,6 м/с жылдамдығында жел соғады.





Жұмыста жылдың негізгі мерзімдерінде (қаңтар, сәуір, шілде, қазан) Астана, Семей, Павлодар қалалары бойынша жел режимінің бағыттарының қайталануы қарастырылды.

2 кесте мен 1 суретте Астана қаласындағы әртүрлі бағыттағы желдің қайталануы көрсетілген.

1 суреттен байқайтынымыздан, қысқы айларды Астана қаласында оңтүстік және оңтүстік-батыс желдері басым болса, ал күз айлары оңтүстік, оңтүстік-батыс және батыс желдері қайталанатын, көктем айлары оңтүстік-батыс және батыс желдері белсенді болса, ал жаз айларында батыс, солтүстік-шығыс желдері басымырақ болады.

Кесте 2 - Астана қаласында әртүрлі бағыттағы желдің қайталануы

Жел бағыттары	Жыл айлары												
	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	жыл
С	2	3	4	7	9	12	15	13	8	4	4	2	7
СШ	9	14	14	13	12	16	19	17	12	8	9	6	12
Ш	7	7	11	13	11	15	12	12	10	8	8	5	10
ОШ	13	13	12	12	11	9	9	11	12	12	12	13	12
О	29	25	20	14	15	11	9	11	13	20	22	29	18
ОБ	29	26	21	17	17	12	9	11	18	24	26	30	20
Б	9	10	14	17	16	15	15	15	18	18	15	12	15
СБ	2	2	4	7	9	10	12	10	9	6	4	3	6
штиль	7	6	7	6	5	6	7	8	8	6	4	5	6



Сурет 1 – Астана қаласындағы әртүрлі бағыттағы желдің қайталануының диаграммасы

Яғни, Астана қаласы жазық далалы мекенде орналасқандықтан, жел бағыттары жылдың әр мезгілінде әртүрлі бағыттағы

жел соғысы болатындықтан, атмосфералық ауадағы зиянды шығындылар біркелкі таралып, тасымалданады. Тымырсық ауа





пайыздары да өте төмен мөлшерде.

Келесі мәліметтер (3 кесте мен 2 сурет) Павлодар қаласы үшін берілген. Барлық жел соғысының бағыттарының

арасынан оңтүстік, оңтүстік-батыс, батыс бағытындағы желдердің соғу пайызы басқа мерзімдерге қарағанда басымырақ болады.

Кесте 3 - Павлодар қаласында әртүрлі бағыттағы желдің қайталануы

Жел бағыттары	Жыл айлары											
	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
С	3	5	8	11	12	17	21	18	11	7	5	3
СШ	4	6	8	11	8	13	12	11	7	5	5	2
Ш	8	8	8	10	10	10	10	10	9	7	7	6
ОШ	13	11	10	9	7	5	5	5	7	10	11	11
О	27	25	19	12	15	14	12	13	17	20	21	28
ОБ	22	21	15	13	13	10	7	8	13	20	21	22
Б	19	20	25	21	20	15	13	17	21	22	23	22
СБ	4	4	7	13	15	16	20	18	15	9	7	6
штиль	5	4	3	2	4	5	6	6	5	4	3	3



Сурет 2 - Павлодар қаласында әртүрлі бағыттағы желдің қайталануы


Бұл жағдай Павлодар қаласының Қазақстанда солтүстік-шығысқа қарай жазық елді-мекенде орналасқандығымен түсіндіріледі. Яғни, бұл жерде қала орналасқан жердегі рельефке де байланысты өзгерістер болатынын байқауға болады. Тымырсық

ауаның пайыздық мөлшері аса үлкен емес, мөлшермен 4-5 % деп алуға болады.

Келесі қала еліміздің шығысында орналасқан Семей қаласындағы желдің режимі 4 кесте мен 3 суретте берілген.

Кесте 4 - Семей қаласындағы әртүрлі бағыттағы желдің қайталануы

Жел бағыттары	Жыл айлары												
	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	жыл
С	2	2	7	17	18	25	25	27	19	10	5	2	13
СШ	1	2	3	8	8	11	8	9	6	4	2	2	5
Ш	38	33	24	15	13	14	17	13	15	18	24	35	22
ОШ	23	22	18	10	9	6	6	5	7	13	19	21	14
О	13	13	12	10	11	8	7	6	9	15	16	15	11
ОБ	8	10	9	9	10	6	5	6	8	12	11	8	9
Б	12	14	21	19	18	16	16	17	20	18	16	12	16
СБ	3	4	6	12	13	14	16	17	16	10	7	5	10
штиль	23	23	21	21	22	24	27	30	31	28	20	18	24



Сурет 3 - Семей қаласындағы әртүрлі бағыттағы желдің қайталануы

3 суреттен көретініміздей, Семей қаласының жел режимі бойынша қысқы айларда шығыс бағытындағы жел басымырақ болса, көктем айларында жел бағыты батыс, солтүстік бағыттарына ауысады. Ал жаз айларында батыс бағыттағы желдің соғысы бәсеңдеп, жел соғысының солтүстік бағытын батыс бағытына қарай ойысады. Қыс айларында басқа айларға қарағанда шығыс бағыттағы желдің пайыздық мөлшері аса жоғары болады. Ал тымырсық желсіз күндерге келетін болсақ, жаз және күз айларында желдің соғуы төмендейді.

Сонымен, территорияның кеңдігі, солтүстіктен оңтүстік-батысқа дейін ашықтығы, мұхиттардан алыстығы мен радиациялық режимнің жоғары болуы, Қа-

зақстан климатының өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырады және сол климаттың континентальдылығы мен аймақтарға бөлінуімен ерекшелінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Берлянд М.Е. Прогноз и регулирование загрязнения атмосферы. - Ленинград: Гидрометеиздат, 1985. - 272 с.
2. Сонькин Л.Р. Синопто-статистический анализ и краткосрочный прогноз загрязнения атмосферы. – Л., 1991. - 224 с.
3. Безуглая Э.Ю., Берлянд М.Е. Климатические характеристики условий распространения примесей в атмосфере. – Л.: Гидрометеиздат, 1983. - 328 с.

ТАҒАМ САЛАСЫНЫҢ СҮТ ӨНЕРКӘСІБІ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ АҚАБА СУЛАРЫН ТАЗАРТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мырзалиева С.К.¹, Хамзина Ж.Б.²

¹Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы,
Казахстан

²Алматы Технологиялық Университеті, Алматы, Казахстан

Мемлекеттік саясаттың өзекті міндеттерінің біріне халықты азық-түлікпен, қорекпен қамтамасыз ету жатады. Тағам өнімдері өндірісі мен олардың ассортиментіне халықтың өмір сүруінің деңгейі байланысты. Сондықтан да тағам өнеркәсібін елдің халықшаруашылық кешені жүйесіндегі едәуір стратегиялық әлеуметтік маңызы бар салалар қатарына жатқызады.

Сүт өнеркәсіптерінің кәсіпорындарынан шығатын ақаба суларды төрт түрге бөлуге болады: өндірістік, шаруашылық-тұрмыстық, жылжымасулық, жауындық.

Сүт өнеркәсібінің кәсіпорындарына сүтті алу және суыту мақсатындағы сүт-қабылдау орындары; сепараторлық бөлімдер; сүт әртүрлі сүт өнімдеріне (бөтелкедегі сүт, айран, қаймақ, балмұздақ және т.б.) өңделетін қалалық сүт зауыттары; қойылтылған және құрғатылған сүт дайын-

дайтын сүт-консерв зауыттары, ірімшік және май жасау зауыттары жатады [2, 88 б.].

Сүт өнеркәсібінің кәсіпорындарында өндірістік ақаба сулардың екі түрі түзіледі: ластанған және ластанбаған. Ластанған ақаба сулар қондырғыларды, технологиялық құбыр жолдарын, автокөліктік және темір жолдық цистерналарды, флягтарды, әй-нек ыдыстарды, едендерді, өндірістік орындардың панельдерін жуған кезде түзіледі. Ал ластанбаған ақаба сулар сүтті, сүт өнімдерін және қондырғыларды суытқан кезде түзіледі де, айналымды сумен қамтамасыз ету жүйесіне немесе қондырғыларды, ыдыстарды жууға және басқа да мақсаттарға қайта пайдалану үшін бағытталады.

Сүт өнеркәсібінің әртүрлі кәсіпорындарынан шығатын ақаба сулардың сипаттамасы 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының ақаба суларының сипаттамасы

Көрсеткіштер	Зауыттар үшін көрсеткіштер мәні		
	қалалық сүт	құрғақ және қойылтылған	ірімшік жасау
Ластану концентрациясы, мг/л:			
қалқыма заттар	350	350	600
оның ішінде күйдірілген	35	90	80
құрғақ қалдық	1500	1100	3000
оның ішінде күйдірілген	700	500	700
жалпы азот	60	50	90
фосфор	8	7	16
майлар	100-ге дейін	100-ге дейін	100-ге дейін
хлоридтер	150	150	200
Оттегіге химиялық қажеттілік (ОХК), мг О ₂ /л	1400	1200	3000
Оттегіге биологиялық қажеттілік (ОБК _{толық}), мг О ₂ /л	1200	1000	2400

Ақаба сулардың жеке түрлерінің ара қатынасы әрбір сүт зауыттарында әртүрліше қалыптасады, және олардың құрамы да жыл мезгілдеріне қарай ерекшеленеді.

Ластанудың ең көп мөлшері жаз айларында байқалады.

Өндірістік ақаба сулар едәуір ластанған болып табылады. Олар әртүрлі тех-

нологиялық операциялар нәтижесінде және ыдыстар жуу мен өндірістік орындарды жуғанда түзіледі. Олардың ОБҚ₅ бойынша жүктемесі бірқатар факторларға байланысты және үнемді жұмыс істегенде (қосалқы өнімдерді кәрізге тастамаса) 1 м³ -қа 500-2000 г О₂ шектерінде болады.

Шаруашылық-тұрмыстық ақаба сулар ақаба сулардың жалпы мөлшерінің көп бөлігін құрайды. Олардың жүктемесі өндірістегі және кәсіпорын территориясында тұратын адамдар санына ғана байланысты, сонымен қатар кәсіпорынның санитарлы және шаруашылық құралдармен қамтамасыз етілуінен, және ОБҚ₅ орта есеппен 1 м³ -қа 400г О₂ құрайды.

Жылуалмасу ақаба сулары шартты түрде таза сулар тобына кіреді. Олар сүт жабдықтарын салқындату кезінде (пастеризатор, суытқыш, ыдыстар), сонымен қатар, суытқыш аппаратураны салқындатқанда түзіледі, және көп жағдайда ластану деңгейі аз болғандықтан, айналымды сулар жинағына жіберіледі. Ол жақтан судың жартысы бөлмелерді жууға, ал қалған жартысы кәрізге төгіледі. Жылу алмасу суларының жүктемесі ОБҚ₅ бойынша 1 м³ -қа 20 г О₂.

Жауындық ақаба сулар ауаның жер

беттік қабаттарынан шаң, газ, отынның толық жанбаған өнімдерін жинап өтетін атмосфералық жауын-шашындардан түзіледі. Олардың жүктемесі кәсіпорын территориясының күйі, шатыр жабыны, дөңгелекті транспорт түрі және оның қарқындылығы, ауаның ластану деңгейі, жауынның қарқындылығы мен ұзақтығына тікелей байланысты. ОБҚ₅ бойынша жүктеме 1 м³ -қа 30-100г О₂ арасында.

Кәріздік желі жүйесіне байланысты ақаба сулар суқоймаларға бір жалпы коллектор бойынша немесе бірнеше коллектор бойынша жіберледі. Бір жалпы ақаба су кәрізі кезінде өндірістік, шаруашылық-тұрмыстық, жауындық және жылу алмасу ақаба сулары бір кәріздік су таратқышқа түседі де жақын суқоймаға бағытталады. Жеке кәріздер кезінде өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық сулар бірге төгіледі, ал жауындық кәрізге жылу алмасу суы да төгіледі.

Сүт өнеркәсібінің өндірістік ақаба сулары органикалық ластаушысы бар ағындар тобына жатады. Бұл ағындардың ластануы негізінен сулы ерітінді, коллоидтық суспензия түріндегі органикалық заттардан құралған (2-кесте).

Кесте 2 – Сүт өнеркәсібінің ақаба суларының құрамы

Құрамы, мг/дм ³	Кәсіпорынның түрі		
	Қалалық сүт өңдеу зауыты	Қойылтылған және құрғақ сүт зауыты	Ірімшік жасау кәсіпорны
рН	6,5-8,5	6,8-7,4	6,2-7,0
Қалқыма заттар	350	350	600
Азот жалпы	60	50	90
Фосфор	8	7	16
Майлар	До 100	До 100	До 100
Хлоридтер	150	150	200
ОБК _{толық}	1200	1000	2400

Жаңадан шыққан өндірістік ағындар ақ немесе сарғыш түске ие. Олардың реакциясы сілтілі. Ақаба сулар құрамында ақуызды заттар, майлар мен көмірсулар болатындықтан, олар шіру мен ашу процестеріне тез ұшырайды. Сүт қантының сүт қышқылына ашу уақыты келеді, бұл казеиннің және басқа да протеиндік заттардың тұнуына алып келеді. Соңғыларының шіруі өте нашар иісті тудырады. Бұл кез-

дегі ақаба судың рН деңгейі 4,5-ке түседі. Суқоймалар үшін ең қауіпті болып казеин, қатты сырлар және ірімшік өндірісі кезінде тасталынатын ақаба сулар табылады [1, 135 б].

Сүт зауыттарының өндірістік ақаба сулары жоғарыда аталған ластаушылардан басқа ыдыстар, аппаратура мен едендер жууға пайдаланылатын химиялық қосылыстарды құрайды (детергенттер).

Сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының ақаба суларын алдын-ала тазартпай суқоймаларға төккенде суқойма суына зиянды әсерін тигізеді. Ақаба су құрамындағы органикалық заттардың биохимиялық тотығуы нәтижесінде суқоймалардың оттегісі көп мөлшерде сіңіріледі де суқойма флорасы мен фаунасы жойылады.

Сүт өнеркәсібінің кәсіпорындарында кәріз жолы желісінің екі жеке құрылғыларын жоспарлайды: өндірістік ластанған және тұрмыстық ағындар үшін және ластанбаған және жауындық ақаба сулар үшін.

Ластанған ақаба сулар тұрғын орындардың және басқа да өнеркәсіптік кәсіпорындардың тұрмыстық ақаба суларымен бірге тазаланады. Жеке тазарту процесі тек қана техникалық мүмкіндік жоқ жағдайда немесе ағындарды ортақ кәріз жолына жіберу экономикалық тиімді жағдайда ғана жүргізіледі.

Кәсіпорын территориясына ақаба суларды кәріз жолына жіберместен бұрын келесі қондырғылар орнатады: автокөліктерді жуу алаңдарында бензин және май ұстағышы бар кір тұндырғыштар; мазут шаруашылығы жанына мазут ұстағыштар [3, 134 б].

Сүт өнеркәсібінің ақаба суларын механикалық тазарту үшін торлар, құм ұстағыштар, май ұстағыштар, табиғи аэрациялық жарықтандырғыштар, жарықтандырғыш - шіріткіштер, тік тұндырғыштар


қолданылады.


Құм ұстағыштарды биологиялық тазарту станциясы құрамында ақаба су шығыны $100 \text{ м}^3/\text{тәулігіне}$ болған кезде орнатады. Құм ұстағыштың ұстайтын тұнба мөлшері оның ылғалдылығы 60%, ал күлділігі 40% болған кезде 1 м^3 ақаба суға 0,2 л құрайды.

Май ұстағыштарды жоғары майлы өнім шығаратын (май, қаймақ, кілегей) цехтар мен зауыттарда орналастырады, майдың ақаба судағы концентрациясы 100 мг/л көп болуы шарт.

Көлденең типті май ұстағыштарды сүт зауыттарының ақаба сулары үшін қолдану тиімді емес, себебі олармен майдың деңгейінің төмендеуі бар-жоғы 30-35% құрайды.

Қарастырылып отырған ақаба суларды майлар мен қалқыма заттардан тазарту үшін реактивті су орналастырғышы бар май ұстағыш аппарат құрастырылған. Ол май массасын автоматты түрде жинап алады (1-сурет). Бұл қондырғыда ақаба сулар кіре берісінде біркелкі таралатындығынан және сұйықтықтың табиғи аэрациясы есебінен тұндырудың бірдей уақытында тазарту әсерлілігі көлденең май ұстағыштармен салыстырғанда 20-25%-ға жоғары және 50-70% құрайды. Мұндай май ұстағыштар биологиялық тазарту станциялары құрамында бірінші реттік тұндырғыштар орнына қолданылуына болады.





Сурет 1 – Реактивті суорналастырғышы бар майұстағыш сызбасы

1 – корпус; 2 – орталық камера; 3 – тазартылған суды шығару; 4 – май айдау; 5 – периферийлі ұяшық; 6 – патрубкарлар; 7 – ақаба су жіберетін құбыр жолы; 8 – айналатын реактивті суорналастырғыш; 9 – тазартылған суды жинақтағыш ұяшық; 10 – май массасы ұяшығы; 11 – ил құбыры; 12 – май массасын жою құбыры; 13 – тұнбалық бөлім; 14 – сакиналы су төгу

Жоғары концентрациялы ағындарды тазартудың қазіргі таңда қолданылатын әдістері мен технологиялары жетілдірілмеген, бір қатар жағдайда осы үдерісте түзілетін барлық қосалқы өнімдерді пайдаға асыру және тазалаудың қажетті дәрежесін қамтамасыз ете алмайды. Қолданыстағы шешімдер қашанда энергетикалық тиімді және экономикалық негізделген болуы мүмкін емес. Бір мәселені шеше отырып, одан да күрделі басқа мәселеге айналырда. Сонымен, тағам өнеркәсібінің ақаба суларын тазартуда экологиялық мәселелер ары қарай зерттеулер мен дамытуды

қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Анцыпович Н.С. Охрана природы на предприятиях мясной и молочной промышленности. – М: Агропромиздат, 1986. – 286 б
2. Лоренц В.И. Очистка сточных вод предприятий пищевой промышленности. Киев, 1972.
3. Воронов Ю.В. Водоотведение и очистка сточных вод / Учебное издание: - М.: Издательство Ассоциации строительных вузов, 2009.

БАЛҚАШ КӨЛІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Сұлтанғазиева Г.С., Джакупова И.Б., Абдыкаримова А.П.

Алматы техникалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тақырыптын өзектілігі. Іле –Балқаш аумағының Қазақстандағы жалпы көлемі 353 км². Балқаш көлінің оңтүстік жалғауы, Алматы облысына іргелес жатыр, жалпы көлемі 223,6 мың. км². Оңтүстік Балқаш жері - Қазақстан ауылшаруашылығының ең үлкен аймағын құрайды[1, с. 20].

Балқаш көлінің аумағы, гидрологтардың мәліметтері бойынша Алматы облысы маңында 11,9 млрд.м³ су көзі бар, оның жер беті суның көлемі 23%. Оңтүстік

Балқаш аумағының бөлігі шөлді дала, жоғарғы бөлігі дала аймаққа кіреді.

Іле өзеннің дельтасының қоры азайды, құрғап және топырақтың гидроморфты дельты жойылып, шөптесін өсімдіктер жойылып, галофиттер топырақ-мелиоративтік жағдай қазіргі дельты екі факторға байланысты гидрологиялық уақыт: дельталық ағын судың шығыны, жер асты суларының айналық ережесі және үстінгі су тасқынынан, топырақтағы судың тұзды-

лығын тексеру. Топырактану Институтының мәліметтеріне шабынды топырақ тәрізділерді жағдайында су көлемі 1674 м^3 тен - 1528 м^3 дейін.

Жағдайлары өзгерген көптеген учаскілерді сумен қамтамасыз етуде жаңа дельта бойынша жер асты суларының айнасы өзгерген және топырақтың ылғалдылығы азайып кеткен және өсімдік құрамы өзгерген.

Балқаш көліне жыл бойына Іле өзені арқылы 23 мың жеңіл органикалық заттармен, 8 мың тоннадай минералды азотпен, 5 мың фтормен, 2 мың тонна темірмен, 1,5 мың тонна бормен және минералды тыңайтқыштармен т.б. улы заттармен ластанады.

Топырактану институтының мәліметі бойынша тік бағыттағы топырақ белдеулігі мынадай ретпен көрсетілген:

1. Далалық қыратты, қара топырақты қамтиды.

2. Шөлді дала қыраты қара-қоңыр күңгіртті, топырақты аймағы ашық қара-қоңыр және кәдімгі боз топырақ.

3. Шөлді жерде ашық боз топырақ, сұр қоңыр және құмды топырақ.

Қара топырақ орналасқан төменгі террасы түрлі таулы қырат. Топырақ құраушы түрлері жыныстар, карбонатты құмбалшықтан құралады. Беткі қабатының қарашірігі шамамен 6,5-9,5% теңеледі, қарашіріктің қалыңдығы 60-80 см. құрайды. Топырақ түйіршіктері суға шыдамды ірі агрегатты (1м) 65-75% дейін. Топырағы қоректі элементтерге бай. Топырағы агрономиялық жағынан тиімді жыртуға жарамды топырақтар[2, с. 17].

Таулы қыраттардың төменгі жағында қара-қоңыр топырақтар таралған. Олар құмбалшықты жерлерде таралған. Қарашірінді жиегі қалыңдығы 35-45 см құрайды, құрамында қарашірінді 3-тен - 4,5% дейін. Агрегатты суға берік 50-55%-дан көтерілмейді. Өзінің агрономиялық көрсеткіштерімен қара- қоңыр топырақты салыстырғанда қара-қоңыр күңгірт аз ғана гумусты, жеңіл механикалық құрылымды. Қарашіріктің жиегі қалыңдығы 28-32 см аспайды, топырақ құрамында қарашірінді 21-ден 2,8% дейін, суға төзімділігі 40-50% аспайды.

Құмбалшықты жерлердің кескінінде боз топырақтың (типтік) топырағы толық

дамыған. Қарашірінді жиегі қалыңдығы шамамен 26-28 см, құрамындағы қарашірінді 1,6-дан 1,9% дейін. Олар жыртуға жарамды топырақтар.

Таулы қыраттардың төменгі бөлігіндегі жазықтар мен шөлді дала аймағында боз топырақты, құмбалшық та дамыған. Олар аз гумусты. Құрамындағы қарашірінді 0,8 -1,4% шамада. жоқ. Алматы облысында ашық сұр топырақтар негізгі топырақтар суғарылатын жерлердің жалпы көлемі 3779,1 мың.га. құрайды.

Шөл-шөлейтті аймақты шабынды далалық қоңыр топырақтар кең тараған, шабынды топырақтар жер асты суларына жақын жатқандықтан (1 ден 2,5 -3,0 м) олар тұзды болады. Гидроморфты топырақта қарашірінді жиегі қалыңдығы – 45 – 50 см дейін тараған, қарашірінді 4%- ын құрайды. Тұзсыз топырақтар жыртуға жақсы болады. Жалпы көлемі 399,5 мың.га құрайды.

Төгілген қатты қиыршық тастардан құралған сұр қоңыр топырақ. Оларда қарашірінді аз, гипсты, карбонатты. Құрамында қарашірінді 0,3-0,5% артпайды. Сұр қоңыр топырақтар құнарлығы аз жайылымды көрсетеді, суғарылатын шабындықта пайдалануға болады. Жалпы сұр қоңыр топырақ көлемі 350 мың.га.

Тегіс жерде орналасқан түрлі тақырлар, құрамында қарашірінді 0,5 – 1,0% көтермелейді. Тақырлардың түрлеріне қарай тұздылығы әр түрлі. Мелиоративтік жұмысты жүргізу үшін өсіру түрін пайдалану керек. Осы топырақтардың көлемі 1575,2 мың. га. құрайды.

Оңтүстік Балқаштың биоклиматтық жағдайында ресурстық қорлар және топырақ ресурстардың құрылуы маңызды ауылшаруашылық аймақты ел болуына әсер етті. Республиканың жалпы көлемінің 30% дейін құрайды жалпы алғанда, 50% қант қызылшасы, 90% дейін темекі және т.б. 4% өнімді мал шаруашылығына беріп отыр. Оңтүстік Балқаш жерінде орналасқан: Қаратал, Ақдала күріш массиві, су ресурстарын негізгі тұтынушылар. Қазіргі уақытта барлық табиғи кешенді аймақ Балқаш көлінде және көлдің өзі кәзіргі кезде антропогендік салмақ көбейген. Қапшағай суқоймасы іске қосылғаннан бері Балқаш көлінің суы азая бастайды, Балқаштың батысында минералды сулар көбейді.

Минералдық су негізгі бастауында, Іле өзеннің, Қапшағай су қоймасының толғанынан кейін, Іле өзенінде су минералдары 0,42 г/л көбейеді де, ал қарсы бағытта аз минералды 0,27 г/л және 0,38 г/л суы жылы. Осыған байланысты Балқаш көлінің тұздылығы өсіп кетті 25-30 %. Осыдан кейін Іле өзенінің де сапасы да өзгерді 1,5-2,0 ретке азайды тұрақтылығы гидрокарбонатты ионның, кальцийдің, сульфаттың да көлемі және иондық натрий кәсінінше көбейді.

Мысалы, жоғары бөлігі дельта, өзендер Іле-Топар жиналған ылғалдылығы метрлік қабаты азайған 3622 м³/га ден. Су тасқыны болмағандықтан гидроморфтық топырақтардың кебу процессі көбейді және күткеніміздей топырақтың бетіне тұз жиналуда. Топырақтану Институтының мәліметтеріне байланысты топырақтардағы жалпы тұздың көлемі 714 млн.тонн.

Балқаш көлінің жаңа дельтаның үлкен ролін экологияға жақсылығын айту керек. Қамыс, қоға, суда жүретін өсімдіктер табиғи сүзгі болады, әр түрлі техногендік ластанудан тазалайды. Іле өзенін және Балқаш көлінде ластанудан қорғайды. Мысалға, Іле өзенінің суының құрамындағы нитраттық түрдегі азоттың Қапшағайдан шыққан өзенге дейін 2- 4 ретке азайды [3, с. 23].

Ақдала күріш массивінде кәзіргі кезде қожалық және фермерлік шаруашылық тиімді шабындық жерлерде пайдаланады күріш егуге қымбат инженерлік құралдарды пайдаланады, күрішті тазалайтын технологияны пайдаланады. Далада сабандармен және бұталар агротехникалық және мелиоративтік жобаларға келмей қалған тыңайған шабындық жерлер. Осының өзінде де жеңіл технологиялық процесс жасау, жер шаруашылығына шығу. Осыған қарап тұздылығын шығару, топырақтанды, өз кезегімен минералдарды көбейту дренажды шығарылған су. Тағы да бар қиыншылығы жиналған суларды үлкен қалаларда пайдалану [4, с. 9].

Мысалға келтіруге болады, Оң жақтағы Сорбұлақ каналы қауіптіліктен енді күнделіктегі айналып кетті. 1995 жылы Іле өзеніне құйылды 80 млн.м³, ал 1996 жылы 55 млн.м³ жиналған су. Осы жиналған жағдайда Балқаш көлінің аймағы негізгі

бірінші қиын жағдайдағы табиғатының жақсаруына қойылған сұрақ Іле-Балқаш аймағы – тиімді қойылатын сұрақ және суды қорғау және топырақ ресурс-тарын, экологиялық қиыншылықтарын ше-шуі. Күрішті өсіруде пайдаланылатын топырақты гидрологиялық уақытта және ғылыми талдауларды массивті өсірудегі суға толтырудағы, судың көп кетуін қысқартуда күрішті өсіргенде. Осы бағытта негізгі ауылшаруашылығын дамытудағы Іле-Балқаш аймағында кешенді экологиялық, шаруашылық, технологиялық және мелиоративтік жұмыстар ұйымдастыру.

Қорытынды. Осыған байланысты Топырақтану Институтының бірнеше ғылыми шығарған кешенді бағдарламаларында Іле – Балқаш аймағының қиыншылығын шешуде.

Топырақ процессін терең тексергенде, Топырақтану Институтының ғалымдары экологиялық таза су, жарық ресурстарын қорғайтын "Жаңа технология пайдаланылады қатты тұздалған, күнделген және саңылаулық топырақтар күріш егуге алғашқы топырақты тазаламай-ақ өнім бірінші жылы өндіргенде", қысқартылып "ЖТПЖ", дүние жүзілік маңызы бар. Тәуелді дәрежесі және химиялық тұздылығы топырақтың және оның түрі жасалатын мәдениеттік технологиясы бірнеше модификациясы бар (НПОЗ-1, НПОЗ-2, НПОЗ-3). Іле өзенің сағасында Ақдала массивінде және барлық күріш шаруашылығына кіргізілген технология Балқаш ауданы Алматы облысында совхоздар тарағанға дейін кеңінен пайдаланылған. Сырдария және Амудария өзендерінің сағасында күріш плантациясында тексеруден өткен.

Балқаш ауданы Басқару суару жүйесінің мәліметтері бойынша Ақдала массивін игеру кезінде жалпы жиналған су Іле өзенінен (1982) өсіретін жердің көлемінен 29 мың. га құрады, 1126,6 млн.м³ қайтарылмайтын судың көлемі, жалпы жиналған судың көлемі 929,6 млн.м³ немесе 34,4 % - ға жетті.

1992 жылдың мәліметтері бойынша жаңа технологияны нәтижесін енгізу күрішті Топырақтану Институтының шығарумен. Жалпы су жинау Іле өзенінен қысқарды 885 млн.м³. Күріштің өсімділігі

46000 м³/га дан 27000 м³/га қысқарды. Өсіретін суды үнемдеу Ақдала күріш массивінде 241,6 млн.м³ құрайды. Қайтарылмайтын суды пайдалану екі есеге қысқарады және 16,8 мың. м³/га құрайды, ал 1992 жылы керісінше 32,2 мың. м³/га құрады. Жаңа технологияны енгізу нәтижесінде тұзды топырақты өңдеу суғаратын судың шығыны 42% қысқартылады, дренажды ағыны 37% азайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Республиканский научно - производственный информационный центр «Казэкология». «Экологическая программа функционирования Балхашского горно-металлургического комбината». - Алматы, 2000.
2. Национальная академия Республики Казахстан. Институт гидрогеологии и гидрофизики имени У.М. Ахмедсафинна. «Вопросы изучения водных ресурсов Центральной Азии». – Алматы, 1993.
3. Львович А.И. Защита вод от загрязнения. / Под ред. канд. биол. наук М.М. Теллитченко. – Л.: «Гидрометеиздат», 1977.
4. Главное управление по гидрометеорологии при Кабинете Министров Республики Казахстан. Казахский научно - исследовательский гидрометеорологический институт. «Актуальные проблемы гидрометеорологии озера Балхаш и Прибалхашья». Под ред. канд. геогр. наук И.И. Сконелиса. – СПб.: «Гидрометиздат», 1995.

ФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ПАРАМЕТРЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ УСТОЙЧИВОСТИ ПШЕНИЦ ДВУРУЧЕК

Тажибаева Т.Л.¹, Масимгазиева А.С.², Абугалиева А.И.²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Казахский научно-исследовательский институт земледелия и растениеводства,
п. Алмалыбак, Алматинская область, Казахстан

